

**Сергей Дуванов**

An illustration of a mechanical device, possibly a pump or sprayer, mounted on a large black wheel. The device is orange and yellow, with a long vertical tube and a handle. It is positioned on a grey surface, with a green field in the background. The text is overlaid on the bottom half of the image.

**КӨГАЛДЫ  
БАСУҒА  
БОЛАДЫ!**

Сергей Дуванов

# **КӨГАЛДЫ БАСУҒА БОЛАДЫ!**

Алматы  
2022 жыл

# МАЗМҰНЫ

Автор туралы.....	4
Алғысөз.....	6
Кіріспе.....	7
I тарау. Еріксіздіктен адам болу құқығына дейін.....	13
II тарау. Қадір-қасиетке көзқарас.....	18
III тарау. Әртүрлі құқықтар — түрлі проблемалар.....	23
IV тарау. Совет үкіметінің мұрасы.....	31
V тарау. Құқықтық қайшылықтар.....	36
VI тарау. Адам құқықтары мен билік.....	54
VII тарау. Сананың өзгеруі.....	63
VIII тарау. Тойды басқаруға кім кедергі?.....	73
IX тарау. Адам құқығына кім қарсы?.....	88
X тарау. Барлығы бақылануда.....	92
XI тарау. Мәселеге басқа қырынан қарау.....	104
XII тарау. Келіспеу құқығы.....	121
XIII тарау. Шеруге сұраныс.....	134
XIV тарау. Революция дегеніміз не?.....	143
XV тарау. Үкіметпен келіспеу құқығы.....	153
XVI тарау. Революцияны кімдер жасайды?.....	168
XVII тарау. Адасу құқығы.....	182
XVIII тарау. Күрестің сыртында.....	187
XIX тарау. Не істеу керек?.....	196



## **Дуванов Сергей Владимирович**

**қазақ журналисті,  
публицист, адам құқығын  
қорғаушы**

Мамандығы бойынша тарихшы. 1980 жылдары кеңестік телевизияға жаңа келген маман бола жүріп, түрлі азаматтық қозғалыстар мен бірлестіктер ұйымдастырды. Сол себепті бірнеше рет жұмыстан босатылып, әскер қатарына жіберілді.

«Макс» радиосындағы «Ашық аймақ» тәуелсіз саяси бағдарламасының авторы. Политон тәуелсіз ақпараттық-сараптамалық агенттігінің және оппозициялық «451 по Фаренгейту» газетінің басшысы.

Ол 2002 жылы саясаттанушы Нұрболат Масановпен бірге «Политон» пікірталас клубын құрды, кейін бұл клуб танымал либерал-демократиялық алаңға айналған.

Үш жүзден астам мақаланың авторы, оның ішінде «Қазақгейт» жемқорлық дауына қатысты мақаласы ерекше көзге түсті. 2002 жылы «Қозылардың үнсіздігі» сериясындағы мақалаларының бірі сол кездегі президент Н. Назарбаевтың ар-намысы мен қадір-қасиетіне нұқсан келтірді деп танылып Сергей Дувановқа қарсы қылмыстық іс қозғалды. Осы жылдың тамыз айында Дуванов Қазақстандағы адам құқықтарының бұзылуы мәселесі бойынша сөз сөйлейді деп күтілген Варшаваға сапары қарсаңында үйінің кіреберісінде белгісіз біреулер оны қатты соққыға жыққан. Бұл оқиға ел ішінде



қызу талқыланып, президент Н. Назарбаев шабуылды арандатушылық деп атады.

Сергей Дуванов Адам құқықтары жөніндегі Халықаралық лиганың марапатын, сондай-ақ журналистика саласындағы Лоренцо Натали сыйлығын иеленген.

Қазіргі уақытта «Қазақстандағы және әлемдегі адам құқығы» Адам құқықтары және заңдылықты сақтау жөніндегі Қазақстан халықаралық бюросының бюллетенінде редактор болып жұмыс істейді, мақалалар жазады, «Политон» онлайн клубын жүргізеді.

## АЛҒЫСӨЗ

Қолыңыздағы бұл кітап адам құқықтары туралы.

Бұл кітап азаматтық ұстанымы бар, Қазақстанда болып жатқан оқиғаларға өзінің қатысы барын түсінетін, азаматтардың құқықтары мен бостандықтарына қатысты дүниелерді барынша білгісі келетін адамдарға арналған.

Бұл кітап адам құқықтарына қатысты билік пен қоғамның өзара байланысы жөніндегі жеке көзқарастан құралған. Сонымен қатар кітапта қоғамдағы проблемаларға публицист ретінде және қоғамдағы процестерге тікелей араласқан азамат ретінде баға берілген. Алайда берілген бағалар сонымен қатар объективті және салмақты түрде берілді деуге кейде келмейтін де шығар.

Кітап либералды-демократиялық ұстанымның табанды жақтаушысы, қолдаушысының жеке көзқарасы тұрғысынан жазылған. Қазақстандағы соңғы 25 жыл бойы болған оқиғалардың сараптамалары, түрлі жағдайларға қатысты берілген саяси баға, сонымен қатар көптеген оқиғалардың тікелей бақылаушысы ретінде жасаған түйінді пікірлер осы кітапта топтастырылған. Сонымен қатар бұл кітапта өзінің демократиялық құқығы мен бостандығын қорғауды ойлаған немесе қорғағысы келетіндер үшін бірқатар сұрақтардың жауаптары да бар.

# КІРІСПЕ

Біз Қазақстанда неге ел қатарлы өмір сүрмейміз деп бір сәт ойланып көрдіңіз бе? Неліктен еуропалық, американдықтар немесе жапондықтармен салыстырғанда біз кедейміз, елімізде қауіп-қатер басым? Өзге елдермен салыстырып қарайтындар Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық жағдайы африкалық елдердің деңгейімен бірдей дейді. Ал демократияның сақталуы мен адам құқықтарының қорғалуы жағынан тіпті олардан да нашар деген пікірлер бар. Бұл қалай қалай болғаны? Басты мәселе неде?

Біздің елде де өркениетті елдердегідей шаруалар жасалып жатқандай көрінеді, бірақ нәтиже басқа. Өзге елдердегі сияқты жолдарды салып жатырмыз, сол жолдармен біз де шетелдік көліктермен жүргенімізбен әлгі жолдарымызда бір-екі жыл өтпей ойық-шұңқырлар пайда болып, көліктеріміз жиі бұзылады.

Бізде де көрікті қалалар бой көтеріп жатыр. Бірақ біздің қалаларымыздың көшелесін алғашқы нөсерде-ақ сел басып, бір қар жауғанда кәдімгідей топалаң болып кетеді.

Еліміз ең тәтті алма, алмұртымен аты шыққан еді. Біздің ауа райымыз көкөністің кез келген түрін өсіруге мүмкіндік береді. Алайда біз жемісті де, көкөністі де шетелден тасимыз.

Еуропа елдерімен салыстырғанда, бізде полицейлер өте көп. Полицейлеріміз қаланың әр көше қиылысында, қаражолдарда, тіпті кез келген бұрышта тұратынына қарамастан, тәртіптік құқық бұзушылық көбеймесе, азаймауда. Полицейдің көптігіне қарамастан, есесіне қылмыскерлер, ұрылар, жемқорлар бізде өзін жайлы сезінеді.

Біз әрқашан президент, парламент сайлауларын өткізгенімен бізде таңдау жоқ. Бір ғана кандидат бар, ол — қазіргі президент. Парламент сайлауын өткізсек те, әрқашан ол жерге билікті жақтайтын, билікті қолдайтындар ғана өтеді.

Қазақстандықтар да еуропалықтар сияқты Адам құқықтарының жалпыға бірдей декларациясында көрсетілген бүкіл адам құқықтарын қорғау мүмкіндігіне ие. Алайда бұл құқықтарды кез келген азамат толықтай пайдалана алмайды, кейбірінің құқықтары тіпті шектеулі.

Бізде діни сенім бостандығы құқығы бар. Алайда өз діни ғұрыптарын сақтау үшін азаматтарға көптеген бюрократиялық процедуралардан өтуіне тура келеді. Олай етпеген жағдайда Құдайыңыз да, сіз де әкімшілік жаза шылбырындағы заң бұзушылық шеңберіне түсесіз.

Заң алдында бәріміз тең екені Ата заңымызда жазылған. Өкінішке қарай, полиция, сот, прокуратура бай мен кедейдің, танымал тұлға мен қарапайым адамның, басшы мен қосшының істеріне әралуан қарайды. Көп жағдайда күші мығым тараптың жазасы кесілмей, қылмысы бүркемеленіп, болмаса мейлінше жеңіл жазаға кесілсе, әлсіз топ адамдарын ақтап алатын үкімдер мүлде шығарылмайды.

Жемқорлықпен күрес әрқашан, сәт сайын жүріп жатқанына қарамастан, сол жемқорлық біздің эконо-




микамызды, жанымызды, тәнімізді жегідей жеп барды. Ал жемқорлықпен күрес деп ұрандатқандардың өзі нағыз жемқордың өзі болып шығады.

Мұның барлығы адам құқығының, бостандығының шектелуінен және басқаша ойлайтын азаматтар мен оппозицияның тұншықтырылғаннан... Біз әлеуметтік-саяси өмірде тыйым салу басты құралы болған авторитарлы елде тұрып жатырмыз.

Біз өмірінің негізі тыйымға құрылған КСРО-дан шықтық. Бүкіл өміріміз түрлі тыйымдардан тұратын. Әрине, сондай тыйымдары мол заманда туып, өскен ұрпақ үшін ол тыйымдар күнделікті өмір салтына айналғаны соншалықты, тыйымдардың сорақы түрлерінің өзі дұрыс сияқты қабылданып, қажетті нәрсе ретінде қабылдайтын. Мұны бұрынғы идеология қажет ететін.

Алып елдің бүкіл көгалында «Көгальмен жүруге болмайды!» деген тақтай ілініп тұратын. Осы жазу сол кездегі қоғамдық-саяси құрылымының нағыз көрсеткіші еді. Өзіңіз ойлап қараңыз, адамдар жүруге, отыруға, аунап жатуға, демалуға тиіс көгал — нағыз тыйым салынған аймақ болды! Осынау тыйымның өзі сұрықсыз әлеуметтік-саяси қоғамның азаматтарына салған тыйымының сорақысы болды. КСРО заманында сауатты ойлау жағынан проблема бар еді, сол себепті де басқа құқықтарға салынғаны сияқты көгалмен жүруге де тыйым салынды.

Қазіргі қазақстандықтарға салынатын тыйымдар мен шектеулер де осы заманның ескі қалдықтарынан. Қазіргі Қазақстанда шөпті көгалда адамдар еркін серуендей алғанымен, адам құқықтары, еркіндікке қатысты мәселелерде әлі де үлкен проблемалар жеткілікті. Төменде осы проблемаларды жан-жақты сөз етеміз.



Бұл кітапта біз адам құқықтарының қарсыластары жасаған кейбір шектеулер мен тыйымдардың миға қонбайтын және тіпті жабайы тұстарын қарастырамыз. Сондай-ақ, біз кез-келген тыйымдардың өте қауіпті екеніне көз жеткіземіз, өйткені олар қарсылыққа, зорлық-зомбылыққа және төңкерістерге әкеледі. Бірақ «көгалдарға» дұрыс күтім жасау және «көгалдарда» конституциялық құқығын жүзеге асыра отырып, олармен бейбіт жүру дәстүрін тәрбиелеу — бұл әлеуметтік үйлесімділік пен саяси тұрақтылыққа апаратын жол.

Демек, осы кітапта шешуге тырысатын негізгі міндет — адам құқықтары туралы түсінікті қағазда жазылған тұжырымдамалардан емес, азаматтың қозқарасы арқылы, азаматтық, жалпыадамзаттық тұрғыдан қарау әрекеті болып табылады.

Сонымен қатар, оқырмандарға «көгалды басу» олардың ажырамас құқығы ғана емес, көбінесе тікелей міндеті екенін түсіндіру маңызды, өйткені егер сіз көгалдармен жүрмесеңіз және оларға күтім жасамасаңыз, олар арамшөптерге толып, тікелей міндеті мен тартымдылығын жоғалтады.

Біздің өмір сүруімізде алдын-ала айқындық жоқ екенін түсіну өте маңызды — бұл өзімізге, басқаларға, билікке және өз елімізге азаматтық тұрғыдан қарауға қабілетсіздігіміздің туындысы. Бұл біздің тағдырымыз емес, оны өзгерте алмағанымыздың жемісі. Мұнымен күш салып айналысуымыз керек. Мұндай жұмыс өз елінің азаматы болған адамдар үшін қиын емес және бұл жұмыс өз құқықтары мен бостандықтарын алға жылжытудан және қорғаудан тұрады.

Сондықтан әңгіме «көгалдармен жүру» құқығы туралы және бізден бұл құқықты ешкім тарып ала алмайтындығы туралы болады. Әрине, егер біз оны өзіміз қаламасақ.

Бірақ бұл бөлек тақырып, ол кітап шеңберінен тыс қалады және мен оны төменде не күтіп тұрғанын оқығаннан кейін оқырманды өз ой-пікірімен оңашада қалдырамын.



## I тарау

# ЕРІКСІЗДІКТЕН АДАМ БОЛУ ҚҰҚЫҒЫНА ДЕЙІН

Бәрін басынан бастайық! Менің ойымша, адамзат өркеніетінің тарихы — бұл адам құқықтарының қалыптасу тарихы. Дәстүр бойынша, адам бастапқыда бостандыққа ие болды, содан кейін ол әлеуметтік, экономикалық және саяси жағдайлардың тұтқыны болды, бұл оны ресми және іс жүзінде бәріне тәуелді етті деп есептеледі. Олар табиғаттан қоғамға өтіп, адам бостандығынан айырылды дейді. Алайда, бұл мүлдем дұрыс емес.

Шын мәнінде, адам бастапқыда *homo sapiens* мәртебесінде өзінің алғашқы күнінен бастап ешқандай құқықтар мен бостандықтарға ие болмады, керісінше сыртқы жағдайларға толығымен тәуелді болды. Оның өміріне ешқандай кепілдік болған жоқ, оны кез-келген жыртқыш немесе басқа адам оңай өмірінен айыра алды.

Адамдар табиғи апаттарға, ауа райына, егіннің жетіспеушілігіне, көшбасшылардың ашкөздігі мен амбицияларына, агрессивті көршілерге және т. б. толығымен тәуелді болды. Үздіксіз тәуелділік. Мемлекеттің пайда болуымен жағдай өзгерді. Мемлекет сыртқы қауіптерден және ішінара табиғат факторларынан

қорғауды қамтамасыз етті. Өмір мен жеке бас бостандық қауіпсіздігінің белгілі кепілдіктері пайда болды, бұл жекеменшік, жұмыс, тұрғын үй және отбасы құқығын қамтамасыз етті. Алайда, сонымен бірге мемлекет азаматтарға өзіне қатысты көптеген міндеттемелер жүктеді. Қауіпсіздік кепілдіктері мен қорғаныс үшін не салық төлеу, не әскерде қызмет ету, не мемлекеттік баждарды төлеу қажет болды. Сонымен қатар, қоғамда әлеуметтік және экономикалық теңсіздік күшейді. Қоғам таптарға, ұлттарға, касталарға, конфессияларға жіктелді. Бұл әлеуметтік теңсіздік мәселесін тудырды, ол соңғы 5 мың жылда адамдардың өз құқықтары үшін үнемі күресінің негізгі себебі болды.

Біздің дәуірімізге дейінгі I ғасырда Спартактың басшылығымен құлдардың көтерілісі бостандық пен өмір сүру құқығын қалпына келтіруге ұмтылысы болған жоқ па? Франция тарихындағы Жакерия атты ең ірі шаруа антифеодалды көтерілісі (1358), француз шаруаларының жеке меншік құқығын қорғауға әрекеті де өмір салтын қалпына келтіру, меншік үшін күрес емес пе?

XV ғасырдың басында Жанна д'Арк бастаған көтеріліс француздардың өздерінің ұлттық тағдырын анықтау құқығын жүзеге асыруына түрткі болды.

Католик шіркеуінің үстемдігіне қарсы Чехиядағы табориттік гуситтердің соғыстары ар-ождан бостандығы құқығын қорғаудың жарқын көрінісі болды.

19 ғасырдың басында ағылшын луддиттері жұмыс істеу құқығынан айырылып, өндірістен шығаратын машиналарды бұзып, еңбек ету құқығын қорғады.

Еуропалық Реформация дегеніміз не? Бұл ар-ождан бостандығы құқығы үшін күрес. Бұл әлеуметтік-экономикалық прогреске кедергі келтірмейтін, керісінше,

шығармашылық күштердің босатылуына және жұмысқа деген жаңа көзқарасқа ықпал ететін Құдайға сену құқығын қорғау болды. Өндірісті дамытуға, саудаға және жаңа жерлерді ашуға бағытталған Еуропа еңбекке, жеке меншікке, байлыққа деген көзқарастың түбегейлі өзгеше этикасын қажет етті. Мұның бәрі еңбекқорлықты, қарапайымдылықты, үнемділікті, жинақтауды және өзіне тәуелділікті талап ететін протестантизмге негізделген. Сонымен қатар, протестантизм идеологиялық тұрғыдан ұлттық мемлекеттердің қалыптасуына ықпал етті, демек, ұлттардың өзін-өзі анықтау құқығына ықпалын тигізді. Реформацияның жеңісі Еуропада мемлекеттік егемендік құқығына негізделген жаңа тәртіптің басталуына жол ашты.

XX ғасырда бүкіл әлемде қуатты серпін алған және негізінен осы ғасырдың келбетін анықтаған социалистік және коммунистік қозғалыс қандай болды?

Бұл адам құқықтарын олардың мүмкіндіктеріне, қабілеттеріне және табыстарына емес, коммунистік принциптерге, яғни адам болу фактісі бойынша теңестіру әрекеті болды.

Адамзат тарихына көз жүгіртсек, оның әр кезеңінде біз адамдардың өздері үшін жаңа құқықтарға қол жеткізуге, бұрыннан барларын қорғауға немесе өз құқықтарын қорғауға-басқалар келіспейтін артықшылықтарға негізделген әртүрлі процестерді көреміз. Бұл адамдарды наразылыққа, тәртіпсіздіктерге, көтерілістерге итермеледі, наразылықтар төңкерістерге, соғыстарға, революцияларға әкелді. Империялар құлады, елдер жаулап алынды, қалалар оттың астында қалды, адам қаны төгілді, мұның бәрі өз құқығын бағындыруға, сақтауға немесе қорғауға деген ниетпен жасалды. Бұл кез келген

ережені ешкім қабылдағысы келмейтін заман болды. Бір ғана құқық басым болды — күштілер құқығы. Кім мықты болса, соның айтқаны заң болатын.

Бірақ мықтылардың құқығының бір маңызды кемшілігі бар — кепілдіктердің жоқтығы еді, өйткені мықтыдан да озып шығатын мықтылар болды. Яғни, мықтылардың құқығы құқықтардың толық жетіспеушілігін тудырды, нәтижесінде бәрі олардан шаршады. Заң алдында теңдік, келісімдерді сақтау және басқалардың құқықтарын құрметтеу принципіне негізделген әртүрлі ойын ережелері қажет болды.

Бұл ережелерге қол жеткізу үшін бір тарихи дәуірдің ауысуы қажет болды. Бұл теңдікті рәсімдеу үшін ақсақалдың, князьдің немесе патшаның субъективті шешіміне емес, заңдар мен принциптерді қатаң сақтауға негізделген ерекше әділеттілік керек еді. Осылайша қазіргі заманауи құқық пайда болды, ол өз кезегінде адамның құқықтары мен бостандықтарын қорғаудың маңызды құралына айналды.

Жаңа құқықтарға қол жеткізу процесі жалғасты — адамдар заң алдында теңдік алып, білім алу, еркін жүру және тұрғылықты жерді таңдау құқығын қорғай бастады. Сонымен қатар, ар-ождан бостандығы құқығы үшін күрес басталды. Дін мемлекеттен бөлінді және адамдар тек сенімді таңдап қана қоймай, мүлдем сенбеуге де құқылы болды. Әрі қарай адамдар мемлекетті қол сұғушылықтан, ар-намысы мен қадір-қасиетінен қорғану құқығын мойындауға мәжбүр етті және азаптауды қолдануға және адамның қадір-қасиетін қорлайтын әрекетке тыйым салуға қол жеткізді. Кейбір елдер одан озып, олар қылмыскерлер үшін өлім жазасын алып тастады. Біреу тіпті демалу, білім алу және лайықты өмір сүру құқығына қол жеткізді.



Алайда, бұл да адамдар үшін жеткіліксіз болды. Жеке диктаторлардың билікті басып алу тәжірибесі билікті беру кезіндегі құқықтар мен бостандықтардың өзі мүлдем сенімсіз нәрсе екенін көрсетті.

Билік соншалықты тартымды болғандықтан, оған қолы жеткендер мәңгі билікті ұстап қалғысы келетін. Мұндай жағдайлар бұрын да болған. Сонымен бірге, қолында билігі бар адам көптеген құқықтар мен бостандықтарды, мысалы, мемлекетті нығайту қажеттілігін немесе сыртқы қатерлерге байланысты, алып қоюға болатынын түсінді. Және бұл елеулі проблемалар былайша айтқанда, билікті басып алуға әкелді. Бұған жол бермеу үшін адамдар балама негізде үнемі сайлау өткізіп, билікті басқаруға мүмкіндік беретін ерекше құқықтарға қол жеткізе бастады.

Бұл құқықтар саяси құқық деп аталады. Яғни, саяси құқықтар — бұл ұйымдар мен саяси партияларға бірігу құқығы, билікті міндетті түрде және тұрақты түрде қайта сайлау арқылы мемлекетті басқару құқығы, көпшілік наразылық білдіру (шерулер) құқығы және шексіз сөз бостандығына құқық.

Айтпақшы, азаматтар өз билігіне қанағаттанбаған жағдайда көтеріліске конституциялық құқығы бар екенін дәлелдеген елдер де бар. Осылайша саяси құқықтар қоғам үшін билікті бақылауда ұстауға мүмкіндік беретін құралға айналды. Негізінен бұл — адам құқықтарын шектеудің алдын алып, керісінше адам құқықтарын қорғауды жүзеге асыру үшін де, билікті бақылауда ұстау үшін де азаматтарға арналған мықты құрал болып табылады.

## II тарау

# ҚАДІР-ҚАСИЕТКЕ КӨЗҚАРАС

Нақты адам құқықтарымен танысуды бастамас бұрын, алдымен адам құқықтарының қалай пайда болғанын түсіну керек деп ойлаймын. Адамдардың құқықтар мен бостандықтарға ие болуға деген ұмтылысының негізін түсіну өте маңызды.

Қазіргі ғылымның пайымдауынша адам құқығы АДАМДЫҚ қадір-қасиетінен туындайды деп болжайды. Адам құқығын қалыптастыру — бұл адамның қадір-қасиеті оянған тарихы. Абырой — адамның өзіндік моральдық құндылығы. Ол даралықтың негізінде жатыр. Даралық басқа нәрселермен қатар өзін-өзі бағалау мен өзін-өзі құрметтеу болып табылады. Демек, адамның қадір-қасиеті — бұл адамның айналасындағы әлемді растау мен іске асыруды қажет ететін өзін-өзі бағалауы.

Осылайша, адам құқығы тұжырымдамасының негізін қалаушысының бірі Ж. Ж. Руссо қадір-қасиетті адам даралығының негізгі құндылығы: «Өз бостандығынан бас тарту — адамдық қадір-қасиетінен, адам құқығынан, тіпті міндеттемелерден бас тарту дегенді білдіреді... Мұндай бас тарту адам табиғатына сәйкес келмейді», — деген ой түйді.

Абыройдан, шын мәнінде, адам құқықтары мен бостандықтары туралы түсініктің өзі шығады. Бұл құқықтар қажеттілігінің пайда болуының негізі. Адам құқықтарының пайда болуының ішкі логикасы қарапайым. Бұл менің өз-өзімді құрметтеуім, қадір-қасиетім, менің айналамдағы адамдарда да менің құқықтарымды мойындауды, құрметтеуді талап ететіндігіне негізделген. «Мен, ерекше және қайталанбас тұлғамын, сондықтан мен басқалардан кем болғым келмейді».

Демек, адамдық қадір-қасиет — бұл басқаларға танылған құндылық ретінде өзіне деген көзқарасы. Бұдан шығатыны, адам құқықтары барлық адамдардың қадір-қасиетін құрметтеу тұрғысынан сөзсіз теңдігін мойындауға негізделген.

Алайда адам құқығының құндылығы деген түсінік кейінірек пайда болды. Бастапқыда адамзат тарихында адамның рөлі мен қадір-қасиетінен гөрі басқа принципальды түсінік өктемдікке ие еді.

Дәстүрлі қоғамдық қолданыстағы моральдық-этикалық кодекстер әділеттілік нормаларын, саяси заңдылықты және адамның өз отбасы немесе мемлекет алдындағы міндеттерін қамтыса да, әлі де адам құқықтарын қамтамасыз ететін құрал ретінде қарастырылмайды.

Бірақ, олар кланның немесе мемлекеттің адамға үстемдігі туралы постуляция, соның нәтижесінде мемлекеттік мүдделер пайдасына адам құқықтарын ақтаудың орнына керісінше қызмет етті.

Адам құқығы туралы қазіргі түсінік соңғы екі жүз жылда ғана идеологиялық бағыт алып, нақты саяси құндылыққа айналды.

Либерализм — әр адамның құқықтары мен бостандықтарын ең жоғары құндылық ретінде жари-

ялап, оларды әлеуметтік-экономикалық тәртіптің құқықтық негізі ретінде анықтады. Бұл көптеген мемлекеттердің саясатының негізіне айналған либералды-демократиялық идеология жеңісінің нәтижесі болып, ақырында әлемдік идеологиялық бағытқа айналды.

Бірақ бұл үшін адамзатқа тұтас тарихи дәуір қажет болды. Біреу бұл Ежелгі Греция дәуірінде басталды деп ойлайды, біреу Еуропалық Реформация кезеңін бастау нүктесі деп санауды ұсынады, біреу бұл адам құқығының адамзат тарихындағы саяси факторға айналған соңғы екі ғасырдың нәтижесі деп сендіреді. Біз бұл мәселеге тоқталмаймыз. Біздің жағдайда бұл соншалықты маңызды емес. Менің ойымша, адам құқығы тақырыбын қоғамдық дискурстың меншігіне айналған сәттен бастау дұрыс болар еді.

Қазіргі заманғы адам құқығының тұжырымдамасының дүниеге келуі Еуропадағы Қайта өрлеу мен Реформация дәуірінен басталады. Дәл сол кезде сол заманның прогрессивті ойшылдар алғаш рет адам құқықтарын мемлекет пен жеке тұлға арасындағы қарым-қатынас көзқарастары мен принциптерінің келісілген жүйесі ретінде жариялады.

Дәл осы сәттен бастап екі тенденцияның қарсыласуы алдымен Еуропаның бүкіл тарихи, содан кейін бүкіл әлемнің идеологиялық лейтмотивіне айналды. Еркін азаматтар — тұрақты қоғамның негізі деген идеяны алғаш рет Джон Локк айтқан. Ол «Үкімет туралы екі трактат» (1690) еңбегінде либерализмнің маңызды принципі ретінде экономикалық және интеллектуалдық бостандық принциптерін тұжырымдады. Ол табиғи құқықтар тұжырымдамасын негіздеді: өмірге,

жеке бостандыққа және жеке меншікке және ол болашақта адам құқықтарын либералды түсінуге негіз болды.

Жеке адамның құқықтары мен бостандықтарын түсінуге монархиялық абсолютизм, меркантилизм, православ діндері мен клерикализм идеологиясы қарсы болды. Қарсылықтың мәні неде? Кім кімге қызмет етуі тиіс? «Ортақ игілікке» қызығушылығы бар мемлекет пе немесе құқықпен бостандықтары бар адам, мемлекетке қызмет етуі керек пе?

Осыған байланысты әлем бастапқыда екіге бөлінді. Платон мен Аристотель заманынан бері кейбір философтар адам өркениетті өмір сүруінің құралы, мақсаты мен мәні болып табылатын мемлекет үшін өмір сүреді деп есептеді. Басқалары, керісінше, жетілдіру прогрестің ең жоғары мәні мен мақсаты болып табылатын адам үшін мемлекет өмір сүреді деп сенді. Идея деңгейіндегі бұл дау 2 мың жылдан астам уақыт бойы жалғасып келеді, бірақ тек соңғы екі жүз жылдың ішінде ол мемлекеттер өміріндегі белгілі бір саяси қарама-қайшылықта өзін көрсете бастады.

Ал бүгін біз шынайы өмірімізде осындай «арқан тартудың» куәсі болып отырмыз. Әркім өзіне тартады. Жеке құқықтар мен бостандықтардың мемлекеттік мүдделерден басымдығы туралы тұжырымдама қоғамның жоғарғы бөлігінде де басым болуда. Егер бұрын бұл туралы тек философтар, жазушылар, қоғам қайраткерлері айтса, бүгінде бұл идеялар қоғамның барлық саласында өз ізбасарлары мен жақтастарын табуда: ол тіпті ас үйде және темекі шегетін бөлмелерде, кеңселерде және сыраның үстінде талқыланатын болды. Бұл ретте адам құқықтарын жақтаушылардың пайдасына жалпы оң

динамика бар. Бұл қазірдің өзінде қоғамдық сананың өзгеруін сипаттайтын, мемлекеттік машинаның механизміндегі тетік ретінде жеке концепцияны қолдаудан мемлекет адамға қызмет етіп, оның құқықтары мен бостандықтарын қамтамасыз ету керектігі жөніндегі түсінікке ұласты.

Бұл үрдіс шын мәнінде қоғамдық дамудың идеологиялық бағытын анықтайды. Бұл кітапта айтылған мемлекеттік мүдделердің басымдығын жақтаушылар мен азаматтардың құқықтары неғұрлым маңызды болып табылатындар арасындағы күрестің шиеленісті көрінісі болып табылады. Бұл адамдық қадір-қасиеттің оны қорлауға және басуға бағытталған нәрсемен күресінің көрінісі. Дегенмен, біздің сөз ететін тақырып та осы болып табылады.

### III тарау

## ӘРТҮРЛІ ҚҰҚЫҚТАР – ТҮРЛІ ПРОБЛЕМАЛАР

Адам құқықтары не екенін толығырақ түсіну үшін, былайша айтқанда, олардың ерекшеліктерімен, яғни олардың қазіргі қоғам мен мемлекеттің қабылдауы тұрғысынан бір-бірінен айырмашылығын түсінуді ұсынамын. Осыған байланысты барлық адам құқықтарын үш топқа бөлуге болады.

### Табиғи құқықтар

Бірінші топ-табиғи құқықтар деп аталады. Оларға:

- ... өмір сүру,
- ... жұмыс істеу,
- ... жеке бас бостандығы,
- ... жеке өмір (отбасы, балалар),
- ... тұрғын үй,
- ... білім алу,
- ... еркін жүруге және тұрғылықты жерді таңдау құқықтары жатады.

Бұл құқықтар айқын және сөзсіз, олар қазіргі адамның өмірінде негізгі мәселе болып табылады. Оларды пайдалану аксиома, яғни олардың қажеттілігін дәлелдеуді қажет етпейді. Бұл құқықтар заңдарда жазылған және қоғамдық дәстүр деңгейінде бекітілген. Бұл ешбір сұрақ тудырмайтын өркениеттің өзіндік нормасы.

Жеке бас бостандығына немесе жүріп-тұру бостандығына қарсы шығатын адам болуы екіталай. Біреу білім мен еңбек құқығын шектеуді жақтайтыны да күмәнді. Неке мен бала туу құқығын шектеуді ұсынуға ешкімнің батылы жетпейді. Тіпті, барлық адамдардың баспаналы болмауы олардың бұл құқығынан айырылғанын білдірмейді. Бұл құқық әрқашан оларда қалады, мәселе тек осы құқықты жүзеге асыру формасын таңдауда: сатып алу, салу, жалға алу немесе мемлекеттен күту.

Осы құқықтар бөлігінде туындайтын барлық проблемалар, әдетте, тек жеке сипатта болады және оларды мақсатты түрде шектеудің салдары болып табылмайды. Бірақ проблемалар туындаған кезде де, олар, әдетте, адам құқықтарын шектеу жөніндегі мақсатты мемлекеттік саясаттың салдарынан болмайды.

## **Азаматтық құқықтар**

Құқықтардың келесі тобы — азаматтық құқықтар. Оларға:

- ... заң алдындағы теңдік,
- ... азаматтық алу ,
- ... ар-намысы мен қадір-қасиетіне қол сұғушылықтан қорғану,
- ... ақпаратты еркін алуға және таратуға;
- ... ар-ождан бостандығына,



- ... жеке меншікке,
- ... азаптауға, қатыгездік пен қадір-қасиетті қорлауға ұшырамау,
- ... демалу, білім алу және лайықты өмір сүру құқықтары жатады.

Көптеген елдерде бұл құқықтар қазірдің өзінде адамдар өмірінің ажырамас бөлігіне айналды. Жалпы, бұл құқықтар экономикалық мүмкіндікті, әлеуметтік теңдікті және қадір-қасиетті қорғауды қамтамасыз етуге бағытталған. Алайда, барлық адамдар, барлық жерде және әрқашан бұл құқықтар міндетті ереже ретінде қабылданады. Бұл құқықтар әрдайым дерлік заңдарда бекітілген және қоғамдық пікірмен расталғанымен, олардың орындалуына заң бұзушылықтар, шектеулер және тіпті іс жүзінде тыйым салу кедергі келтіреді.

Бұл жағдай бірінші кезекте мемлекеттің, дәлірек айтқанда, оның саяси ұйымының осы құқықтардың халықаралық стандарттарын толық енгізе алмайтындығын көрсетеді.

Азаматтық құқықтардың бұзылуы мен шектелуі билік органдарының олардың саяси міндеттерін шешу әрекеттерінің нәтижесі болып табылады немесе бұл өз мәнінде азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын бұзуға бағытталған жүйенің жалпы сыбайлас жемқорлықтың салдары болып табылады. Немесе екеуі де бір уақытта іске қосылғанда болатын құбылыс.

Мысал ретінде қазақстандық тәжірибенің «заң алдындағы теңдігін» келтірейік. Қазақстан Конституциясының 14-бабында: «Барлығы заң мен сот алдында тең. Ешкімге тегіне, әлеуметтік, лауазымдық және мүліктік жағдайына, жынысына, нәсіліне, ұлтына, тіліне, діни көзқарасына, нанымына, тұрғылықты жеріне немесе

басқа жағдайларға байланысты ешқандай кемсітуге жол берілмейді» деп жазылған. Әдетте, елдің Ата Заңының бұл нормасы қарапайым өмірде жүзеге асырылады. Алайда, бұл ережеде елеулі ауытқулар бар. Қазақстанда заң алдындағы теңдік қағидатын жиі бұзу — бұл VIP-тұлғаның немесе олардың туыстарының жеңіл жазалануы немесе тіпті ақтау үкімі болып табылады.

Құқықтық теңсіздік құбылыс ретінде Қазақстанда «уссеновщина» атауы қалыптасқан. Бұл термин өзінің автокөлігімен жаяу жүргіншілер жолына шығып, алты адамды қағып кеткен, олардың біреуі оқиға орнында қаза тапқан жас жігіт Мақсат Үсеновтың тегінен шыққан. Мұндай қылмыс үшін қарапайым Қазақстан азаматы бас бостандығынан айырылады. Алайда ықпалды қазақстандық шенеуніктің ұлын тек айыппұл төлеу жазасымен бостандыққа жіберді. Бұл әлеуметтік желілерде дау тудырды, прокуратураны наразылық білдіруге мәжбүр етті, ал сот үкімді 45 тәулікке қамауға алып, екі жылға көлік жүргізу құқығынан айыруға ғана өзгертті.

Алайда, бірнеше айдан кейін сол адамның қайтадан көлік айдап жүргені туралы желіде видео пайда болды. Тағы да халықтың наразылығынан кейін, сот құқық бұзушыға символдық сомаға — жүз доллардан сәл асатын айыппұл салды. Алайда, көп ұзамай бұл адам қайтадан көлік тізгінінде болып, апатқа ұшырап, соның салдарынан бір әйел ауруханаға түседі.

Бұл ретте ол мас күйінде белгіленген медициналық тексеруден өтуден бас тартады. Бұл жүргізуші рөлде мас болған деп болжауға әбден мүмкіндік береді. Және тағы да сот «байдың баласына» 20 тәулікке әкімшілік қамауға алып, оған күлкілі жаза береді.

Беделді адамдардың балалалары Қазақстанда жазадан жалтаруының мұндай жағдайларының жиі кездесетіні соншалық, «уссеновщина» термині қоғамдық пікірде әлеуметтік теңсіздік фактілерінің белгісі ретінде еніп кетті.

Адам құқықтарын бұзу саласындағы тағы бір күшті көрініс — бұл азаптау, оған заң жүзінде тыйым салынған, бірақ іс жүзінде барлық дерлік авторитарлық мемлекеттің құқық қорғау органдары мен жазалау жүйе қызметкерлерінің жұмысында бұл жағдай қалыпты жағдайға айналып кеткендей. Қылмысты анықтау, жазалау үшін адамдарды ұстауға, тұтқындауға, жауап алуға құқылы қызметкерлер, көбінесе қолдарына түскен адамдарды азаптауды және қорлауды әдетке айналдырған.

Бұл ерекше маңызды мәселе. Қатыгездікке бейімділік, қылмыскер мәртебесінде тұрғандардың қадір-қасиетін құрметтемеу — қазіргі қоғамда жиі кездесетін жайт. Күнделікті санамызда қылмыскер енді адам емес, ол қорлауға лайық деген көзқарас қалыптасқан. Бұл жерде қылмыскердің де адам екенін, оның қылмысы үшін жазаланғанын, алайда оған да адами қарым-қатынас жасалуға тиіс екені көп жағдайда ұмыт қалады.

Өкінішті! Құқық қорғаушылардың барлық күш-жігеріне, ал жекелеген жағдайларда тіпті үкіметтің қарсы қадамдарына қарамастан, азаптау қылмыстарды тергеу рәсімінің және пенитенциарлық жүйе жұмысының бір бөлігі болып қала береді. Адамдар азапталды, азапталуды және әлі де ұзақ уақыт азаптала беретін сияқты.

Ұлттық алдын алу тетігі (Национальный превентивный механизм) шеңберінде қоғамдық бақылау жүйесін құруға, сондай-ақ құқық қорғау органдарының

қызметкерлеріне қарсы азаптағаны үшін қылмыстық қудалауға қарамастан, бас бостандығынан айыру орындарында қамалғандар кінәсін азаптау арқылы мойындату құралдың бірі болып қала береді. Өкінішке қарай, авторитарлық саяси жүйеде басқалай болуы мүмкін емес. Мемлекеттік органдар жұмысының жалпы жабықтығы және қоғам тарапынан нақты бақылаудың болмауы азаптауды құқық қорғау және пенитенциарлық органдардың жұмысынан алып тастауға мүмкіндік бермейді.

Тағы бір мысал, діни сенім ар-ождан бостандығы құқығын бұзу.

Мұнда сіз, әдетте, тікелей тыйым салулар мен шектеулерді таба алмайсыз, барлығы билікке сәйкес келмейтіндердің қызметі үшін үлкен және кіші проблемалар деңгейінде. Ал бұған мемлекет өз тарапынан тіркеу және бақылау рәсімдерін қатаңдату арқылы қол жеткізеді. Осылайша, Қазақстанда жақында «Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы» заң қабылданды, онда барлық жұмыс істеп тұрған діни ұйымдарды заңды қайта тіркеуден өткізу көзделген. Сонымен қатар, заңға көптеген діни ұйымдарды бірден заңды тіркеуінен шығаратын норма қосылды. Енді мемлекеттік тіркеуден өту үшін діни сенімнің адамдары өз қауымдастығында кемінде 50 адамға ие болуы керек, яғни ресми тыйым жоқ, бірақ сенім бойынша серіктестерінің саны осыған жетпесе (және бұл нотариустың растауымен арнайы рәсім) іс жүзінде олардың табынуына тыйым салынады.

Діни ұйымдарды қайта тіркеу механизмі сол схема бойынша жұмыс істейді. Бюрократиялық шарттар бар, оларды сақтамау діндарларға қайта тіркеуден өтуге мүмкіндік бермейді, яғни бұл сенушілерді жиналу, үгіт жүргізу және діни рәсімдерді орындау құқығынан айырады.

Бұл заң қабылданғаннан және қайта тіркеуден өткеннен кейін Қазақстандағы барлық діни ұйымдардың 1/3 бөлігінің қызметіне тыйым салынған. Мұндай ар-ождан бостандығы құқығын жүзеге асыру ережесіне қалай қарайсыз?

### Саяси құқықтар

Шартты түрде саяси деп аталатын құқықтардың үшінші тобы бар. Оларға:

- ... мемлекеттің ісіне араласу,
- ... бейбіт жиындарға (митингілерге, демонстрацияларға),
- ... бірлестік бостандығына,
- ... сөз бостандығы құқықтары жатады.



Неліктен саяси? Өйткені дәл осы құқықтар азаматтардың елдің саяси өміріне араласуына, үкіметтің саясатына әсер етуіне және сайлауда билікті өзгертуіне мүмкіндік береді. Осылайша, бұл құқықтар азаматтарға билікке жанама түрде араласуға мүмкіндік береді.

Мұнда бастысы:

- билікті президент, парламент депутаттары (жергілікті билік органдарының) ретінде сайлау құқығы;
- жоғарыда аталған лауазымдарға сайлану құқығы;
- референдум бастамасы және оған қатысу құқығы.

Басқа саяси деп аталатын бірнеше құқықтар да маңызды. Бұлар бейбіт жиналыс өткізу, бірлестіктерге қосылу және сөз бостандығы.

Бұл құқықтар саяси жүйенің демократиялық принциптері басым болатын елдерде толық жүзеге асады. Алайда, өздерін демократиялық деп санайтын елдерде де бұл құқықтар көбінесе толық орындалмайды және әр түрлі шектеулер мен тыйым салуларды қамтуы мүмкін.

Барлық жағдайларда, бұл шектеулердің артында мемлекет яғни билік басындағылары туратыны белгілі.

## IV тарау

# СОВЕТ ҮКІМЕТІНІҢ МҰРАСЫ


Адам құқықтарының қазіргі жағдайы туралы айтпас бұрын, біз Кеңес Одағы кезіндегі жағдайдың қалай болғанын еске түсіруіміз керек.

Көптеген зерттеушілер КСРО-дағы құқықтық мемлекет коммунистік құрылыстың мемлекеттік мақсаттарына жетудің құралы болатындай дәрежеде идеология болды деп есептейді. Бұл заңнамада адам құқықтары мен бостандықтарын құрметтеу логикасы іс жүзінде жоқ еді, тек коммунизм деп аталатын жалпыға ортақ бақытты, мифтік қоғамды құруға жұмыс істеу заңды деп есептелді.

Саяси құқықтар тұрғысынан кеңестік заң Батыста қолданылатын демократиялық стандарттарға мүлдем сәйкес келмейтіні анық. Сонымен бірге еңбек ету құқығына, ақысыз білім мен дәрі-дәрмекке, ерлер мен әйелдердің құқықтарының теңдігіне, қартайған кезіндегі қауіпсіздіктің кепілдіктеріне қатысты кеңес заңы өткен ғасырдың 80-ші жылдарының соңына дейін жетілдірілді.

Заң жүзінде, кеңес азаматтары басқа демократиялық елдердің азаматтарынан кем емес құқықтарға ие болды.





БОСТАНДЫҚ



Конституция сөз бостандығына, ар-ождан, баспасөз, жиналыстар мен демонстрация бостандығына кепілдік берді.

КСРО азаматтарының: еңбек етуге, демалуға, қартайғанда және ауруына байланысты материалдық қамтамасыз етілу құқығына ие болды. Олар жасырын жалпы сайлауда өз үкіметін таңдауға құқылы болды. Адамның қол сұғылмаушылық құқығы мен хат алмасу құпиясы жарияланды.

Алайда, істердің жартысында азаматтардың құқықтары тек қағаз жүзінде жарияланды. Осылайша, еңбек ету құқығы іс жүзінде міндеттемеге айналды және мәжбүрлеумен, тіпті жұмыс жасамағаны үшін жазаланды.

Билікті сайлау саяси плюрализм мен кандидаттардың саяси бағдарламаларының бәсекелестігі мүмкіндігін мүлдем жоққа шығаратын ресми өкіл болды.

Ешқандай жеке қол сұғылмаушылық туралы сөз болуы мүмкін емес еді: кез келген адамды заңдық қорғау құқығынсыз ұстауға, тінтуге, жауап алуға болады.

Азаматтардың хат-хабарын арнайы қызметтің бөлімшесі тексеріп отырды. Саяси цензура жалпы сипатта болды, «сүзгісіз» шетелдік ақпаратқа (кітаптарға, радиоға, газеттер мен журналдарға) қол жеткізу қатаң түрде басылып, қылмыстық жауапкершілікке тартылды. Қоғамдық ұйымдар құру құқығы елес болды. Іс жүзінде кеңес азаматтарында мұндай құқық болған жоқ. Конституцияда жазылғандай, «коммунистік құрылыстың мақсаттарына сәйкес» құрылған ұйымдар ғана болды.

Сонымен бірге денсаулық сақтау құқығын қамтамасыз ететін ақысыз медициналық көмек болды.

Барлық түрдегі тегін білім алу құқығын қамтамасыз етті. Тұрғын үй құқығы КСРО азаматтарына бірнеше жыл

бойы кезекте тұрған (5 жылдан 20 жылға дейін) мемлекеттік тұрғын үйді тегін алуға мүмкіндік берді.

Горбачевтің қайта құру деп аталатын КСРО-дағы әлеуметтік жүйе реформалары терең идеологиялық дағдарысты және оның нәтижесінде әлеуметтік-экономикалық тоқырауды еңсеру қажеттілігінен туындады. Ол кезде социалистік даму идеялары өздерінің сәйкессіздігін көрсете отырып, ақырында олардың пайдасынан зияны асып түсті. Өзгерістердің қажеттілігі пісіп жетілді, қоғам бар саяси жүйе мен социалистік идеологиядан бас тартуды сезінді. Сонымен қатар, адамдар тауарлар мен өнімдердің мәңгілік тапшылығынан, кезекте тұрудан және жалақыдан жалақыға дейін өмір сүруден шаршады. Жалпы алғанда, өмірді өзгертуге, сыртқы әлеммен жаңа қарым-қатынасқа деген қоғамдық сұраныс қалыптасты.

Жоғарыдан басталған реформалар КСРО өмірінің барлық аспектілеріне әсер етті. Идеология, саяси жүйе, экономикалық өзгерістер, мәдениет, әдебиет және сыртқы саясатқа әсер етті. Біз үшін қайта құру адам құқығы тұрғысынан не бергені қызықтырады.

Горбачев бастаған бірінші нәрсе — ашықтық саясатын жариялау. Бұқаралық ақпарат құралдарына кеше қатаң тыйым салынған нәрсені айтуға рұқсат берілді. Цензураға тыйым салынды. Дәл осы қайта құру кезеңі бізге ақпаратты кедергісіз алу мен тарату құқығына ие болуға ықпал еткені үшін алғыс айтуымыз керек.

Тағы бір маңызды мәселе — жеке кәсіпкерлікке жол беру. КСРО-да экономикалық белсенділікке кедергі келтіретін кәсіпкерлік қызметке тыйым салудың есігін ашқан қайта құру болды.

Бұл идеологиялық күшті серпіліс болды. Бай болуға деген ұмтылысты қоғам тарапынан айыптау тоқтатылды. Адамның жеке меншікке, экономикалық теңсіздікке құқығы түпкілікті қайтарылды.

Тағы бір іргелі нүкте — Горбачев саясатының арқасында атышулы «темір перде» ақыры құлады: кеңес халқы «социализмнің құлы» болудан құтылды және елден еркін кетіп, оған орала алды. Горбачев елді ашты, бұл басқа елдермен мүлде басқа дипломатиялық қатынастарға әкелді. Нәтижесінде КСРО азаматтары әлем бойынша саяхаттау құқығына ие болды, бұндай құқықтан олар 70 жылға айырылған болатын.

Бірақ біз үшін қайта құрудың ең маңызды нәтижесі — адам құқықтары жаңа мәртебеге ие болып, мемлекеттік өмірдің факторы ретінде қолданыла бастады. Мемлекеттің коммунистік идеологиядан бас тартуы сөзсіз адам мен мемлекет арасындағы қарым-қатынас туралы жаңа түсініктің қалыптасуына әкелді. Адам мемлекет үшін емес, оның құқықтары мен бостандықтарын толық жүзеге асуын қамтамасыз ететін мемлекет адамға қызмет ету керек деген түсінік қалыптасып күшейе бастады.

Сондықтан азаматтық және саяси құқықтар мен бостандықтарды жүзеге асыруға қойылатын талаптар билікке үміткер барлық саяси күштердің саяси бағдарламаларының маңызды құрамдас бөлігіне айналды.

Кеңес Одағы ыдырағаннан кейін жоғарыда айтылғанның барлығы мұра ретінде тәуелсіз даму жолына түскен Қазақстанға өтті. Осы сәттен бастап бұрынғы кеңестік республикалардың әрқайсысы адам құқықтары мен бостандықтарын жақсарту тұрғысынан дербес қозғала бастады.

## V тарау

# ҚҰҚЫҚТЫҚ ҚАЙШЫЛЫҚТАР

Егер театр киім ілгіштен басталса, онда елдегі адам құқықтарымен танысу Конституциядан басталуы керек. Логикалық тұрғыдан алғанда, ол қоғам мен мемлекет, адам мен билік арасындағы қарым-қатынастың құқықтық жағы мен мемлекеттік саясаттың басымдықтары туралы жалпы түсінік береді.

Алайда, бұл мәселеде бізде бір ерекшелік бар — Конституцияда жазылғандардың бәрі өмірде жүзеге аса бермейді.

Және керісінше — өмірде болып жатқанның көп бөлігі елдің Ата заң нормаларына сәйкес келмейді.

Қазақстан Конституциясында қамтылған көптеген нормалар, керісінше, ел ұмтылатын, әйтеуір бір күні келетін идеал секілді. Алайда, нақты өмірде конституциялық нормалардың логикасы ескерілмей қабылданатын заңдар басқарады, ал құқық қолдану практикасы кейде бұл заңдарды елдегі «қожайындар» пайдасына түсіндіреді.

Қазақстан Конституциясы бұл бөлімде «адам, оның құқықтары мен бостандықтары — мемлекеттің ең жоғары құндылығы» деген тікелей, анық және ауытқымай-

тын мәлімдеме береді. Мұны қазақстандық мемлекеттіліктің осындай маңызды қағидасын іске асыру үшін айқын сызықпен атап өтейік. Біз төмендегілердің барлығын тек осы қағида арқылы қарастырамыз.

Сонымен, мемлекет адам мен азаматтың құқықтары мен бостандықтарын сақтау мен қорғау оның ең маңызды МІНДЕТІ екенін мойындайды. Қайталап айтамын — құқық емес, міндет! Мемлекет мұны жасауға міндеттеледі, сәйкесінше, азаматтар мемлекеттен осы аса маңызды конституциялық норманың орындалуын талап етуге құқылы. Бұл өте маңызды нүкте, осыдан бастап, шын мәнінде, Қазақстандағы адам құқықтарының ахуалын бағалау қажет.

Алайда, Қазақстанда біртүрлі жағдай қалыптасқанын айта кету керек, қазақстандықтардың көпшілігі, сондай-ақ мемлекеттік органдардың адам құқықтарымен айналысуға міндетті шенеуніктері Конституцияны тікелей әрекет ететін құжат деп санамайды. Әркім заңдар мен заң алдындағы актілерге бас июге дағдыланған, олар көбінесе егер Конституцияның ережелеріне тікелей қайшы келмесе, онда оларды елеулі түрде өзгертеді, тіпті өзгертті де... Және көп жағдайда адам құқықтарының пайдасына емес. Міне, осылай! Бұл мүлді дұрыс емес. Және, өкінішке қарай, бұл дәстүр сот пен құқық қолдану тәжірибесінде басым болды. Бұл қазақ мемлекеттілігінің күрделі жүйелік мәселесі.

### **Мемлекет — мақсат, ал адам — құрал.**

Азаматтың құқықтары мен бостандықтарын ілгерілету мен қамтамасыз ету саласында заңдылықты байқауға болады. Қазақстанда қабылданған заңдардың көпшілігі,

оның ішінде адам құқықтарына қатысты заңдар мемлекеттілікті нығайтуға бағытталған. Былайша айтқанда, Қазақстан билігі жиырма жыл бойы мұны сақтап қана қоймай, соңғы жылдары күшейіп келе жатыр. Бұл тенденцияға айналған.

Мен бұл тенденциядан екі себеп көремін. Біріншісі — заңдарды мемлекеттік қызметкерлер әзірлейді және сол шенеуніктермен бір идеологиялық мемлекеттілікті нығайту алаңындағы — парламентарийлер қабылдайды. Егер азаматтық қоғам бұл процеске қатысатын болса, ол жәй формалды түрде. Қоғамның пікірі тыңдалады, кейде олар онымен келіседі, бірақ соған қарамастан, заң қабылдау кезінде халықтың пікірі ескерілмейді. Яғни, іс жүзінде қоғамның заң шығару процесіне әсері тым аз. Шын айту керек, билік айтқандай, мұндай заңдар да бар.

Билік жоғарыда «Адам, оның құқықтары мен бостандықтары — мемлекеттің ең жоғары құндылығы» деп айқын сызықпен атап өткенімізді мүлде ұмыт қалдырады.

Оның үстіне шенеуніктердің көпшілігі адам құқықтарының кеңеюін мемлекеттің тұрақтылығы мен заңдылыққа төндіретін әлеуетті қауіп ретінде қабылдайды. Төменде біз заң шағарушылар да, оларды қабылдайтын депутаттар да, құқық қолдану практикасымен айналысатын мемлекеттік органдар да азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғауға аз көңіл бөлетінін, бірақ сонымен бірге өте көп құқықтарды бақылауды күшейтуге және оларды шектеуге бағытталғанын көрсетеміз.

Шамасы, шенеуніктерге адам құқықтарын қорғау қиын, себебі бұл құқықтарды тек мемлекеттік органдардың өздері бұзады. Мемлекеттік органдар бұзған адам

құқықтарын дәл осы мемлекеттік органдарда қорғау қиын. Бұл қойды шөпті күзетуге қойған сияқты дүние.

Билік азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын шектеуге бағытталғанының екінші себебі — соңғы 10 жылда құқықтар мен бостандықтар саласында демократияға қайшы шараларды қабылдауға басты себепке айналған «төңкерістертен» қорқыныш.

Бұл жерде біз мемлекеттік саясаттағы үлкен қайшылыққа тап болдық. Бір жағынан, билік дамудың демократиялық бағытын, демократияға бейілділігін жариялайды, оппозиция мен саяси плюрализмнің маңыздылығы мен қажеттілігін мойындайды, азаматтық қоғам өкілдерімен диалогтар, келіссөздер алаңын ұйымдастырады.

Екінші жағынан, олар адам құқығын шектейтін демократияға қарсы заңдар қабылдайды, оппозициялық партияларды жабады және үкіметтік емес ұйымдарды мемлекет қауіпсіздігіне төндіретін әлеуетті қауіп ретінде қарастырады.

Нәтижесінде қызық жағдай туындайды: тіпті халықаралық құқық нормаларын ескере отырып қабылданған заңдар да нақты өмірде орындалмайды. Шенеліктер Конституция мен заңдарда қамтылған адам құқықтарын шектеуге тыйым салуды әр түрлі заң актілері, ведомстволық бұйрықтар мен заңнамадағы олқылықтар арқылы айналып өтуді үйренді. Кейбір жағдайларда олар өз мүдделері үшін заң нормаларын ерікті түрде түсіндіреді. Мұндай бюрократиялық волюнтаризм азаматтардың қолданыстағы құқықтары мен бостандықтарын шектеуге әкеледі. Азаматтарға конституциялық құқықтарын жүзеге асыру қиындай түсуде.

Біз биліктің саяси партиялар құру процесін қалай қиындатқаны туралы жоғарыда айттық. Саяси адалдығына кепіл бола алатын биліктегі ықпалды адамдардың қолдауын алмаған адамдар телеарна мен радио арнасын аша алмайды. Билікке саяси адалдық болмаса, тіпті Қазақстанда газет шығару құқығын шектеуге болады. Дәстүрлі емес діни бірлестікті құру құқығын алу үлкен қиындықтар мен бюрократиялық айла-шарғыға толы және бұған бәрі бірдей батыл қадам жасай бермейді. Азаматтар бейбіт қоғамдық жиналыстар өткізу құқығында айтарлықтай шектеулі: бүгінде Қазақстанда іс жүзінде митингілерге үнсіз тыйым салынған.

### **Шектеу технологиясы**

Көрсетілген шектеулер мен тыйымдарды биліктегі адамдардың қызметтік жағдайын пайдалану тұрғысынан қарастырайық. Тарқатып айтқанда, бұл сыбайлас жемқорлықтың бір түрі, айырмашылығы — олардың конституциялық құқықтарын алу үшін жасалған төлем билікке адалдық болып табылады.

Елбасы портретіне күлімдеңіз! Нұр-Отанға дауыс беріңіз! Үкіметтің бастамасын қолдаңыз! Бұл туралы барлық газеттер мен телеарналар бірге хабарлайды және сізге митинг өткізуге рұқсат етіледі және мүмкін, сіздің партияның құрылуына кедергі жасамайды.

Мұны істеу үшін сіз жалпы билікке адал болуыңыз керек, ал кейбір билікке тікелей қатысы бар адамдарға мүмкіндік бар.

Егер биліктегі адамдар өздерінің қызметтік жағдайын пайдаланып, елдің саяси өмірінің билікке адал субъектілеріне саяси артықшылықтар жасаса және керісін-



ше — олардың қарсыластарына кедергілер туғызса, мұны сыбайлас жемқорлық әрекеттер деп жіктеуге болады. Ал бұл сыбайлас жемқорлықтың негізгі себебі — билікті өз қолымызда сақтау, одан саяси қарсыластарды шеттету.

Осылайша, авторитаризм (басқару формасы ретінде) билік вертикалының экономикалық қызметінің барлық салаларына енген экономикалық сыбайлас жемқорлықпен ғана емес, сонымен қатар азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын шектеуге бағытталған саяси сыбайлас жемқорлықпен де сипатталады. Бұл сыбайлас жемқорлық «бөтендердің» билікке түсу мүмкіндігін жоққа шығарады және оған ие адамдардың билігіне шектеусіз уақыт пен ауқымды, монополияға кепілдік береді.

Азаматтардың саяси құқықтарын шектеу тұрғысында қолданылатын сыбайлас жемқорлық жиынтығы бар, әсіресе автократия жүйесіне қауіп келтіретін құқықтар.

Біз қазір жемқорлықтың бұл түрі туралы толығырақ айтатын боламыз.

### **Бейбіт жиналыс құқығы**

Адам құқықтары жөніндегі халықаралық стандарттарға сәйкес, азаматтар билікке хабарлап, қоғамдық орындарға ЕРКІН жиналуға құқылы. Яғни, билікке ескерту — адам құқықтары жөніндегі халықаралық стандарттар мойындаған шарт.

Бұл — қоғамдық акция кезінде тәртіпті қамтамасыз ету қажеттілігінен туындайды. Билік органдарына хабарлау жиналушыларға шара кезінде заңдылық

пен тәртіпті қорғауды қамтамасыз ету деген сөз. Яғни, халықаралық құқық адамдардың алаңда бейбіт түрде жиналуының сөзсіз құқығынан туындайды, ал наразылық білдірушілердің де, олардың айналасындағы адамдардың да қауіпсіздігін қамтамасыз ету жауапкершілігі толығымен мемлекеттік органдарға жүктеледі. Рас, халықаралық құқықта ерекше жағдайларда билік бейбіт жиындар өткізуге шектеу қоя алатын шарт та бар. Бұл — қоғамдық іс-қимыл адамдардың денсаулығы мен өміріне қауіп төндіретін ауыр зардаптарға әкелуі мүмкін ерекше жағдайлар.

Бірақ мұндай жағдайлар жалпы ережеден ерекше болып табылады. Оларды елеулі дәлелдері бар немесе соттың тиісті шешімімен расталған нақты қауіп-қатерлерді қоспағанда, саяси немесе басқа себептермен мәжбүрлеу мүмкін емес.

Алайда, посткеңестік кеңістіктің барлық авторитарлы билеушілері бұл ескертулерді өз елдерінде бейбіт жиналыстар өткізуге рұқсат беретін қағидаларды көздейтін заңдар қабылдап, іс-әрекеттің тікелей нұсқауы ретінде қабылдады. Осылайша, Қазақстанда арнайы заң бейбіт қоғамдық жиналыстар өткізу шарттарын белгіледі. Енді жергілікті биліктің рұқсатымен ғана митингке жиналуға немесе пикетке шығуға болады. Бұл саяси сыбайлас жемқорлықты ұлғайту жолындағы маңызды қадам, азаматтардың бейбіт жиналыстарға құқығын шенеуніктердің шешіміне тәуелді ету.

Митингіге конституциялық құқығыңызды пайдалану үшін бармас бұрын, сіз жергілікті үкіметке митинг өткізу туралы өтініш беруіңіз керек. Шенеуніктер оны 10 күн ішінде қарайды, содан кейін сіз рұқсат немесе бас тарту аласыз. Бұл рәсіммен біріншіден, қоғамдық шараларды жедел өткізу мүмкіндігі мүлдем жоққа шығарылатыны

түсінікті, екіншіден, сіздің құқығыңыз оларды өткізуден бас тартумен әрқашан шектелуі мүмкін. Бұл іс жүзінде көп жағдайда болады.

Бұған қоса, белгілі бір жерлерде митинг өткізуге тыйым салатын нормалар қабылдануда. Мысалы, Ресейде бұл Ресей Федерациясы Президентінің резиденциясына, соттар орналасқан ғимараттарға, бас бостандығынан айыру жазасын орындайтын мекемелердің ғимараттарына іргелес аумақтар. Қазақстанда мектептер, медициналық мекемелер жанында, теміржол, су және әуе көлігі объектілерінде, Қорғаныс министрлігі, Ұлттық қауіпсіздік комитеті, Ішкі істер министрліктерінің ғимараттарында, сондай-ақ автобус, деполар, метро станциялары, электр станциялары мен жылу электр станцияларының жанында жиналыс өткізуге тыйым салынған.

Тек бұл ғана емес, шенеуніктер сіз таңдаған шара орынымен келіспеуі мүмкін және сізге мүлде басқа жерде кездесу өткізуді ұсынуы мүмкін. Қазақстанда, әр қалада митингтер мен пикеттер өткізу үшін, әдетте, қаланың шетінде немесе адам көп бармайтын жерлерде орындар белгіленген.

Сіз парламенттің кейбір шешіміне наразылық пикетін өткізгіңіз келді делік, алайда сізді қаланың мүлде басқа бөлігіндегі саябаққа немесе стадионға жібереді. Мұндай митингтен не пайда?

Кез келген кездесудің мақсаты — қарапайым халықтың талабын билікке жеткізу, естірту, көрсету. Шараны жолданушы орналасқан жеріне жақын жерде бейбіт жиналысты өткізуден бас тарту — азаматтардың еркін және бейбіт түрде жиналу мен өз пікірлері мен талаптарын білдіру жөніндегі конституциялық құқығының шектелуі болып табылады.

Биліктің мүддесін қорғайтын шенеуніктер билікті сынауға бағытталған митингтерге рұқсат беруге мүдделі емес екені түсінікті. Сондықтан олар кез келген тәсілмен бұл митингтерді болдырмауға тырысады. Олар үшін ең дұрысы оппозиция мен билікті сынайтын барлық азаматтардың митингілерін «ит өлген жерде» өткізуге рұқсат беру, ал ең жаманы, олар түрлі сылтаулармен митинг өткізуге рұқсат беруден бас тартады. Бұл соңғы жылдары біздегі кең тараған тәжірибе.

### **Сөз бостандығы құқығы**

Саяси сыбайлас жемқорлықтың сөз бостандығы мен осы тектес ақпаратты тарату мен алу құқығын іске асыру тұрғысынан көрініс беру механизмі кемсітуге ұқсайды.

Ресми түрде «транзиттік демократия» елдерінде сөз бостандығы жарияланды, цензураға тыйым салынды, тәуелсіз және тіпті оппозициялық БАҚ қызметіне ресми тыйым жоқ. Оның үстіне, егер сіз оппозициялық газеттерге шектеулер мен кедергілер бар деп жарияласаңыз, сізді біржақты және жала жапты деп айыптайды.

Алайда, іс жүзінде бәрі мүлде басқаша.

Шындығында, ойын ережелері деңгейінде цензураның болуын қамтамасыз ететін жүйе құрылды, оның орындалмауы бұқаралық ақпарат құралдары мен оларды бұзатын жеке азаматтар үшін елеулі проблемаларға әкелуі мүмкін.

Мәселелер әртүрлі — тиісті министрлік пен салық органдарының шағымдарынан өртке қарсы және санитарлық инспекцияның тексерулеріне дейін. Бұл полицейлердің, арнайы қызметтердің назарын аударуды

## V. ҚҰҚЫҚТЫҚ ҚАЙШЫЛЫҚТАР

және жай ғана «кездейсоқ бұзақылардың» қорқытуы мен шабуылын айтпағанда.

Бұл жағдайда кез келген БАҚ, әр журналист алдында таңдау мүмкіндігі болады — жарияланған сөз бостандығын пайдалану, оны ешкім жоймайды, бұзылу қаупі бар, қылмыстық қудалау немесе лицензиядан айыру қаупі бар. Билікке белгілі бір дәрежеде адалдық пен оларды сынға алудан бас тартуды білдіретін астыртын ережелермен келісу болып табылады.

Журналистердің көпшілігі проблемасыз өмірдің пайдасына таңдау жасауға мәжбүр екені түсінікті, бұл



ойынның астыртын ережелері шеңберінде өзін-өзі цензура лауды болжайды.

Рас, кейде сөз бостандығы, егер оған Конституция кепілдік берген болса, өз басылымдарының беттерінде жеңіске жету керек деп есептейтін қыңыр және принципті адамдар бар. Бұл жағдайда өшіру тетігі іске қосылады, дәлірек айтқанда, ақпарат тасымалдағыштың жабылуымен аяқталып ақпараттық өрістен аластатылады.

2000 жылдардың ортасынан бастап билікке қарсы сайттарды бұғаттау бейресми түрде жүргізілді. Сол жылдары [www.eurasia.org.ru](http://www.eurasia.org.ru), [www.kub.kz](http://www.kub.kz), [www.freeas.org/](http://www.freeas.org/), [inkar.info](http://inkar.info) сияқты оппозициялық сайттар бұғатталды.

2009 жылдан бастап, барлық интернет-сайттарды БАҚ-на теңестіретін «Бұқаралық ақпарат құралдары туралы» Заңға өзгерістер енгізілгеннен кейін, бұғаттау заңды болып табылды және прокуратураның ұсынысы бойынша соттар сайттарды жабуға құқылы болды. Онда сайттар заңсыз деп танылды. Заңның материалдарға ғана емес, оларға түсініктемелерге де қолданылатыны тән.

Сол уақыттан бері шенеуніктер заңға сүйеніп сайттарды бұғаттай алады. Бізді идеологиялық және саяси себептермен бұғатталғандары ғана қызықтыратыны анық. Ең танымал [www.geokz.tv](http://www.geokz.tv), [www.geokz.ru](http://www.geokz.ru), [www.kaztoday.ru](http://www.kaztoday.ru), [www.politkz.net](http://www.politkz.net), [www.kahar.info](http://www.kahar.info), [www.livejournal.com](http://www.livejournal.com), [http://freewebproxy.ru](http://http://freewebproxy.ru), [www.archive.org](http://www.archive.org), [www.avaaz.org](http://www.avaaz.org), [www.dailymail.co.uk](http://www.dailymail.co.uk), [www.fergananews.com](http://www.fergananews.com), [www.proza.ru](http://www.proza.ru), [www.samlib.ru](http://www.samlib.ru), [www.stoicallyspeaking.org](http://www.stoicallyspeaking.org), [www.respublika-kz.info](http://www.respublika-kz.info).

Сонымен қатар, жасырын цензураға ұрынған газеттермен проблемалар болды. Соңғы жылдары оппозициялық «Взгляд», «Голос Республики», «Свобода слова»,

ADAM bol журналы, K + телеарнасы, stan.kz ақпараттық бейне порталы мен Nakanune сайты жабылды.

Проблемалар туындағанда әрекеттер әр түрлі болуы мүмкін. Баспахана газетті басудан бас тартқаннан бастап, газет сатушыларына қысым жасау, қорқыту «азаматтық киімдегі адамдардың» ашық қысымына дейінгі жағдайлар болуы мүмкін. Газетті шығаруды бірнеше айға тоқтатамыз деп қорқыту, ақпараттың дұрыс еместігі туралы тиісті министрліктен шағымдар болуы мүмкін. Ар-намыс пен абыройды қорғау үшін миллиондаған доллар сот процесі болуы мүмкін, ондай соттың шешімі ешқашан газеттің пайдасына шешілмейді. Бұл проблемалардың кез келгені жасырын цензура ережелеріне бағынбайтын газеттің өз оқырмандарына жетуіне кедергі келтіреді.

Рас, кейбір оппозициялық БАҚ-тар кейде ақпарат алаңының шетіне ығыстырылып өмір сүреді. Олар таралымның маңыздылығын ескере отырып, оларды демократияның өзіндік белгісі ретінде қолдана отырып, әділетсіздікке жол береді. Сондықтан билік сондайларды алға тарта отырып айтады, қараңызшы, бізде билікті сынайтын оппозициялық баспасөз бар дейді.

Теледидарға «бөтен адамдарды» жіберуге қатаң тыйым салынғанын ескерсек, эфирге шығуға қазіргі саяси режимге адал телеарналарға ғана рұқсат етілген. Елде дербес ақпараттық саясатты жүргізуге қабілетті бірде-бір телеарна жоқ. Бұл барлық автократиялық елдердің ақпараттық саясатының маңызды шарттарының бірі.

Қазақстанда 90-шы жылдардың басында ондаған тәуелсіз телестудия мен телеарна жұмыс істеді. Әртүрлі пікірлерге негізделген жаңа қазақстандық телевидение

құрды және сәйкесінше көрерменге әр түрлі ақпарат пен елдегі саяси көзқарастардың бүкіл палитрасын ұсынды. Алайда билікке мұндай еркіндік ұнамады, радиожиліктерге тендер ұйымдастырылды, оның барысында саяси сенім тудырмағандардың бәрі эфирден алынып тасталды. Осылайша Қазақстанның тәуелсіз телевизиясы жойылды. Билікке ақпараттық қызмет көрсететін «өз адамдары» ғана эфирде қалды.

Нәтижесінде, біздің телевидение бүгінде біркелкі көріністі ұсынатын болып алды: ақпараттық бағдарламалар биліктің сойылын соққан, ал талдаушылар қолданыстағы саяси режимнің идеологиялық қызметімен ашық айналысқандар.

Бұл, былайша айтқанда, «транзиттік» елдерде Конституцияда жарияланған сөз бостандығының екінші жағы, мемлекеттік ақпараттық саясаттың негізгі қағидаты ретінде танылады, бірақ іс жүзінде оның көптеген саяси, идеологиялық және жеке шектеулер, тіпті тыйым салулары өте көп.

Мұндай жағдайда сөз бостандығы туралы және азаматтардың ақпаратты еркін алу мен тарату құқығы туралы айту қиын екені түсінікті.

## **Елді басқаруға қатысу құқығы**

Ал транзиттік елдерде оппозицияға ресми тыйым салмай, іс жүзінде оның билікке келуіне жол бермеуге мүмкіндік беретін технологиялар бар. Бұл азаматтардың саяси партия құру құқығын шектеу тұрғысынан алып қарағанда, сыбайлас жемқорлық болып табылады.

Қазақстанның мысалындағы жағдай мынадай. Партиялар тіркеудің ерекше тәртібін қарастыратын заң



қабылдануда. Процедура өте ауыр және күрделі, бұл іс жүзінде шенеуніктерге қажет болған жағдайда рәсімді бұзуына мүмкіндік береді және осы негізде партияны тіркеуден бас тартады.

Мен бұл жаңартпаның іс жүзінде қалай жұмыс істейтініне куәгер ретінде Қазақстандағы «Алға» партиясының мүшелері 5 жыл бойы өз партиясын тіркеуге тырысқанын айта аламын. Әркез бұл партияны тіркеуден бас тартуға түрлі сылтаулар табылды. Бастамашыл топ болашақ партиясының 40 мың мүшесінің тізімін ұсынуды қоса алғанда, тіркеуге қажетті барлық шарттарды дұрыс орындады. Алайда, Әділет министрлігі бұл тізімдерді «шұқшия» тексеруді ұйымдастырып, тізімнің ішінен «өлі адамдарды» «тапты».

Расында да, ресми тіркелген партияң болмаса, саяси қызметке қатысуға заңмен тыйым салынған. Қазақстанда бір мандатты округтер жоқ, сондықтан парламенттік сайлауда дауыс беру тек партиялық тізім бойынша жүзеге асырылады. Яғни, елдің саяси өміріне қатысу үшін, парламентке кіру үшін міндетті түрде кез келген партияның өкілі болуың керек. Партияң жоқ па, саяси билікке араласуға да жол жоқ. Осы мысалдан-ақ көруге болады, оппозиционерлердің не себепті саяси билікке тікелей араласа алмағанын, неге билік тарапынан болған былықтармен күресе алмағанын. Биліктің де не себепті оппозиционерлерге партия құруына мүмкіндік берілмегені осыдан кейін түсінікті шығар.

Осындай олқылық салдарынан партия сайлауға қатыса алмады, демек, азаматтардың билікке араласу құқықтары бұзылды. Оның үстіне, Қазақстанда тіркелмеген кез келген ұйымдардың қызметіне заңмен тыйым салынғанын ескерсек, оппозиция қоғамдық жұмыстар-

да үгіт-насихат және саяси іс-шараларға қатысу тұрғысынан айтарлықтай шектеулі болды.

Мұндай жағдайда билік өздерінің саяси мақсаттары үшін оппозициялық партияны тіркеуге жол бермеу үшін шенеуніктер ұсынған біржақты әкімшілік ресурсты пайдаланды. Өз қарсыластарының елдің саяси өміріне араласуына мүмкіндік бермеуі бұл биліктің саяси жемқорлық әрекеті емес пе? Меніңше, бұл қазақстандықтардың өз елін басқару құқығының бұзылуының айқын дәлелі бола алады және сонымен бірге үкіметте саяси сыбайлас жемқорлықтың бар екендігінің нақты дәлелі бола алады.

### **Діни сенім бостандық құқығы**

Бұл құқықты саяси құқықтарға жатқызуға болмайды, бірақ Қазақстан үшін маңыздылығына байланысты мен оған кеңірек тоқталуды жөн санадым.

Ел Конституциясында ар-ождан бостандығы құқығы айқын бекітілген. «Әркімнің ар-ождан бостандығына құқығы бар» екені заңда тайға таңба басқандай жазылған. Бұл заңдағы «әркімнің» деген сөзі қандай құдайға табынатынына қарамастан, дінге сенушілердің бәріне бірдей берілетін құқық екенін көрсетеді.

Ар-ождан бостандығы дегеніміз не? Ар-ождан бостандығы, елдің Ата заңына сәйкес, адамның кез келген идеологиялық бақылаудан бостандығын білдіреді. Ар-ождан бостандығы — бұл адамның абсолютті құқығы және ешбір жағдайда шектеулерге ұшырамайды. Осы екі маңызды нәрсеге назар аударайық...

... кез келген идеологиялық бақылау,

... ешқандай жағдайда бұл құқықты шектемеу.

Қазақстанда соңғы уақытқа дейін 1992 жылдың 15 қаңтарында қабылданған «Діни сенім бостандығы және діни бірлестіктер туралы» заң күшінде болды. Бұл КСРО-да дінге сенушілер мен мемлекет арасындағы қарым-қатынастың өркениетті принциптерін шоғырландырған дінге қарсы жарты ғасырдан астам күрестен кейін қалыптасқан заң еді.

Жаңа заң не үшін қажет болды? Енгізілген өзгерістерді талдау биліктің діни бірлестіктер саласында процестерге бақылаудың жоқтығын көрсетеді. Оларға діни бірлестіктерді реттеу үшін қосымша тұтқалар қажет болды. Заңның жаңа редакциясының кіріспесінде заңның өзгертілуі «мемлекеттің діни қызметті реттеуге неғұрлым белсенді қатысуы» қажеттілігінен туындағаны анық көрсетілген. Бақылау — «Діни қызмет туралы» Заңның жаңа редакциясын қабылдаудың басты себебі.

Яғни, бізде бәрі сөз бостандығы, бейбіт жиналыстар бостандығы, үкіметке араласу құқығы және әділ сайлауда таңдау құқығы мемлекеттің бақылауына байланысты.

Бұл жерде де авторитарлық айла қолданылады. Мысалы, мемлекет діни ұйымдардың қызметіне араласпауына кепілдік береді... егер ол заңнамаға қайшы келмесе. Яғни, қалағаныңызды жасаңыз, бірақ біздің дайындаған заң аясында жасауға тиіссіз деген мағынада.

Мұның айла-шарғысы мынада: заң дінге сенушілердің әрбір қадамы шенеуніктердің бақылауында болатындай етіп қайта жазылды. Ұйым өмірі мен қызметіндегі кез келген өзгерістер, оның ішінде идеология билікпен келісілуі керек екені де көрсетілді. Сонымен қатар бұл заңда барлығы қатаң жоспарланғаны сондай, биліктің талаптарына бағынбасаңыз басыңыз дауға қалып, тіпті ұйымыңыз жабылып та қалуы мүмкін екенін

аңғару қиын емес. Ал ұйымдарды қайта тіркеу кезінде туындайтын қиындықтар туралы айтудың өзі артық. Барлық ұйымдардың үштен бірі үкіметте қайта тіркеуден (оның ішінде идеологиялық негізде) өтеді. Бұл бюрократиялық бақылаушы билік айтқандай оңай шаруа емес.

Ал енді кез келген идеологиялық бақылауға жол берілмейтіндігі және Конституция талап еткендей, кез келген жағдайда бұл құқықты шектеуге жол бермеу туралы мәселеге қайта оралайық.

Бұл жерде идеологиялық бақылауды қалай түсіну керегін анықтау өте маңызды. Әрине, формальды түрде олай болмауы керек. Бірақ біздің жағдайда біз өз ережелерін талап ететін біздің шынайы өмірге сүйенуіміз керек. Шындығында, ұйымның шенеуніктерге тәуелділігін болжайтын кез келген әкімшілік бақылау міндетті түрде идеологиялық және саяси бақылаудың барын көрсетеді. Біздің жағдайымызда, билік террористерді ұстап, оппозицияны сотқа бергенде, бұл оп-оңай идеологиялық және саяси қысымға айналады, онда мыңдаған дінге сенушілер өздеріне қауіп төнгенін сезінеді. Және бұл да саяси сыбайлас жемқорлықтың бір бөлігі, сенушілерді ойын ережелерін қабылдауға мәжбүрлейді.

Жоғарыда айтылғандардың барлығының тағы бір жағымсыз жағы бар — адами фактор. Саяси сыбайлас жемқорлықты қалыптастыратындар да, еріксіз оған қатысуға мәжбүр болғандар да, көбіне, адамгершілік тұрғысынан жасаған істерінің ұяттығын түсінбейді. Көпшілік үшін бұл қалыпты жағдайға айналды және оларды сайлаудың бұрмалануы, оппозицияға тыйым салынуы және тәуелсіз БАҚ-ның жабылуы аса алаңдатпайды. Олар жиналыс өткізу құқығынан айырылғаны-

на алаңдамайды, өйткені оларға бұл құқық осы уақытқа дейін қажет емес еді. Саяси сыбайлас жемқорлықтың зияны өздеріне, туыстарына, достары мен таныстарына тимейінше алаңдай қоймайды.

Бірақ саяси сыбайлас жемқорлықтың экономикалық сыбайлас жемқорлыққа қарағанда бір қасиеті бар — ол біржақта, яғни ол тек билік басындағыларға ғана пайдалы, қалғандары одан тек зардап шегеді.

Алайда саяси сыбайлас жемқорлық көбейіп жатқан проблемаларды тудырып және сайып келгенде, күннің бір күнінде жарылатыны белгілі.

Шындығында, бұл — ел үшін үлкен қиыншылықтармен аяқталатын, әлеуметтік-саяси дағдарысқа апаратын төте жол. Сондықтан биліктегі адамдарды конституциялық жолға қайта түсіріп, ақылдарына салып бұл індеттен уақытында құтылу өте маңызды.

## VI тарау

# АДАМ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН БИЛІК

Ерекше айтқым келетін өте маңызды бір мәселе бар. Адам құқықтарының тарихы Адам ата мен Хауа анадан емес, МЕМЛЕКЕТ пайда болған сәттен басталады, яғни адамдарға сыртқы қауіп-қатерге қарсы тұруға да, адамдардың өз арасындағы қайшылықтарды шешуге де көмектесетін арнайы құрал ретінде пайда болды. Шын мәнінде, адам құқығының тарихы осы жерден басталады.

Адамның кез келген құқығының бұзылуы мемлекеттің қатысуынсыз болмайды. Мемлекеттің қатысуынсыз, адам құқығы туралы әңгіме болуы мүмкін емес. Сіздің құқығыңызды тек мемлекет қана бұза алады.

Әрине, мемлекет қана емес, бір адам немесе адамдар тобы сізді меншіктен, бас бостандығынан айыруы, тіпті өміріңізге қастандық жасауы мүмкін, бірақ ол басқаша аталады. Мысалы, сіздің өміріңізге немесе мүлкіңізге қауіп төнген жағдайда, бұл жай ғана қылмыс болады, одан сіз өзіңізді немесе мемлекеттік органдардың — полицияның, соттардың, билік органдарының көмегімен өзіңізді қорғауыңыз керек.

Егер біреу сізді мұрыныңыздан ұрса, онда, нақты айтқанда, бұл жеке қол сұғылмаушылық құқығын бұзған жоқ, нақтырақ айтқанда, мұрынның қол сұғылмаушылық құқығын бұзды. Мұрынды қорғау тұрғысында бұзақыға дәл осылай жауап беруге немесе полицияға, яғни мемлекетке қорғауға өтініш беруге құқығыңыз бар. Яғни, бұл жағдайда бұл сіздің иммунитетке құқығыңызды бұзуға шешім қабылдаған бұзақы мен сіздің арадағы тұлғааралық қарым-қатынас. Қандай да бір өкілеттік негізінде, қабылданған шаралар жүйесі ретінде адам құқықтарының бұзылуы бұл жерде жоқ.

Ал айталық, балаларыңмен, немерелеріңмен қыдырып үйренген қалалық саябақты бұзуға келіспейтіндігің туралы митингіге келдің, ал полицейлер сені таяқшамен ұрыа, тіпті қолыңды қайырып, ұстап әкетіп, қамады. Жарты күн бойы қамап қойса, бұл адам құқықтарының классикалық бұзылуы. Бірақ сіз заңға сүйеніп, полицияға дәл осылай жауап бере алмайсыз. Олар заңмен қорғалады, оның астында бейбіт жиналыстар бостандығы құқықтарыңыз, сонымен қатар жеке қол сұғылмаушылық құқығыңыз бұзылды. Ал қазіргі заңдар тұрғысынан алғанда, бұл жағдайда кімнің әрекеті дұрыс екені маңызды емес (заңдар көбінесе полицияның тарапын қолдауы мүмкін, бұл олардың құқықтық құндылығын күрт төмендетеді), осы және осыған ұқсас жағдайларда маңызды әңгіме — АДАМ ҚҰҚЫҒЫ туралы.

Адам құқықтары туралы әңгіме әрқашан мемлекет пен жеке адам арасындағы қарым-қатынас мәселесі екенін анық түсіну керек. Сіздің құқықтарыңызды шектейтін форма киген адам пайда болғаннан кейін адам құқығын бұзуға жол ашады. Демек, адам құқығы тақырыбы мемлекет өзінің заңдары, шенеуніктері, полиция

қызметкерлері және бақылау мен шектеуге ұмтылысы бар кезде ғана пайда болады.

Сонымен, сіз ауылдық жолда көлік жүргізіп келе жатқанда, сіздің құқықтарыңызға қандай да бір шектеулер туралы сөз болмауы мүмкін. Бірақ трассаға кірген бойда жағдай күрт өзгереді. Жолда белгілер пайда болады, ең бірінші белгі мемлекет тарапынан қозғалыс қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін қойылған ережелерін сақтауға міндеттейді. Жолдағы қозғалыс неғұрлым қиын болса, көліктер көп болса, жол қозғалысына қатысушылар мен жаяу жүргіншілерге қауіп төндіретін белгілер, тыйымдар мен шектеулер соғұрлым көп қойылады. Бұл қалыпты жағдай. Ал мемлекеттің өзіне берілген өкілеттіктер шеңберінде белгілейтін халықты өз мүддесі үшін шектеулер бар.

Мемлекет өз басымдықтарын қоғам мүддесінен жоғары қойғанда, содан кейін азаматтардың құқықтарын шектеу қалыпты жағдайға айналғанда адам құқықтарының проблемасы туындайды. Бұл, ең алдымен, демократиялық принциптер әлі нормаға айналмаған мемлекеттерге қатысты, сондықтан билік тыйым салу белгілерін тиісті емес жерлерде жиі қояды. Адам құқықтарының бұзылуы осыдан басталады.

Түсінікті болу үшін нақты бір мысал келтірейін. Алматыда көп жылдар бойы қалалық ішкі істер басқармасы ғимаратының маңында ғимараттан өтуге тыйым салатын белгі ілінген. Яғни, полицейлер өздеріне ыңғайлы болу үшін Масаншы көшесін жауып тастаған. Бұл жағдай ұзақ жыл бойы жалғасты. Ақыры, азаматтардың сансыз наразылығынан кейін бұл тыйым салынған белгі алынып тасталып, көше барлығының жүретін бөлігіне айналды. Алайда, ұзақ жыл бойы полиция өкілі




болған билік азаматтардың аталған көше бойымен жүру құқығын бұзып келген. Көптен бері орын алған бұл заңбұзушылыққа мемлекеттік емес істері үшін осы көшеде жүрген қарапайым азаматтардың мүдделерінен гөрі қаладағы тәртіпті сақтауға атсалысқан полиция қызметкерлерінің мүддесі жоғары деген пікір негіз болған. Яғни, билік басындағы шенеуніктер азаматтардың көше бойымен жүру құқығынан гөрі полиция қызметінің мүддесін жоғары қойған.

Сол сияқты шенеуніктердің мүддесі үшін азаматтардың мүддесін ескермейтін, тіпті олардың құқықтары мен бостандықтарын шектейтін көптеген заңдар қабылданды. Мұның бәрі басымдыққа ұласты.

Не маңыздырақ: мемлекет мүддесі ме, әлде қарапайым азаматтардың мүддесі ме? Бұл туралы адамзат 2 мың жылдан астам уақыт бойы дауласып келеді.

Жалпы алғанда, биліктің өкілі болып табылатын мемлекет бақылауға, шектеуге және тыйым салуға бейім. Бұл билік басындағылардың сүйікті істерінің бірі. Шамасы, тәртіпті сақтау жауапкершілігі мен мемлекет атқаратын жұмыстың маңыздылығымен сусындаған шенеуніктер барлығын салуға, реттеуге, бақылауға кіріседі — бір сөзбен айтқанда, «көгалда жүруді» болдырмас үшін бәрін жасайды. Бір жағынан, бұл орынды, өйткені қоғам жетілмеген және онда тәртіпті бұзуға дайын адамдар әрқашан жеткілікті. Мұндай адамдарды, әрине, заң бойынша өмір сүруге мәжбүрлеу керек, ал бас тартқан жағдайда мемлекет тарапынан жазалануы керек. Дегенмен, тәртіпті сақтауға құлшыныспен кіріскен шенеуніктердің әрекеті көбінесе тәртіпті сақтау аяқталып, адам құқықтарын шектеу басталатын шекарадан асып кетеді.



**КОГАЛДА  
ЖУРМЕҢІЗДЕР**

---

**ПО ГАЗОНАМ  
НЕ ХОДИТЬ**

Нәтижесінде, билік «көгал» арқылы асфальт жол төсеудің орнына, олардың тапталуын болдырмау үшін «көгалмен» жүруге тыйым салады. Сол сияқты бұзақылар әрекеті көшедегі тәртіпсіздіктерге ұласып, бейбіт митингіге ұласып кетуі мүмкін деп қауіптенген Қазақстан шенеуніктері шерулерді өздері шектеп, тіпті тыйым салды. Оларға митингілер кезінде тәртіпті сақтау оңай.

Митингілердегі бұзақылардың қорқытуы, ең алдымен, мұндай қоқан-лоққылардың алдын алуға міндетті полицейлердің мәселесі екені анық. Әлгі тыйым салынған көгалдағыдай, бұл жай ғана жұмыс істегісі келмейтін немесе толық жұмыс істей алмайтын коммуналдық қызметтердің мәселесі. Бұл мемлекеттік қызметкерлердің қабілетсіздігі мен дәрменсіздігінен туындайтын мәселелерді тыйымдар мен шектеулер арқылы шешуге бейім екенін көрсетеді. Бұл өте қарапайым жол — тыйым салса, проблема да жоқ болады!

Дегенмен, билік тарапынан тыйым салудың тағы бір маңызды себебі бар. Бұл билік басындағы адамдар азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын жүзеге асыруды олардың саяси мүдделеріне қауіп төндіретіндей көре бастағанда болады. Бұл, ең алдымен, саяси категорияға қатысты және адам құқықтары мәселелеріне қатысты. Ал содан кейін «Көгалда жүруге болмайды!» деген жазулар пайда болады. Және бұл жазулар барлық бұрыштар мен қиылыстарда ілініп тұрады.

### **Жан-жақтың бәрі жабық «көгал»**

Мысалы, бұл жағдай саяси партиялар құру арқылы мемлекетті басқаруға қатысу құқыққа да байланысты.

Бұл «көгалда» Қазақстанда билікке адал еместерге жүруге қатаң тыйым салынады. Ресми түрде заң азаматтардың саяси партия құру мүмкіндігін қарастырады. Ешқандай саяси және идеологиялық шектеулер жоқ, алайда партия құрудың күрделі процедуралары ойлап табылды, бұл қажет болған жағдайда оны заңды түрде тіркеу мүмкіндігін толығымен жоққа шығарады. Тіркеу процесінде Әділет министрлігінің лауазымды тұлғаларына құқық бұзушылықтарды оңай «табуға» және осының негізінде тіркеуден бас тартуға мүмкіндік беретін тетіктер бар. Оппозициялық «Алға» партиясы бес жыл бойы тіркелуге талпынғанымен, шенеуніктер оның тізімдерінен «құық бұзушылықтарды» тауып, құжаттарын кері қайтарғанын жоғарыда айттық.

Жүруге тыйым салынған тағы бір «көгал» — ақпарат беру құқығы. Түсіндірейік, барлығына тыйым салынбайды, тек шенеуніктердің көзқарасы бойынша саяси режимге адал емес адамдарға ғана тыйым салынады. Бұл ең алдымен оппозицияға және өзін билікке оппонент ретінде танытқан адамдарға қатысты. Мұнда тағы да газет-журналдарды тіркеуден бас тарту процедурасы қолданылады.

Есте сақтауды қажет ететін тағы бір мысал, дәстүрлі діндерден айырмашылығы іс жүзінде ерекше қолайсыз жағдайларда орналастырылған дәстүрлі емес діндерге қатысты мемлекеттік саясат. Бұл, дәлірек айтқанда, ар-ождан бостандығы тұрғысынан кемсіту.

Кез келген басқа өркениетті елде жоғарыда аталған мәселелерге тап болған азаматтар, әрине, наразылық танытып, биліктен жағдайды түзеп, азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қалпына келтіруді талап ете бастайды.

Олар мұны бұқаралық ақпарат құралдары арқылы мәлімдеуге тырысады, бұл проблемаларды кеңінен жариялайды. Олар мұны өздері сайлаған депутаттары бар парламент арқылы шеше алады. Бұны беделі мен ықпалы бар түрлі қоғамдық ұйымдар арқылы насихаттауға олардың да мүмкіндіктері бар. Соңында азаматтар петицияға қол жинауды өздері ұйымдастыра алады немесе митингілер мен шерулерге шыға алады. Бұл рәсімдердің барлығы Қазақстанда мемлекеттіліктің ең маңызды қағидасы ретінде ресми түрде жарияланған демократия болып табылады.

Бұл жағдайда қазақстандықтардың биліктен өз құқықтарына қол сұғуды тоқтатуды және жағдайды Конституция мен халықаралық құқық нормаларына сәйкестендіруді талап етуге толық құқығы бар деп пайымдау ең қисынды болатыны анық.

Әттең! Соңғы 20 жылда құқық қорғаушылардың, оппозициялық партиялардың, қоғамдық ұйымдардың және жай ғана азаматтық белсенділердің осы мәселеге назарын аудару әрекеттерінің бәрі де көңіл қуантарлық нәтиже бермеді.

Билік бұл талаптардың көпшілігінің заңдылығы мен негізділігін мойындаудан қыңырлықпен бас тартты. Олар құқықтар мен бостандықтардың барлық мемлекеттер үшін әмбебап болуы мүмкін екендігіне күмән келтірді. Олардың пайымдауынша, халықтың салт-дәстүрі, халықтың менталитеті және күрделі әлеуметтік-экономикалық проблемалар адам құқықтарын халықаралық стандарттар көлемінде жүзеге асыруға мүмкіндік бермейді.

Олар біз басқамыз дейді, сондықтан біздің демократия ерекше, еуропалықтан бөлек, адам құқықтары мен

бостандықтары саласында бізде әртүрлі стандарттар болуы керек дегенді алға тартады. Биліктегі шенеуніктер үшін бұл жерде біз айтып отырған шектеулер қалыпты жағдай. Олар бұған сенімді және Қазақстанның еуропа-лық демократияға пісіп жетпегенін дәлелдеп, өз ұстанымдарын тықпалайды.

Бұл мәселенің бергі жағы ғана. Іс жүзінде адам құқықтары саласындағы демократиялық стандарттарды ілгерілетуге қарсы тұрудың жасырын тетіктері де бар. Билік басындағылар бұл құқықтарды қалыптасқан саяси режимге қауіп төндіреді деп санайды, сондықтан бұл құқықтарды шектеу үшін мақсатты түрде қолдан келген барлық жағдайды жасайды.

Үнемі билікте қалғысы келетін адамдардың логикасы түсінікті. Олар «көгалда жүру» мүмкіндігіне ие болған кезде сөзсіз саяси бәсекелестіктен қорқады. Сондықтан, бүгінгі күні адам құқығы олардың билікте сақталуы мәселесінде басты проблемаға айналды. Қазақстандықтар өздерінің азаматтық құқықтарын шектеусіз жүзеге асыру мүмкіндігіне тек нақты саяси бәсекелестік, билік ротациясының нәтижесінде ғана ие бола алады. Міне, сонда ғана елде шынайы демократия орнайды. Бұлай болмаса, барлығы қазіргі «транзиттік демократия» форматында қала береді.

## VII тарау

# САНАНЫҢ ӨЗГЕРУІ

Жоғарыда біз айтқан процестер қоғамдық сананың айтарлықтай өзгеруіне әкелді.

Соңғы жиырма жылда қоғамда мемлекеттің саяси құрылымының әртүрлі концепциялары арасында идеологиялық күрес жүріп жатыр. Негізгі күрес төрт негізгі идеологияның — либералды-демократиялық (батысшыл), коммунистік (кеңестік), ұлтшылдық (этноэлеуметтік) және империялы-реваншистік (ресейшіл) арасында болды.

90-жылдары айтарлықтай үстемдік еткен либералдық-демократиялық идеология 2000-шы жылдардан бастап басқа идеологиялардан жеңіле бастады. Бүгінгі таңда батыстық үлгідегі демократияға бет бұрған қазақстандықтардың саны ұлтшылдыққа, коммунизмге және Путиннің империялық реваншизміне бағытталғандардан аз. Мұндай жағдайда батыстық стандарттарға бағытталған демократиялық мемлекет құру әрекеті айтарлықтай қиын екені анық.

Қайта құрудан кейін бірден жалпыхалықтық қолдауға ие болған либералдық-демократиялық идеялар қоғамның елеулі бөлігінің алдында өзінің тартым-







дылығын жоғалтқаны қалай болды? Менің ойымша, бұл халықтың көпшілігі үшін «транзиттік демократияның» барлық теріс құбылыстары оның құнсыздануымен, билік беделінің төмендеуімен, рәкеттік, заңсыздық пен саяси волонтаризммен түсіндіріледі.

Кәдімгі адамның ойлау қарапайым әрі түсінікті — теледидардан таңертеңнен кешке дейін елде демократия жеңіп, әділетсіздік белең алды, жемқорлық өршіп тұр, ұрылар мен қылмыскерлер байып жатыр, адал адамдар қайыр сұрап жатыр десе, содан кейін басқа ештеңе жоқ, мұндайда демократияға сұраныс болмайды. Болып жатқан жайттың мәнін түсінуден алшақ адам социализмді сағынышпен есіне алады, кейбіреулерге ұлтшылдық арқылы жағдайды түзетуге болатын сияқты, ал кейбіреулер діннен жұбаныш іздейді.

Посткеңестік елдерде қалыптасқан қарапайым, банальды авторитаризм адамдарға демократия ретінде шебер ұсынылып, ұғымдарды алмастыру жұмысын жүргізді. Ал көпшілік бұған сенді. Егер барлық ресми риторика демократия мемлекет емес, барлық елдерде әртүрлі жылдамдықпен жүріп жатқан процесс, сондықтан демократияны талап етуге әлі ерте деп әрекет етсе, қалайша басқаша болмақ?

Оның үстіне, коммунистер мен демократияның батыстық форматының басқа да принципті қарсыластары бұл туралы өздерінше жорамалдап жасауда. Олардың ең көп келтірген дәлелі: «Сіздің демократияңыз не берді?!». Мәдениет, денсаулық сақтау, білім беру, халықтың аз қамтылған топтары мен зейнеткерлерді әлеуметтік қолдау жүйесіндегі кемшіліктер т.б. Ал халықтың көпшілігі күрделі әлеуметтік-экономикалық қиындықтарды бастан кешіріп жатқанын

ескерсек (әсіресе мемлекет қамқорлығына үйренген аға буын) оларда осы қиындықты шектірді дейтін «демократияға» қатты наразылық бар. Олар бізге «демократияның» бергені аз, есесіне билік басындағыларды байытты деп ойлайды.

Осылайша, қоғамдық санада ұғымдарды алмастыру орын алды, соның нәтижесінде 20 жылдан астам авторитарлық мемлекетте өмір сүріп келе жатқан адамдар демократия жағдайында өмір сүріп жатқанына нық сенді. Ал бұл жалғанды, шын мәнінде, ешкім дауламайды. Оның үстіне, осы уақыт бойы оны басқарудың автократиялық әдістері сақталған барлық посткеңестік елдердің ресми үгіт-насихаты қолдап отыр. Мұның нәтижесінде қоғамдық санада демократиялық құндылықтар мен стандарттарды дискредитациялау жүргізілді.

Соңғы 15 жыл ішінде ресейлік БАҚ-тың күшті үгіт-насихат құралдарының көмегімен халықты демократиядан мақсатты түрде алыстатып, кеңестік өмір салтын демократиялық өмір салты етіп өзгерту ретінде авторитаризмнің жақтарын көрсетті.

Осымен қатар, Еуропа мен АҚШ-ғы демократиямен байланысты барлық нәрсені идеологиялық дискредитациялаудың күшті процесі өтіп жатты. Мұның табиғи нәтижесі ретінде бізде еуропалық демократиялық құндылықтарды сынайтын, демократияның өз елдері үшін қолданылуына күмәнданатын және соңғы жылдары императорлық-реваншизм рөлін қабылдауды жұқтыратын адамдардың антиамерикандық қоғамдық санасы пайда болды.

### **Идеологиялық тығырықтан шығу**

Ең кереғар нәрсе, осы уақыт ішінде Қазақстанда жүздеген мемлекеттік емес ұйымдар қоғамдағы демократиялық құндылықтар мен стандарттарды ілгерілету, азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын толық іске асыру үшін заңнаманы өзгерту бойынша ауқымды жұмыстарды атқарып келеді. Батыстық қорлардың жобаларында жұмыс істейтін мыңдаған азаматтық белсенді, жүздеген лектор, тренерлер Қазақстан өмірінде демократиялық стандартты бекітуге бағытталған түрлі жобаларды жүзеге асырды.

Әттең, бұл жұмыстардың бәрі жоспарлы нәтиже бермеді, демократияны қамтамасыз етушілерді қазақ қоғамы естімеген күйінде қалды. Және олардың жұмысы көп жағдайда конференциялар, мектептер, семинарлар мен дөңгелек үстелдер өткізген үй-жайлардың қабырғаларынан әрі аспады. Белгілі болғандай, қоғам мен ҰЕҰ-дар бір-біріне көп сәйкес келмейтін әртүрлі белдеуде өмір сүрді.

Оның үстіне ҰЕҰ-лардың өздері де, олардың батыстық донорлары да көпке дейін қарапайым азаматтар арасында ҰЕҰ жұмысына сұраныстың жоқтығын көруден бас тартты. Қазақстандық демократияны қамтамасыз етушілер қазақ қоғамының либералдық демократиялық идеялар мен стандарттардан жоғарыда аталған идеологиялық бетбұрыстарын көрмеген еді. ҰЕҰ белсенділері өздерінің конференцияларын, семинарларын, мектептерін адалдықпен өткізіп, оларда азаматтық қоғамды қалыптастыру, оның белсенділігін арттыру, еркін баспасөзді дамыту және демократиялық заңдарды қолдау жөнінде жұмыс жасап жатты. Олар демократия-

ны ілгерілетуде батыстық сарапшылар әзірлеген жобалардың стандарттарын қатаң ұстанды, бірақ бір қызығы олар неғұрлым жұмыс істеген сайын елде демократия азая берді.

ҮЕҰ жасаған күш-жігер мен алынған нәтижелер арасында сәйкессіздік пайда болды. Менің ойымша, бұл посткеңестік елдердегі демократияны ілгерілету бағдарламаларын жасаушылардың азаматтық қоғамға серпін беру, оның белсендірілуі мен қатысуын қамтамасыз ету үшін семинарлар мен мектептерде тренингтер өткізетін бірнеше жүз белсенді ҮЕҰ жеткілікті деген қате пікірден туындағандықтан болды.

Көптеген ұйым өкілдерімен, ҮЕҰ донорларымен, Мемлекеттік департамент пен Еуропалық Одақ шенеуніктерімен, халықаралық ұйымдардың өкілдерімен өткізген кездесулерім бұл бағдарламаларды әзірлеушілер демократиялық идеялар мен стандарттардың сөзсіз тартымдылығынан шыққанына сенімдімін. Олар адамдарға демократиялық өмір салтының артықшылығы туралы білім беріп, адам құқықтарының ажырамастығын, адамдардың демократиялық идеялармен қалай сусындайтынын, олардың азаматтық белсенділігі бірден артып, басшылыққа ала бастайтынын түсіндіру жеткілікті деп есептеді.

Әттең, мұнын бәрі орындалмайтын арманға айналды. Белсенділер мен құқық қорғаушылардың күш-жігерінен гөрі, шынайы өмір мен билік таңып отырған авторитарлық транзиттің саяси түрі күштірек болып шықты.

Бұған қоса, Батыс гранттары үшін жұмыс істейтін көптеген ҮЕҰ белсенділерінің идеологиялық тұрғыдан дәстүрлі ұстанымда қалуының да ықпалы бар. Олардың

арасында ашық Америкаға қарсы, ал кейде кәдімгі «батыс» демократиясының қарсыластары болды. Олардың демократияны қалай «ілгерілеткенін» және бұл жұмыстың қандай пайдасы бар екенін елестету қиын емес.

Құдайға сенбейтін және теріс өмір салтын ұстанатын діни қызметкер жұртқа Құдайды жақындата ала ма? Жауабы анық.

Қырымды Ресейдің басып алуын қолдайтын және барлық төңкерістерді зұлымдық деп санайтын азаматтық белсенді біреуді демократиялық құндылықтармен таныстыра ала ма? Бұл риторикалық сұрақ және нағыз қарамағайшылық.

Батыс донорларының бұл туралы сұрақ қоюы әдетке айналған жоқ. Олар либералдық-демократиялық принциптердің сенімді жақтаушыларының оларға гранттар алуға жүгінуінен туындайды. Сондай-ақ, негізінен бұл гранттар демократиялық бағыттағы адамдарды оқытуға жұмсалады деп есептеледі. Өкінішке қарай, бұл шындықтан алыс жатқан мәселе. Гранттарды ішкі идеологиялық көзқарастарға қарамастан барлығы және кез келген адам ала алады. Дәлірек айтқанда, өтінімдерді дұрыс ресімдеуді және грант берушінің көз алдында өзін көрсетуді білетіндер алады. Мұның демократияны ілгерілетуге қатысы шамалы екені анық. Айтпақшы, бұл көзқарас күні бүгінге дейін жалғасуда.

Жоба аясында журналистерді кәсіби дағдыларға үйрету, олардың саяси-идеологиялық көзқарастарына әсер етіп, тиісінше бұл олардың алдағы жұмысында да көрініс табуы керек деп есептелінеді.

Дегенмен, іс жүзінде америкалық және еуропалық салық төлеушілердің ақшасымен дайындалған көптеген журналист өздерінің жергілікті автократияларына

ақпараттық қызмет етуі үшін өздерінің білімдері мен дағдыларын сәтті қолдануда. Батысқа қарсы пікірді насихаттайтын материалдар дайындап, оппозиция туралы тапсырыспен мақалалар жазып, Ресейдің пайдасына (Ресей мен Украина арасындағы қақтығыста) тенденциалы оқиғалар дайындайтын да солар.

Егер олар өз елдерінде демократияға қарсы жұмыс істейтін кадрларды дайындауға объективті түрде көмектесетін болса, бұл гранттардың мәні неде? Міне, идеологиялық бейтарап жұмыстың типтік мысалы.

Соның салдарынан қоғамдық пікір ресейшіл, Путинді жақтайды. Посткеңестік кеңістіктегі елдердегі халықтың көпшілігі Ресейдің Қырымды басып алуын және оның Донбасс сепаратистерін қолдауын мақұлдады. Посткеңестік елдердің көптеген азаматы Америка Құрама Штаттарына теріс көзқараста, оларды қарсылас немесе тіпті жау ретінде көреді. Олар сондай-ақ, еуропалық өмір стандарттарына сыни көзқараспен қарайды, олардың әрекеттерін руханияттың деградациясы және дәстүрлі құндылықтардан бас тартуы ретінде қабылдайды.

Азаматтардың басын қатыруда басты рөлді теледидар атқарады оны барлық елдердің билігі жіті қадағалайды. Астартын цензура — меншік нысанына қарамастан, ресми саясаттың жүргізушісі болып табылатын телеарналардың редакциялық саясатының негізгі реттеушісі.

Бұл ақпараттық блокаданың посткеңестік кеңістіктегі эфирдегі жалғыз серпілісін 2008 жылы Орталық Азия мен Ресейге тарататын оппозициялық спутниктік телеарна ашқан оппозиционер Мұхтар Әблязов жасады. Бірақ оның пайда болуы он жылға кешігіп, бәсекеге қабілеттілік деңгейі көп нәтиже берген жоқ.

Бір ғажабы, оның қарсы үгіт-насихат жұмыстарына алғыс айтудың орнына, қазақ билігінің жетегінде кеткен еуропалықтар Әбіләзовті тұтқындап, ақырында телеарнаның жабылуына түрткі болды. Сонымен қатар қазақстандық оппозициясының елеулі қаржылық қолдаудан айырды.

Демек, Кремльдің үгіт-насихатына, сондай-ақ, билікке тәуелді жергілікті телеарналарға лайықты ақпараттық балама жоқ екені белгілі.

Ақпараттық тұрғыдан алғанда, посткеңестік елдердің бүгінгі тұрғыны бір қырлы тұлға, яғни идеологиялық зомби жасағандардың өнімі. Ол антиамериканизм, еуропалық саяси стандарттарды қабылдамау, адам құқығын елемеу, империялық ресейшіл реваншизм рухында қалыптасты. Есесіне ұлтшылдық күшейіп келеді. Бұл бүгінгі таңда транзиттік автократиялардың нағыз демократияға апаратын жолындағы ең маңызды мәселе. Өйткені мұндай қоғамдық санамен саяси режимді өзгерту, оны модернизациялау және еуропалық демократиялық стандарттарды сақтау мүмкіндігі туралы тіпті, армандауға да болмайды.

Міне, жағдай солай!

Қайта құруда идеологиялық тұрғыдан белгіленген қоғамдық сананың либералдық-демократиялық векторын сақтауға мүдделі адамдар болса, бұл қалай болуы мүмкін? Батыс сарапшылары қайда қарады, грант берушілер грант бергенде не ойлады, көптеген үкіметтік емес ұйымдар не істеді?

Бұл көп жағынан қоғамдық сананы қалыптастыру мәселелеріне дұрыс емес көзқарастың, идеологиялық қарсыластық мәселелеріне немқұрайлы қараудың заңды нәтижесі деп ойлаймын. Демократияны қамтамасыз

етушілер осы уақыт бойы жалғасып келе жатқан қоғамдық пікірде демократияның беделін түсіруде ешнәрсеге қарсы тұра алмады.

Демократиялық қағидаттар мен стандарттарды ілгерілетуге бағытталған бағдарламаларды жүзеге асыруды сеніп тапсырған адамдардың идеологиялық құрамдас бөлігінің мәселенің артында тұрғаны маңызды рөл атқарды. Көбінесе бұл гранттармен өтініштерді дұрыс жазуды білетін, ағылшын тілін жақсы меңгерген және керек жерде қалай болу керектігін білетін адамдар айналысады. Бірде маған грант алудың бір «шебері»: «Грант алу — кез келген адамға беріле бермейтін үлкен өнер», — дегені еді. Айтпақшы, бұл адам мүлдем саясаттан тыс, жәй өмір сүру үшін гранттар алады.

ҰЕҰ белсенділерімен байланыста 25 жылдық тәжірибем болғандықтан, олардың көпшілігі Қазақстанда демократия бола ма дегенге бейжай қарайды деп айта аламын. Олар үшін ең бастысы — билікпен жанжалдаспау, сауатты есеп жазып, грант мерзімін ұзарту. Иә, тағы бір айта кететін жайт — олардың бәрі лаңкестік шайтан сияқты «саясатқа түсуден» қорқады, олар дәстүрлі түрде сайлауға, оппозицияға, митингілерге және билікті сынауға байланысты барлық нәрседен бойын аулақ ұстайды.

Бірақ ойланып көрейікші, егер оның негізгі өткізушілердің өзі демократияға сақтықпен қарап, тыйым салынған нәрсе ретінде, дауыстап айтпаған дұрыс деп есептесе, осыдан кейін демократияны ілгерілету және азаматтық қоғамды дамыту туралы не айтуға болады? Және олар мұны өзінің басты миссиясы екенін ұмытып, шынымен де бұл туралы айтпауға тырысады.



## VIII тарау

# ТОЙДЫ БАСҚАРУҒА КІМ КЕДЕРГІ?

Басқа елдердегі «түрлі-түсті революциялар» «транзиттік» елдердің билеуші элитасын қатты үрейлендірді. Бұл төңкерістер өз болашағын елестеткен посткеңестік елдердің билігі үшін елеулі сілкініс болды. Бұл қауіпке әсер баяусыз қалмады, авторитарлық билік әріптестерінің тәжірибесіне сүйене отырып, болашақ «майдандардан» келетін қауіптерді азайту үшін алдын алу жұмыстарын бастады.

### Оппозиция

Кез келген билік үшін бірінші кезектегі қауіп — билікті ауыстыруға бағытталған саяси оппозиция екені анық. Оны транзиттік саяси жүйесі бар елдерде әртүрлі тәсілдермен жояды. Бірде олардың өкілдері ойдан шығарылған сылтаумен түрмеге түседі. Бірде оларға адам төзгісіз жағдайлар жасап, саяси өмірдің шетіне шығуға итермелейді. Бұл жағдайда оппозицияны билік не жояды, не оппозиция өзін-өзі жояды, не астыртын әрекетке барады.

Қазақстанда нағыз оппозициялық партиялар жоқ. «Нағыз Ақ жол» мен «Азат» партиялары биліктің қысы-

мымен өз қызметін тоқтатуға мәжбүр болды. Қазақстан коммунистік партиясы мен «Алға» партиясына билік тарапынан тыйым салынды. Бұл, әрине азаматтардың мемлекеттік басқаруға араласу тұрғысынан құқықтары мен бостандықтардың шектелуінің айқын көрінісі болып табылады.

Қазақстанда бұған екі жолмен қол жеткізіледі. Бір жағынан партиялар құруға шектеулері бар жаңа заңдар қабылдануда. Екінші жағынан, әкімшілік ресурс пайдаланылады, ол саяси «бөтен адамдардың» ісіне ашық түрде араласа отырып, олардың конституциялық құқықтарын көбінесе түрлі бейресми сылтаулармен шектейді.

Осылайша, оппозицияның сайлауға қатысуынан қорғану үшін саяси партияларды тіркеу тәртібін күрделендіретін заңдар қабылдануда. Іс жүзінде тіркеуші органдар оппозицияның қызметін заңдастыру және оның ел парламенті сайлауына арналған сайлау науқанына қатысу мүмкіндігін толығымен жоққа шығара алады.

Билік қаламаған үміткерлердің президенттік сайлауға түсуіне жол бермеудің түрлі тетіктері бар. Кейде бұған кандидаттарды ұсыну сатысында оппозиция мен билікке адал емес саясаткерлерді жоюға мүмкіндік беретін әрекеттер арқылы қол жеткізіледі. Кейде бұл бұрыннан тіркелген кандидаттардың, айталық, мүлікті жария етудегі қателіктер немесе мемлекеттік тілді білу сапасына емтихан тапсыру арқылы заң бұзушылықтарды іздеу арқылы шешіледі. Мұндайды тексеруді билік осы істерге сенімді және толықтай тәуелді адамдар арасынан мұқият таңдап алынған адамдар жүргізеді. Әдетте, бұл адамдарды іріктеу сәтті аяқталуы да мүмкін, бірақ оппозицияның кандидаттары сайлауға жіберілмейді.

Керексіз кандидаттарды жоюдың келесі деңгейі — дауыс беру және дауыстарды санау процедурасы. Мұнда бәрі әу бастан белгілі, нәтиже де өздері күткеніндей — қазіргі президент жеңеді. Яғни, мұндай елде парламентке түсу немесе президент болу тек қазіргі президент пен оның төңірегіндегілердің үнсіз РҰҚСАТ БЕРУІМЕН ғана мүмкін. Ал бұл дегеніміз, шын мәнінде, оппозициялық кандидаттардың саяси науқанға қатысуы осындай рұқсаттармен байланысты екенін білдіреді.

Билік тарапынан оппозицияның жолын кесу бойынша жүретін тағы бір әрекеттер сот жүйесінде жасалады. Заң жүзінде оппозиция өкілдері шенеуніктердің заңсыз әрекеттеріне наразылық білдіруіне құқылы. Бірақ көп жағдайда қазақ соттарына шағымдану оппозицияға ешқандай нәтиже бермейді. Мұндай елдердегі барлық деңгейдегі судьялар іс жүзінде атқарушы биліктің бір бөлігі бола отырып, үкіметке тәуелді. Сондықтан соттар биліктің іс-әрекетіне көңілі толмайтындардың арыз-шағымдарын көбіне қисынсыз, әрі күлкілі негіздерге сүйеніп қабылдамайды.

Іс сотта қаралса да, шешімдер әрқашан дерлік билік пен олардың өкілі болып табылатын тұлғалардың пайдасына шығарылады. Билік тарапынан біржақты және билікке жұмыс істейтін автократиялық мемлекеттерде билікті сақтаудың ең маңызды элементі болып табылады. Демек, сотты «үйлестіру» «шексіз билік жолының» бастапқы кезеңінде жүзеге асырылады.

### **Қоғамдық ұйымдар**

Авторитарлық режимдер проблемасы иерархияның маңыздылығы бойынша келесі сатысы демократияны

дамытуға және азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғауға бағытталған қоғамдық ұйымдар болып табылады.

Бұл жерде қызықты ерекшелікті атап өту керек. 20 жылдан астам уақыт бойы барлық посткеңестік елдерде азаматтық қоғамды дамыту мен жандандыруға күш салынды. Мұны әртүрлі үкіметтік емес ұйымдарға біріккен жергілікті азаматтық белсенділер жасады, шетелдік демократиялық қорлар оларға көмектеседі, тіпті мұның маңыздылығы мен қажеттілігі туралы биліктің өзі айтады. Алайда Грузия, Украина және Молдовадан басқа елдердің барлығында бұл әрекеттер нақты нәтиже берген жоқ. Оның үстіне азаматтық қоғамның дамуы және оның либералдық-демократиялық құндылықтарға бағытталуы жағынан кері шегініс байқалады.

Мұның бірнеше себептері бар. Біріншісі — қоғамда демократиялық дәстүрлердің жоқтығы, билікке деген патерналистік көзқарас, тіпті оны киелі ету.

Келесі себеп — бұқаралық ақпарат құралдарының, ең алдымен, ресейліктердің халықты демократияға қарсы және антилибералдық идеологиялық күшке итермеуі.

Ақыр соңында, ең бастысы — бұл тұтас азаматтық қоғамды белсендіруге және оның бастамасын дамытуға мүдделі емес биліктің қарсы бағытталған әрекеті.

Басқа елдердегі бірқатар «түрлі түсті төңкерістерінен» кейін «транзиттік демократия» елдерінің билігі демократиялық қоғамдық ұйымдардың қызметінен өздеріне үлкен қатер көрді. Өз талаптарын қалыптастыруға пісіп-жетілген және демократиялық құндылықтарды ұстанатын азаматтық қоғам олардың қауқарына ең үлкен қауіп төндіретіні белгілі болды.

Бұл үкіметтік емес ұйымдарды бірден идеологиялық қарсылас ретінде тіркеп, билік осы қауіпті жою үшін бірқатар шараларды қолға алды.

Беларусь, Өзбекістан, Тәжікстан, Түркіменстан сияқты елдерде үкіметтік емес ұйымдар мен құқық қорғаушылар тікелей саяси қысымға ұшырайды, азаматтық белсенділердің билікке сәйкес келмейтін кез келген әрекеті заңсыз деп танылып, қысым көрсетіледі.

Ресейде шетелден гранттар алған барлық ҰЕҰ «шетел агенті» мәртебесіне ауыстырылды және қосымша есеп беруге тиіс болды.

Қазақстан мен Қырғызстанда шетелдік гранттар алатын ҰЕҰ-ды барлық шаруашылық субъектілері үшін ортақ есеп беруден басқа, жұмсалған әрбір доллар үшін қосымша есеп беруге міндеттейтін заңдар қабылданды. Сонымен қатар, Қазақстанда елге келетін барлық шетелдік гранттарды бөлуге мемлекеттік орган жауапты. Заң шығарушының пікірінше, бұл Батыс гранттарының елдегі жағдайды тұрақсыздандырумен айналысатын ұйымдардың қолына түсуіне жол берілмеуі керек.

Биліктегілер ҰЕҰ-ның іріткі салумен айналыспайтынын түсінбейді деп ойлаймын. Олар басқа нәрседен, яғни бұл ұйымдар адамдарды адам құқығын қорғауға үйретеді деп қорқады. Өйткені адам құқығы тек билік алдында ғана қорғалады! Бірақ билік басындағылар қорқатын осы ҚОРҒАНУ өздерінің билікте тым ұзақ тұруына төнген қатер деп түсінеді.

Кез келген автократия үшін мұндай әрекеттер әрине керексіз болып саналады. Ал тіпті, кейде диверсиялық та болып көрінеді. Авторитаризм түбегейлі басқа принциптерге құрылғандықтан — адам құқықтарын, сондай-ақ осы құқықтардың өздерін қолдауға жол берілмейді.

Ойланып көріңізші: биліктен кеткісі келмейтін адамдарға кезекті президенттік сайлауды, парламентте оппозицияның болуын және тәуелсіз БАҚ-ты қамтитын демократиялық стандарттар не үшін қажет? Олар азаматтарды мемлекеттен, яғни өзінен бөліп қарайтын, өз құқықтарын қорғауға үйрететін адамдар мен ұйымдарға қалай қарау керек? Өйткені олар енді өздерін осы мемлекеттің құрамдас бөлігі ретінде қабылдай отырып, олардан бөлініп қалуға қалай жол берсін?

Оларға қоғамдық бақылауға бағынбайтын, басқарылмайтын қоғамдық ұйымдар, тәуелсіз кәсіподақтар мен тәуелсіз соттың керегі қанша? Өйткені, тәуелсіз қоғамдық ұйымдар көбейсе, билік өзінің қауіпсіздік кепілдері санайтын ықпалын, күшін, байлығын жоғалтудан қорқады. Соңғысы түбегейлі маңызды, өйткені авторитаризм өзінің табиғаты бойынша «бұрынғыларға» ешқандай құқықтық кепілдіктер жасамайды. Керісінше, билікті өз мүдделері үшін тым тәкаппарлықпен пайдаланып, кейде рұқсат етілген шектен шығып кететіндердің болашағына белгісіздік туғызады. Билік басындағылардың оны соңына дейін ұстауға тырысуының тағы бір себебі — осы.

Осыған орай, бақылауды күшейту және қоғамдық ұйымдардың жұмысында қосымша қиындықтар туғызу — өз азаматтарының демократиялық құқықтар мен бостандықтарға ие болғанын көргісі келмейтін билік тарапынан жасалатын толық түсінікті және болжамды қадам. Тағы бір айта кетерлік жайт, олардың барлығының да мұны түбегейлі қатаң түрде жасауға демократиялық стандарттарды насихаттайтын және адам құқықтарын қорғайтын ұйымдардың болуына тыйым салуға шамасы келе бермейді.

Автократиялық режимдер ашық диктаторларды құптамайтын халықаралық қауымдастыққа еріксіз назар бұруына тура келеді. Олар батыстық гранттар бойынша жұмыс істейтін ҰЕҰ-ң адам құқықтарын қамтамасыз етушілерге кедергілер келтіріп, түрлі проблемалар туғыза отырып, ал өздерін сырттай формальды түрде әлемдік демократиялық трендке сәйкес сияқты көрсетуге тырысады.

### **Азаматтық қоғам**

Биліктің келесі мәселесі — белгілі бір жағдайларда билікпен қарым-қатынаста белсенділік танытып, өз құқықтарын қорғай алатын адамдардан тұратын қоғамның өзі.

Бұлар әртүрлі салаларда және әртүрлі себептермен көрінуі мүмкін. Есіңізде болсын, құқықтар мен бостандықтардың негізінде адамның қадір-қасиеті жатыр, бұл құқықтар бұзылған кезде, адамды ашу-ызаға, наразылыққа итермелеп, өз құқығын қорғауға түрткі болатыны айттық. Мемлекеттегі өмір, әсіресе авторитарлық өмір, құқықтарды жиі шектеумен, бұзумен және тіпті тікелей тыйым салумен байланысты. Бұған түрлі адамдар түрліше әсер ететіні анық. Біреу бұған шыдап, көнсе, біреу билікке барып, бюрократиялық кеңселер мен соттардан «шындық» іздейді, ал біреу шенеуніктерге шағымдандың түкке тұрғысыз екенін түсініп, көшеде наразылық танытуы мүмкін.

Бірқатар саяси режимдердің өзгеруіне әкелген «жұмсақ төңкерістерінің» тәжірибесін ескере отырып, билік митингілер мен әртүрлі жаппай наразылықтардан өздерінің билікке монополиясына үлкен қауіп төндіретінін ұқты.

Осы қауіп тәуекелдерін жою үшін билік митингілерге шығу, азаматтардың өз наразылықтарын білдіру сияқты конституциялық құқығын шектейтін заңдарды қабылдады. Бұл шектеулердің мәні мемлекеттік қауіпсіздік, қоғамдық тәртіп, денсаулықты қорғау, басқа адамдардың құқықтары мен бостандықтарын қорғау мүдделері үшін кез келген құқықты шектеуге болатыны туралы әмбебап норма болып табылады.

Тыйымдардың пайда болу логикасы қарапайым, билік қорғаушылары, егер басқа азаматтардың құқықтарын шектемесе және құқық тәртібі мен ұлттық қауіпсіздікке қауіп төндірмесе, азаматтар митингіге шығуға құқылы дейді. Осы қисынды ұстанатын болсаңыз, кез келген митинг қалада өтсе, біреуге кедергі болатыны анық. Осы заңға сүйенетін болсақ, билік өздері қаламайтын митингілерді өткізуден бас тартуға болатынын пайымдайсыз.

Шерулерге рұқсат бермеуге әрқашан сылтау табуға болатыны анық. Өтетін митинг оқушыларға, не қоғамдық көліктерге, не сол күні жарыс ұйымдастырғысы келетін спортшыларға кедергі келтіреді. Шындығында, бұл кедергі, айталық, оппозиция немесе билікті сынауға ниетті адамдар митинг өтетін орын әлдебір шара үшін алынды деген желеумен бас тартқанда жиі көрініс береді.

Бұл мүлдем заңсыз шешім. Бұл жерде шенеуніктер өздерінің осындай әрекеттерімен заңды белден басып отыр. Шындығында, олар өздерінің кейбір ой-пікірлерін басшылыққа ала отырып, митингілер өткізуге қатысты азаматтардың құқығын шектеуге қақысы жоқ. Митингке тек ЕРЕКШЕ жағдайда ғана тыйым салынуы мүмкін. Мысалы, егер лаңкестік әрекет немесе адам шығыны қаупі болса, митинг өткізуге тыйым салынуы



## VIII. ТОЙДЫ БАСҚАРУҒА КІМ КЕДЕРГІ?

тиіс. Ал ең бастысы, бұл митингтен кейін бұл қауіп нақты және сенімді түрде дәлелденсе тыйым салынуы керек. Ал басқа жағдайларда, өзгелерге қолайсыздық тудырса да, митингтер өтуі тиіс.

Митингте жүргізушілердің көшеде жүру, жүргіншілердің жаяу жүргіншілер жолымен жүру және спортшылардың жарыстар ұйымдастыру құқығымен бірдей толыққанды құқық екендігін ұмытпауымыз керек. Іс-шаралар өтетін жерді пайдалануға өтініш білдірген барлық



азаматтардың құқықтары тең. Алаңға жиын өткізуге бірнеше үміткер тілек білдірсе, билік қақтығыстың алдын алу және наразылық білдірушілердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету шараларын жасау керек.

Бұған, мысалы, іс-шараға өтініш берушілер үшін орынды пайдалануды жоспарлау және ол жерде тәртіптің қатаң сақталуын қамтамасыз ету арқылы қол жеткізуге болады. Бірақ шенеуніктердің митинг өткізуден бас тартуға мүлде құқығы жоқ. Бейбіт жиынға қатысушылар өтіп жатқан көліктерге немесе спорттық жарыстарды өткізуге кедергі келтірмейді. Бірде-бір бейбіт митинг айналадағы адамдардың өміріне қауіп төндірмейді және олардың жиналыс өткізуіне белгілі бір уақыт берілуі, мысалы бір сағат уақыт бөлінуі керек. Дәл бір сағатқа алаңда көлік қозғалысы шектеліп, спортшылар аздап күтуге тура келеді. Билік басындағылар заңды орындайтын, өз азаматтарының құқықтары мен бостандықтарын құрметтейтін елдерде мәселе осылай шешіледі.

Өкінішке қарай, «транзиттік демократия» елдерінде жағдай мүлдем басқаша. Бұл елдердің барлығында биліктен рұқсат алмай митинг өткізуге тыйым салатын заңдар қабылданған. Сонымен қатар, рұқсат алу рәсімдері өтінішіне жауап алғанға дейін өтуге тиіс жиынға айтарлықтай кедергі келтіреді. Бұл бір күннің емес, бірнеше аптаның мәселесі.

Кейбір елдерде митингілердің өтетін жерлеріне шектеулер қойылғаны жағдайды қиындатады. Қазақстанда барлық қалаларда азаматтардың барлық жиналыстарын өткізуге міндетті арнайы орындар бөлінген. Әдетте, олар қала шетінде, іскерлік және әкімшілік аудандардан алыс орналасқан. Сондықтан жиналыс

өткізуге рұқсат етілсе де, бәрібір бұл ештеңені білдірмейді, сізді қаланың шетіне жібереді, ол жерде сіздің жиыныңыз туралы ешкім білмейді.

Ал ең бастысы, шенеуніктер рұқсаттарды өздерінің ресми логикасына сүйене отырып, өте іріктеп береді, мұнда ең алдымен билікке деген адалдық пен сынның болмауы ескеріледі. Демек, митинг өткізу негізінен биліктің өзін мақтап, дәріптейтіндерге рұқсат етілген. Ұйымдастырушылар оппозициядан немесе наразылық білдіріп, үнемі сынайтандардың арасынан болса, онда митингке қатысу құқығынан айырылатыныңызға сенімді бола аласыз. Ал бұл биліктегі адамдардың мүддесі тұрғысынан өте қисынды — билікке адал емес адамдарға жиналыс өткізу құқығын неге беру керек?

Осылайша, «транзиттік демократиялық елдердің» билігі митингілер өткізу құқығын шектей отырып, олардың алаңсыз өмір сүруіне тағы бір қауіпті азайтады. Олар халықтың митингілік белсенділігін толығымен бақылауға алады, бұл оларға осы процесті реттеуге, оның жағымсыз салдарын азайтуға мүмкіндік береді. Нәтижесінде бұл елдердің азаматтары билік саясатына және елде болып жатқан жай ғана өз көзқарастарын білдіру үшін мақсатты және жедел азаматтық акцияларды ұйымдастыру құқығынан айырылады.

### **Халықаралық қауымдастық**

Биліктің «транзитте» алаңсыз жүруіне кедергі келтіретін тағы бір фактор — халықаралық қауымдастықтың өзінің демократиялық стандарттарымен және халықаралық конвенциялар мен шарттарға қол қою кезінде алған міндеттемелерін орындауды талап етуі.

Бұл жерде барлық елдердің конституциялары мойындайтын шарттарды еске сала кеткен жөн. Халықаралық құқықтық актілер, конвенциялар мен хаттамалар (осы елдер қосылған) жергілікті заңдар басымдылығы.

Яғни, заң жүзінде, адам құқықтарына қатысты халықаралық-құқықтық актілер бұл елдердің заңнамасының маңызды бөлігі болып табылады, олар жергілікті заңдармен тең дәрежеде орындалуға тиіс. Жергілікті және халықаралық құқықтық нормалар арасында қайшылықтар туындаған жағдайда, олар соңғысының пайдасына шешіледі.

Осылайша, Бүкілдүниежүзілік ұлттар ұйымына кіру арқылы елдер автоматты түрде БҰҰ-ның адам құқықтары саласындағы барлық іргелі құжаттарын басшылыққа алады. Әрбір мемлекет БҰҰ-на мүше бола отырып, халықаралық стандарттарға сәйкес адам құқықтарының сақталуын қамтамасыз етуге автоматты түрде міндеттеме алады. Біріккен Ұлттар Ұйымының Жарғысы адам құқықтары мен бостандықтарын сақтау әрбір мемлекеттің құрметті міндеті болып табылады және БҰҰ-на мүше мемлекетті өз азаматтарының құқықтары мен бостандықтарын сөзсіз құрметтеуге міндеттейді.

Айта кетейік, бұл жағдайда азаматтардың құқықтарын сақтауға дайын еместігі туралы сылтау айтуға болмайды. Бұл жерде халықтың ерекше менталитетіне байланысты демократиялық дәстүрлердің жоқтығына байланысты сылтаулар қабылданбайды. Бұл дау емес, бәрі өте қатал: БҰҰ-на мүше болыңыз — адам құқықтарын сақтау тұрғысынан стандарттарды сақтайтындай адал болыңыз.

Адам құқықтарының мұндай антологиясының негізгі құжаты — Адам құқықтарының жалпыға бірдей де-

кларациясы 1948 жылы БҰҰ Бас ассамблеясы қабылдаған. Оны жер жүзіндегі барлық мемлекеттер адам құқықтары жөніндегі негізгі құжат ретінде мойындады.

Сонымен қатар, Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық ұйымына (ЕҚЫҰ) көптеген елдер мүше. Бұл адам құқықтарының тағы бір қосымша міндеті.

1966 жылы БҰҰ Бас Ассамблеясы екі негіздік құжатты — Азаматтық және саяси құқықтар туралы және Экономикалық, әлеуметтік және мәдени құқықтар туралы пактілерін қабылдады.

Бүгінде бұл пактілер адам құқықтарын ілгерілету мен қорғаудағы негізгі идеологиялық және әдістемелік құжаттар болып табылады. Олар адам құқықтарының егжей-тегжейлі түсіндірмесін берумен қатар, олардың өмір сүруінің кепілдіктерін тұжырымдайды.

Оның үстіне БҰҰ жанынан осы пактілерге қосылған елдердегі адам құқықтарының сақталуын бақылайтын арнайы комитет құрылды. Комитет пактіге қосылған мүше мемлекеттердің өкілдерінен тұрады, олар штатта адам құқықтарының қалай сақталатыны туралы комитетке үнемі есеп береді.

Дегенмен, бұл комитет белгілі бір елдегі адам құқықтарының жағдайын бағалайтын жалғыз дереккөз емес. Жағдайды бағалау үш көзден тұрады:

1. мемлекеттің өз ресми баяндамасынан;
2. комитеттің жеке тексеруінің нәтижелері бойынша;
3. құқық қорғаушылардан және жеке тұрғындардан олардың құқықтарының мемлекет тарапынан бұзылғаны туралы хабарлаған мәліметтер бойынша.

Бұған қоса, елдер ратификациялаған соң, сол елдердің ішінде құрметтелуге тиіс басқа да аз танымал адам

құқықтары жөніндегі көптеген халықаралық құжаттар бар.

Дәлірек айтқанда, Адам құқықтарының жалпыға бірдей декларациясы адам құқықтарымен айналысатын әрбір мемлекеттік қызметкердің кеңсесінде сөреде тұруы керек. Ал олардың анықтамалық кітабы Азаматтық және саяси құқықтар туралы халықаралық пакт болуы керек. Әттең! Посткеңестік елдердің тәжірибесінде халықаралық құқыққа мұндай көзқарас байқалмайды және әлі де байқалатын түрі жоқ. Барлық деңгейдегі қазақстандық шенеуніктер үшін халықаралық адам құқықтар нормалары оларға қара орман секілді. Олар бұл заңды көрсе де, елемейді және бұл посткеңестік шексіз билікке қызмет ететін шенеуніктердің әдейі және принципті түрде жасалып отырған қастандығы сияқты.

Әңгіме «транзиттік демократия» елдері үшін күрделі мәселе — адам құқықтары тұрғысынан ресми декларациялар мен осы құқықтардың нақты жағдайы арасындағы сәйкессіздік туралы болып отыр. Бұл қазірдің өзінде елдің барлық деңгейдегі билігі демократияны дамытуға, азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын кеңейтуге және нығайтуға арналған бағытты жариялап, сонымен бірге елде бостандықты, осы құқықтарды жүзеге асыру рәсімдерін қиындатып, жұмыс істеуге қиындық туғызатын құқық қорғау ұйымдарының құқықтарын шектейтін заңдарды қабылдайтын үрдіске айналды. Сөз бен істің алшақтығы қазақ билігінің азаматтардың құқықтары мен бостандықтары саласындағы саясатының басты «ерекшелігіне» айналды.

Бұл еліміздің адам құқықтарын сақтаудағы ұстанымы, оларды қорғау және жетілдіру қажеттігі туралы мәлімдемелер шынайы өмірде өз көрінісін таппай

отырғандығы туралы биік мінберден айтылған ұрандардан аңғарылады. Оның үстіне, қолданыстағы саяси құқықтар мен бостандықтардың өзі құқық қолдану тәжірибесі деңгейінде жиі сыналады. Бақылау мен шектеуден құрылған бюрократиялық жүйенің заңдарды өздеріне қарай түзеткені сонша, сізде өз құқықтарыңызды жүзеге асыруға барлық заңды негіздер болса да, сіз оған қажетті нәтижеге қол жеткізбей, жылдар бойы әділетке қол жеткізе алмайсыз.

Нәтижесінде, заң жүзінде азаматтардың саяси құқықтары жарияланған жерде де бұл іс жүзінде дегенді білдірмейді.

Нақты жүзеге асыруға келгенде бәрі шенеуніктердің саяси астары бар бекіністерге айналатын процедуралық сәттерге тіреледі.

Сондықтан, билік басында біржолата қалуға тырысатын елде адам құқығын қорғау және насихаттау ең қиын шаруа. Бұл құқықтар мен бостандықтарды қорғаудың бүкіл жүйесіне қатысты үкімнің бір түрі.

Мұны түсіну азаматтық қоғамды «адам құқығын қорғау үшін авторитарлық үкіметпен жұмыс істеу» деп аталатын балалық дерттен сауықтырудың алғашқы қадамы.

Құқық қорғаушылардың билікпен ымыраласуынан әлі бірде-бір авторитарлық режим өзгерген жоқ. Осы қарапайым шындықты түсіну қазақстандық азаматтық қоғамның алдында тұрған ең маңызды міндет.

## IX тарау

# АДАМ ҚҰҚЫҒЫНА КІМ ҚАРСЫ?

Адам құқығының сақталуы кез келген қауымның тұрақтылығы мен гуманизмінің негізі екенін түсінгенде, ең алдымен мынандай ой келеді: мұны қолдамайтындар бар ма? Бұл сұраққа жауап айдан анық — биліктегі адамдар. Мемлекет мүддесін адам құқығы мен бостандығынан жоғары қоятындар. Сонымен қатар, тәжірибе көрсетіп отырғандай, азаматтардың құқықтары мен бостандықтары үшін ең үлкен проблема — биліктен айырылып қалудан қорқатын билеушілер.

Жасыратыны жоқ, билікке келген адамдар биліктен айырылғысы келмейтін дертке ұшырайды. Адам билікте неғұрлым ұзақ болса, соғұрлым оған үйреніп, оны биліктен ығыстыру қиынға соғады. Адамзат бұл мәселемен баяғыда-ақ бетпе-бет келген, сондықтан адамдарды билікке жетуге жол бермеу механизмі жасалды. Барлық қазіргі саяси жүйелер биліктегі адамдардың тұрақты ротациясын қамтамасыз етеді. Бұл билікті басып алуды болдырмауға, сыбайлас жемқорлыққа сәтті қарсы тұруға, өнеркәсіптік және қаржылық корпорациялардың ықпалын азайтуға, билікті жаңа адамдармен жаңартуды қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Ал демо-



кратиялық процедуралар жұмыс істейтін жерде саяси ротация билікті жаңарту мәселесін сәтті шешеді.

Алайда, бұл процедуралар нақты реттелмеген немесе саяси жүйенің бір бөлігіне айналмаған елдерде биліктің саяси бітелуі деп аталатын жағдай орын алады: биліктің дәмін татқан адамдар ондаған жылдар бойы оған жабысып қалады. Бұл тіпті толығымен либералды конституциялар, парламенттер, тұрақты сайлаулар және жұмыс істейтін демократиялық институттар жағдайында да елде автократиялар, тіпті диктатуралар пайда болуына әкеледі.

Бәрі де келген билеушіге ел үшін шешуші реформаларды аяқтауы керек деген уәжден басталады. Билікті ауыстырудың конституциялық принципін бұза отырып, ХАЛЫҚ МҮДДЕСІНЕ қазіргі билеушіні тағы бір қосымша мерзімге қалдыру ұсынылып отыр. Сол сияқты елдің мәселесін шешейік, сонда ғана демократиямен айналысамыз, дейді. Көбінесе азаматтар осыған келіседі: олар демократия мен Конституцияға ештеңе болмайды, бірақ ол елге, халыққа пайда әкеледі деп ойлайды.

Бұл жеңілдік шын мәнінде, биліктің бөлінуін, әділ сайлауды, тәуелсіз сот пен еркін баспасөзді жоққа шығаратын автократия жүйесі болып табылатын автократия құрудың қайтымсыз процесіне жол ашады.

Келесі сайлаудың уақыты келеді және билікте қосымша мерзімге қалатын көшбасшы ол кезде де мансабымен қоштасқысы келмейді. Ол қайткенде де билікте қалуды көздейді де жаңа себептер ойлап табады. Бұл үшін, әдетте, Конституцияны өзгерту қажет және ол осы билеуші үшін қайта жазылады. Сонымен қатар, осы көшбасшының жақтастары қатаң бақылайтын және кез

келген сайлауда, кез келген референдумда жеңіске 100% кепілдік беруге мүмкіндік беретін сайлау жүйесі құрылады.

Бұл заңды жолмен ондай билеушіден билікті ешкім тартып алмауының кепілі. Сондықтан ол елдің демократияға әлі жетпегенін, демек, гүлденген мемлекет құру үшін демократияның саяси ойындарымен емес, экономикалық мәселелерді шешумен айналысу керектігін тікелей жариялауына тура келеді.

Ал билікті берік ұстаған басшылардың әрқайсысының айтарлықтай негіздемесі бар: реформалар жүргізіңіз, елді қиын жағдайдан шығарыңыз, содан кейін қалағаныңызды жасаңыз. Оңтүстік Кореяның, Тайваньның, Сингапурдың және Чилидің сәтті тәжірибесін қайталаудың тұстары осындай елдерде бар. Олар демократияның дерт емес екенін, биліктің бір қолға шоғырлануы әлдеқайда жылдам әрі әсерлі нәтиже беретін мысалдар бар екенін айтады.

Расында да, кейбір диктаторлардың демократиясыз да әлеуметтік-экономикалық реформалар жүргізіп, тамаша нәтижелерге қол жеткізгенінің мысалдары тарихтан белгілі. Ататүрік, Ли Куан Ю, Пиночет өз елдерінің экономикалық мәселелерін тез шешіп, елін табысты ете білді. Көбінесе адамдар өз елінің жарқын болашаққа серпіліс жасайтын көшбасшысына карт-бланш береді.

Алайда, билікте ұзаққа созылған билеушілер, әдетте, уәде етілген экономикалық кереметті жүзеге асыра алмайды. Барлық ауқымды бағдарламалар мен жоспарлар, барлық жобалар мен бастамалар көбіне жәй есеп болып қала береді. Саяси жүйенің авторитаризмі, жалпы сыбайлас жемқорлық, қаржы жымқыру, құқықтық кепілдіктердің жоқтығы бар проблемаларды одан сайын

ушықтыра түседі. Шексіз билік елдің әлеуметтік-экономикалық дамуына үлкен кедергі келтіреді. Экономикалық мәселелер, әлеуметтік теңсіздік, адам құқықтарының бұзылуы, саяси бәсекелестіктің жоқтығы халықтың наразылығының артуына, наразылық көңіл-күйінің қалыптасуына және сайып келгенде, бұл режимді құлату әрекеттеріне әкеледі.

Бұл жағдайда биліктегі адамдарда өзін-өзі сақтау инстинкті белсенді іске қосылады. Қоғамның бір бөлігінің піскен наразылығына жауап ретінде олар бұл наразылық көңіл-күйінің қоғамдық ортаға енуіне жол бермеу үшін қолдан келгеннің бәрін жасайды. Билікті өз қолында ұстау, халықтың наразылығын қалай бақылау және тежеу, қоғамдық пікірді бақылауды қамтамасыз ету күн тәртібіндегі негізгі мәселелері болады.

Бірақ мұның бәрі адам құқықтарының қорғалуына, сақталуына байланысты. Азаматтардың құқықтары мен бостандықтары билікке бекінген және онымен бөліскісі келмейтіндердің монополиясына қауіп төндіретін негізгі факторға айналады. Адамдар оппозициялық партиялар құра бастайды, тәуелсіз газеттер мен телеарналар ашады, онда билікті ауыстыруға үгіт жүргізеді, өздерінің жақтастарын көбірек жинап, наразылық акцияларын өткізеді. Майдан тас лақтырған жер секілді жақындайды.

Бұл қауіптерді түсіну билеуші элитаны тез арада қолданыстағы құқықтар мен бостандықтарды шектеуге, жаңа шектеуші заңдар қабылдауға және осы тәуекелдерді төмендететін саяси жағдайды өзгертуге көмектесетін барлық нәрсеге кедергі келтіретін әртүрлі әкімшілік және бюрократиялық шараларды қабылдауға мәжбүр етеді.

## Х тарау

# БАРЛЫҒЫ БАҚЫЛАНУДА

Сонымен, барлық «транзиттік» автократияларда саяси құқықтардың шектелуі биліктен айырылып қалу қорқынышымен түсіндіріледі. Бұған жол бермеу үшін қоғамды барынша толық бақылау мемлекеттік саясаттың шешуші ісіне айналады. Мемлекет бірінші кезекте қылмыс, сыбайлас жемқорлықпен күреспей, елдің қорғаныс қабілетінің жай-күйіне алаңдамай, құқықтар мен бостандықтардың жиынтығы бар азаматтық қоғамға бақылау орнатуға тырысады.

Ресми деңгейде барлық нәрсеге, соның ішінде үкіметтік емес ұйымдарға да мемлекеттік бақылау қоғамдық-саяси тұрақтылықтың негізі және кепілі болып табылатын идеология басым. Адам құқықтарын шектеу геосаяси жағдайдың күрделілігіне және ел дамуының ерекшелігіне байланысты мәжбүрлі шара ретінде ұсынылған.

Бақылау қажеттілігінің негізі қарапайым — біз адам құқықтарына қарсы емеспіз, бірақ бүгінгі күні олардың өмірде толық жүзеге асуына мүмкіндік беретін жағдайлар әлі де жоқ. Біздің жағдайда демократияның батыстық стандарттарын қабылдамайтын халықтың



басым бөлігінің менталитетіне, азаматтық қоғамның жетілмегендігіне, демократиялық дәстүрлердің жоқтығына деген сілтеме айтылады.

Мұнымен қатар, авторитарлық әріптестерін тақтан тайдырып орындарынан кетіріп жатқан «түрлі-түсті төңкерістер» теріс көрсетіліп жатады.

Сонымен, мемлекет қызметінің ең маңызды бағыты барлығына: бизнеске, идеологияға, ақпаратқа, оппозицияның, кәсіподақтардың, қоғамдық ұйымдардың, шығармашылық одақтардың және т.б. қызметіне толық бақылауды қамтамасыз ету болып табылады. Ол өзін-өзі сақтау инстинктіне негізделген, сондықтан да осы бақылау, құқықтар мен бостандықтарды шектеу мемлекеттік органдар жұмысының ең маңызды бағытына айналуға. Бұл мемлекеттің азаматтық қоғам мүддесіне қарсы жұмыс істей бастағанын білдіреді.

### **Бақылаудың мақсаты бақылау**

Бұл бақылау жоқ жерде бақылауды, ал бар жерде күшейтуді қамтамасыз ететін тиісті заңдардың қабылдануынан көрінеді. Бұған Қазақстанда жақында қабылданған «Діни бірлестіктер туралы...», «Еріктілер туралы», «Кәсіподақтар туралы», «ҮЕҰ туралы...», «Блоггерлер туралы» заңдарды мысалға келтіруге болады. Бұл заңдардың барлығы мемлекеттің қоғамды бақылауын күшейтуге бағытталған.

Бұған дейін азаматтардың саяси партиялар құру, бейбіт жиындар өткізу, бұқаралық ақпарат құралдарының қызметі және сайлауға тәуелсіз кандидаттар ұсыну мүмкіндігі бойынша құқықтарын шектейтін заңдар қабылданған болатын.

Бақылауды күшейтудің келесі жері азаматтық қоғам институттарының қызметіне көбірек араласуға және азаматтарға бақылауды жүзеге асыруға мүмкіндік беретін мемлекеттік қызметтердің өкілеттіктерін арттыруда көрінеді.

Азаматтардың саяси құқықтарына қатысты барлық конституциялық нормалар заңдармен және заңға тәуелді актілермен елеулі түрде өзгертілген. Және олардың бұл құқықтардан бас тартқаны сонша, шенеуніктерге азаматтардың конституциялық құқықтарын жүзеге асыру мүмкіндігін өз қалауы бойынша анықтауға құқық береді. Ал бұл, тәжірибе көрсеткендей, билікке адалдық танытпайтын барлық нәрсеге біржақты, тіпті ауыртпалықсыз көзқарасты болжайды.

Митингтерге рұқсат беру немесе рұқсат бермеу тек жергілікті билік өкілдерінің құзырында екенін айттық. Саяси партия құру мүмкіндігі де толығымен Әділет министрлігінің шенеуніктеріне байланысты. Ақпарат министрлігінің шенеуніктері қаламаса, телеарна, радио түгілі, газет аша алмайсың.

Егер сіз оппозиция өкілі болсаңыз немесе өзіңізді биліктің белсенді қарсыласы ретінде танытсаңыз, сайлауға қатысуға кандидат ретінде тіркелу кезінде кедергіге тап боласыз. Олар сіздің өтінішіңіздің әрбір үтірін және сізді жан-жақты, мұқият тексеруді ұйымдастырады, ал басқа өтініш берушілерде, әдетте, мұндай проблемалар болмайды.

Әдетте, сайлау комиссияларының құрамына билікке тәуелді және сәйкесінше кейде жанашырлық танытамын, болмаса биліктен үміткерлер үшін мақсатты түрде жұмыс істейтін адамдар кіреді. Бұл жағдайда «адам факторы» билікке ұнамайтындардың барлығына күшті

кедергі жасайды және керісінше, өз кандидаттарына көмектеседі. Сондықтан мұндай сайлауда жеңіске жету мүмкін емес.

Барлығында дерлік бақылау «ойын ережелерін» сақтау түрінде жүзеге асырылатын ақпарат саласындағы үнсіз цензурадан бастап, Батыс қорлары қаржыландырылатын үкіметтік емес ұйымдардың елдегі жағдай туралы әсерін азайтуға арналған мыңдаған билікке тәуелді мемлекеттік емес GONGO деп аталып кеткен ұйымдар құруға дейін белгіленген. Процедуралық кедергілерден оппозициялық партияларды құруға дейінгі кез келген нысандағы қоғамдық наразылық акцияларына іс жүзінде тыйым салуға дейін бақылауға алынған.

Мұның бәрі де демократиялық стандарттарды қабылдамайтын және қоғамды саяси құқықтар мен бостандықтар тұрғысынан қабылдауға мәжбүрлейтін, айтылмаған «ойын ережелерін» жасаған мемлекет тарапынан бақылаудың бір түрі.

Билік идеологтарының түсінігінде шектеулер мен тыйымдармен қоса мемлекеттік бақылау міндетті, өйткені бұл елдегі тұрақтылық пен тәртіпті қамтамасыз ете алады. «Жол бермеу» — Қазақстан билігінің демократия мен адам құқығы тұрғысынан қазіргі саяси ұстанымы.

### **«Қылбұрауды қыса түсу» — көтеріліске апарар жол**

Бұл ұғымға қатысты тағы бір көзқарас бар, ол адам құқықтарына кез келген шектеулер, тіпті одан да көп тыйым салулар (тіпті олар ізгі тілектер мен мақсаттардан туындаса да) қоғамдық тұрақтылық пен саяси келісімге кепілдік бермейді.



Басқа елдердің тәжірибесі көрсеткендей, қоғамдағы жағдайдың шиеленісуіне және тұрақсыздануына көп жағдайда тыйым салулар әкеледі. Қазіргі заманғы шекаралар мен ақпараттық кеңістіктің ашықтығы жағдайында азаматтардың толық идеологиялық бағынуын қамтамасыз ету мүмкін емес. Биліктің балама көзқарастары мен сыны тез өз жолын тауып, наразылық көңіл-күйін қалыптастырып, ақырында әлеуметтік көтерілістерге алып келеді.

Адам құқықтарын қалыптастырудың ішкі қайнар көзі ретінде адам қадір-қасиеті туралы айтқанымыз есіңізде ме? Бұл қылбұрау ешқайда кеткен жоқ, ол әлі де бар және кез келген шектеулер мен тыйым салулар оны тек қысып, оны серпімді және ымырасыз ете алады. Оның түзетілуі уақыт талабының еншісінде. Шектеуден шаршаған қоғам Конституцияда айтпақшы, нақты өмірде жүзеге аспай жатқан азаматтық құқықтар түріндегі адамның қадір-қасиетін құрметтеуді қалпына келтіруді талап ете бастайды.

Барлығы өте қарапайым — адамдарда ...

... өз билігін өзгерту құқығы,

... ойынды ашық айта білу,

... рұқсат сұрамай өз бетінше бірігуге,

... қай жерде, қашан қаласаңыз және кез келген себеппен полицияның дубинкасымен басына соғылу қаупінсіз бейбіт кездесулер ұйымдастыру құқықтыры бар.

Мұның несі ұлттық қауіпсіздікке, қоғамдық тәртіпке және отандастардың қауіпсіздігіне қауіп төндіруі мүмкін? Әттең, бұл құқықтар, дәлірек айтсақ, олардың жүзеге асуы қоғам мен билік арасындағы қарым-қатынасқа бөгет болды. Қазақстан үкіметіндегі адамдар бұл

саяси құқықтарды қоғамдық-саяси тұрақтылыққа, тіпті ұлттық қауіпсіздікке әлеуетті қатер ретінде қабылдай бастады.

Бұл жерде саяси режим мен билік монополиясына төнген қауіп мемлекеттілік пен қоғамдық тұрақтылыққа қауіп ретінде қабылданады. Іс жүзінде мемлекеттік мүдделерге қауіп төніп тұрған жоқ, керісінше, адам құқықтары мен демократиялық бостандықтардың толық көлемде жүзеге асырылуы елдегі саяси және әлеуметтік жағдайды жақсартуға мүмкіндік береді, оның неғұрлым серпінді және табысты дамуына ықпал етеді.

Билікте тұрақты отырғандарға қауіп төндіреді десек, иә, бұл дұрыс. Расында да, азаматтардың құқықтары мен бостандықтары толық жүзеге аса бастаса, ертең олардың билікте қалуына ешқандай кепілдік жоқ. Оларға бұл керек емес. Міне, бүкіл шиеленістің негізгі себебі осында жатыр.

Бұл адам құқықтарын шектеуге бағытталған биліктің әрекетін түсіндіреді, бірақ олардың әрекетін ақтамайды. Өйткені, ЕШБІР ЖЕРДЕ, еліміздің Конституциясында да, оның заңдарында да, сол адамдар үнемі билікте қала алады деп айтылмаған. Керісінше, еліміздің Ата заңының логикасы, мемлекеттік құрылым принциптері биліктің жүйелі түрде ауысуын белгілейді. Билік өзгеруі керек. Мен баса айтамын — елдің жоғарғы басшылығында ештеңені өзгертпейтін формальды сайлау өткізу туралы емес, биліктегі адамдар ауысуы туралы ұмытпауға тиіспіз.

Расында, бір президенттер ондаған жылдар бойы билік жүргізіп, елдің жоғарғы басшылығы бір министрлік креслодан екіншісіне ауыстырылған элитаның лауазымды клубы болса, сайлаудың не керегі бар? Бұл

Конституцияда көзделген ауысу емес! Барлық елдердің, соның ішінде транзиттік елдердің конституциясында биліктің түбегейлі өзгеруі туралы айтылады.

Биліктің ауысуы — ең алдымен, ескі саясаткерлердің орнын жаңа идея, бағдарлама, салауатты амбицияласы бар жастар басып алған «жаңа қанның» толқынымен өзгеруі керек. Және олар балама негізде бәсекелестік күресте өзгереді. Міне, сол кезде өз орнын босататын басшы өзіне мұрагер тағайындайды, бірақ адамдардың өздері жаңа билікті таңдауға құқылы. Кем дегенде, мемлекетті ұйымдастырудың демократиялық принциптері (ал сөз жүзінде демократиядан әлі ешкім бас тартқан жоқ) дәл осыны талап етеді. Ендеше, саяси күн тәртібіндегі басты мәселе мынандай болуы керек: Конституцияда жазылған болса, міндетті түрде орындалуы керек!

### **Охлократияның қорқынышы**

Билік басындағылар адамдарға, соның ішінде олардың қарсыластарына саяси құқықтар беру билікті жоғалтудың үлкен қаупі екенін түсінеді. Билікте ұзақ тұруын әйтеуір ақтау үшін олар «транзит» туралы мифті ойлап тапты, онда демократиялық принциптердің барлығы да, адам құқықтарының барлығы бірдей жүзеге аспайды дейді.

Олардың құқықтары мен бостандықтарының бұзылуын негіздеудің жалпы мағынасы мынандай: демократия — бұл әр елдің өз жолымен және әр уақытта басынан өтетін күрделі және қиын процесс. Айтыңызшы, асығудың қажеті бар ма, әр нәрсенің өз уақыты бар емес пе. Иә, бұлай дегені жақсы және сенімді естіледі. Ал ло-

гикаға салсақ, демократияға ойша жетілу керек, оған біртіндеп еніп, үйрену керек дейді.

Дегенмен, бұл айтылғандарға тым беріліп сенбеңіз. Тәжірибе көрсетіп отырғандай, мемлекеттік қызметкерлердің «демократия идеалдарын» ұстану және «демократиялық бағытты» ұстану туралы әдемі сөздері осы демократия мен адам құқықтарын құрметтеумен байланысты өз растамасын таба алмайды. Мұны барлық «транзиттік демократиялардағы» құқықтар мен бостандықтар саласында айқын көруге болатын «бұрандаларды қатайту» жалпы үрдісі нанымды дәлелдейді. Бұл жағынан Қазақстан да тыс қалған жоқ.

### **Кері кету**

Жиырма, тіпті он жыл бұрынғы жағдайды бүгінгі жағдаймен салыстыратын болсақ, саяси құқықтар мен бостандықтарды жүзеге асырудың барлық негізгі бағыттарында дерлік кері шегініс бар екенін көреміз. Сайлау мен сөз бостандығына қатысты, оппозиция мен үкіметтік емес ұйымдардың қызметіне қатысты жағдай барлық жерде айтарлықтай нашарлап барады.

Авторитаризм келіп, азаматтық қоғамнан позицияларды бірінен соң бірін жеңіп алу үрдісі айқын байқалады, өз еркін білдірудің құқықтық өрісін барған сайын тарылтып, елдің саяси өміріне араласу мүмкіндіктерін шектейді. Бұл қазірдің өзінде жалпы саяси үрдіске айналды.

Демократияға қарсы заңдар қабылданады, құқық қорғау органдары митингілерді тарату және билік қарсыластарын тұтқындау үшін құлшыныспен жарысады, соттар өздерінің саяси белсенділіктерін көрсетеді, әдет-

те биліктің пайдасына шешім шығарады. Сайлау комиссиялары үкіметтен үміткерлердің пайдасына бюллетеньдерді төгумен айналысады, үкіметке адал емес газеттер түрлі сылтаулармен жабылады.

Осының аясында биік мінберден демократияға ұмтылу, адам құқықтарын қорғау туралы айтылған сөздерді елеусіз қалдыруға болмайды. Бұл банальды авторитаризмді адастыру және «транзиттік демократияның» ерекше үлгісі ретінде көрсету үшін жасалған қадам ғана.

Оның үстіне бұл режимдердің идеологтарында «транзиттік демократияның» демократиялық емес сипатын негіздейтін тұтас бір теория бар. Олар өз елдерін халықаралық стандарттар тұрғысынан бағалауға болмайды деп есептейді. Олар, біз өзгешеміз, ал біздің «демократиямызды» еуропалық стандарттармен өлшеудің қажеті жоқ дейді. Олардың пікірінше, бұл «демократия» тек жас және тұрақсыз ғана емес, оның халықтың менталитеті, ескі дәстүрдің әсері мен бүгінгі күннің шындығын ескере отырып, өзіндік ерекшеліктері бар. Сондықтан бұл елдердегі адам құқықтарының орындалу деңгейін Еуропа және Америка елдерімен салыстыру мүмкін емес дейді олар.

Дегенмен, еуропалық демократиялық стандарттарға сәйкессіздікті ақтаудың бұл логикасы біз «транзиттік демократияны» адам құқықтарының нақты бұзылуы контекстінде қарастыра бастағанда-ақ, таза демагогия болып көрінеді.

Саяси партиялар құру, митингілер өткізу, өз билігін таңдау және сөз бостандығын қажет ету жағынан еуразиялықтардың еуропалықтардан түбегейлі айырмашылығы бар деп кім айта алады?

Дегенмен, шексіз билікті қорғаушылар пост-кеңестік кеңістіктің (әсіресе оның азиялық бөлігі) саяси плюрализмімен көппартиялық жүйенің батыстық принциптеріне жат деп сендіреді. Саяси өмірдің поляризациясы олардың менталитетіне келмейді және табиғи емес деп санайды. Қазақстандықтарға билікке сыни көзқарас тән емес пе, биліктің саяси ұстанымы ұнамаса да құрметпен қарайды деп сендіреді. Олардың айтуынша, дәстүрлі түрде билікке қолдау білдіретін сайлауда өз жақтаушысын тапқан көшбасшыларының саяси-идеологиялық пікірлестігі мен қасиеттілігі көбірек әсер етеді.

Кез келген қоғамда әртүрлі саяси-идеологиялық көңіл-күй болатыны анық. Ол Қазақстанда да бар. Жоғарыда айтып өткеніміздей, өткен дәуірлердің, соның ішінде кеңестік дәуірдің мұрасы болып табылатын дәстүршіл ағым бар, бірақ қоғамда үстемдік ететін және қазіргі даму векторын айқындайтын қуатты либералдық бағыт бар. Қоғамның демократияны қабылдауға дайындығын бағалауда қандай тенденцияны негізге алу мәселесі туындайды.

Дәстүрлілік ұстанымдарын алатын болсақ, әрине, өткен ғасырдағы дәстүршіл көзқарастары бар азаматтардың кейбірі батыстық демократияға пісіп жетпеген деп айта аламыз. Бірақ үстемдік ететін либералдық тенденциядан шығатын болсақ, онда негізгі мәселе — қазіргі билік өкілі болып табылатын мемлекеттің демократиялық институттардың дамуына кедергі жасамауы және азаматтық бастамаларға кедергі жасамауы керек. Процесс жүріп жатыр, ол қайтымсыз, бірақ оған араласудың қажеті жоқ.

Авторитаризмді қорғаушылардың айласы — олардың қоғамның демократиялық жетілмегендігі туралы

дәлелдерін бүгінде үстемдік етіп отырған либерализм идеологиясына емес, кешегі қоғамда қалған нәрсеге — дәстүршіл ағымға негіздеуінде. Бірақ бұл мүлдем қате көзқарас. Сіз әлеуметтік дамудың негізгі тенденциясына назар аударуыңыз керек және бұрынғы кеңестік кеңістіктің көптеген елінде барлық шығындары мен мұрасын ескере отырып, либерализмнен арылмаған түсінік бар.

Демек, авторитарлық елдер азаматтарының жетілмегендігі, батыстық үлгідегі демократияға дайын еместігі ұғымы саяси «транзитте» тұрып қалған қазіргі мемлекеттердің өміріне демократиялық стандарттарды енгізуді қаламайтындығын ақтау үшін ғана ойлап тапқан мифтен басқа ештеңе емес. Өз елдерінде демократиялық стандарттарды ілгерілетуге қарсылығын ақтаудың бір түрі ғана.

Алайда, парадокс мынада: реформаларға қарсылардың көрсетілген қарсылығына немесе азаматтық қоғамдар тарапынан адам құқықтарын жүзеге асыруға демократиялық талаптардың шын мәнінде әлсіздігіне қарамастан, революциялар әлі де орын алуда. Ал бұл енді бөлек әңгіме.

## ХІ тарау

# МӘСЕЛЕГЕ БАСҚА ҚЫРЫНАН ҚАРАУ

Сонымен, біз билікте мәңгі қалғысы келетін «транзиттік демократия» елдерінің билеушілері өздеріне кедергі келтіретіндердің құқықтары мен бостандықтарын үнемі шебер түрде шектеп отыратынын айқындадық. Олардың оппозицияға көзқарасы, қоғамдық ұйымдардың қызметіне кедергі келтіруі, азаматтық қоғамның ерік-жігерін қалайша тежейтіні және халықаралық қауымдастықтың қысымына берер жауаптары белгілі болды. Мұның бәрі олардың билікте қалуын қамтамасыз ететін механизмдер. Бұл билікте отырған адамдар мен олардың жақтастарының позициясы. Яғни, қалыптасқан жүйе қаз қалпында қалуы үшін олар тек осы механизмдерге ғана сүйенуде.

Ал енді, бұл жағдайға басқа қырынан — өзге позициядағы адамдардың көзімен қарасақ. Тек оппозиция емес, бүтіндей қоғамдағы баламалы идеологиялық және саяси көзқарас арқылы қарастырайық.

Қарапайым тілмен айтқанда, «транзит» елдеріндегі адам құқықтары мен бостандықтарына байланысты жағдаятқа бей-жай қарай алмайтын адамдар туралы айтқым келеді. Бұл мәселені тек адам құқықтарын шекте-



умен айналысатындардың көзімен ғана емес, керісінше, осы қарқынға қарсы тұратын жақтың көзқарасымен қарауға мүмкіндік береді. Мәселені басқа қырынан қарау десек те болады.

### **Идеологиялық қарқынның ауысуы**

Постсоветтік кеңістіктегі демократия және адам құқықтары жағдайының динамикасына қарасақ, ортақ проблемаларды көреміз. Демократия мемлекеттік құрылымның қағидасы ретінде басым адамдар үшін жағымды тренд болудан қалды.

Бұрынғы Кеңес Одағында болған елдердің көпшілігінде соңғы 15 жыл ішінде антидемократиялық, батысқа қарсы көзқарас деңгейі өсіп келеді.

Бүгінгі таңда «демократия» және «либерализм» сөздері көптеген адамдар үшін жағымсыз мағына беретін, тіпті бейәдеп сөздерге айналып үлгерді. Либерал-демократиялық құндылықтарды насихаттайтын адамдарға теріс көзқарасын білдіру үшін қолданатын жаңа «либераст» деген сөз пайда болды.


Қоғамдық санада антиамерикалық көңіл күй қалыпты нәрсеге айналды: дүниедегі басты зұлымдық ретінде барлығы АҚШ-ты сынға алады. Еуропалық құндылықтарды көп адам бұрмаланған түрінде түсініп жүр. Бірінші кезекте, сексуалдық азшылыққа бағытталған еуропалық төзімділікті қабылдамау белең алған. Керісінше, адамгершілік идеалдарына сай жүру, адам құқықтары стандарттарын сақтау, жоғары төзімді Еуропаның моральдық азғындауының көрінісі ретінде қабылдануда.

Бұл қалай болғаны? Жиырма жыл бұрын бәрі басқаша болатын: көптеген адамдар тоталитарлық жүйенің

құлауына шынайы қуанып, өздеріне Еуропа және АҚШ елдеріндегідей лайықты өмір сүруге мүмкіндік беретін өзгерістер уақыты келгеніне сеніп еді. Горбачевтың қайта құру кезеңін демократияға басқан қадам ретінде бағаланды. Басым көпшілік ескі кеңестік социалистік стереотиптерден бас тартып, батыстық өмір стандарттары мен мемлекеттік құрылымды ұстануды жақтай отырып, өзгерістерге бейімделді. Өткенге қайта оралмастай күй кешіп едік...Авторитаризм дамудың мәжбүрлі кезеңі ретінде уақытша құбылыс секілді қабылданды. Шекара ашылғанда адамдар жаппай шетелге — Еуропа мен Америкаға, демократиялық елдердің өмірімен танысу үшін саяхаттай бастады. Мұндай насихаттан сенімді не болуы мүмкін еді? Қара да салыстыр: билікті үнемі өзгертіп отыратын олар және биліктің кез келген ауысуы анархияға апаратын жол деп санайтын біз! Олардың өміріне және біздің қалай күй кешіп жүргенімізге қарап шешім шығаруға болады. Көбісі демократия жақындап қалды деп сенді, тек азаматтық қоғамды жандандыру және сайлауда дұрыс адамдарды таңдау ғана қалды деп ойлады. Өкінішке қарай, бәрі әлдеқайда күрделі болып шықты — белгілі бір кезеңде процестер керісінше жүрді.

«Транзитте» тұрып қалған посткеңестік елдерде соңғы он бес жылда либералды-демократиялық идеологияға тұрғысынан қоғамдық көзқарас санасында күрделі трансформация жүрді. Демократия саяси ұмтылыс ретінде, өзінің абыройын түсіріп алды. Өмірінде ешқандай шынайы өзгеріс болмаған адамдар, ширек ғасырдан астам уақыт бойы «демократияда» өмір сүріп жатқанын ести-ести, одан жалығып кетті.

Идеологиялық вакуум пайда болды және оның орнын басқа идеологиялық құндылықтар толтырды. Осы-



ның салдарынан халықтың бір бөлігі кеше ғана өздерін саяси еркіндіктен айырған, бірақ әлеуметтік қамтамасыздандырып отырған социализмді сағына бастады. Бүгінгі таңда Ресей, Қазақстан, Қырғызстан, Армения, Беларусьта халықтың 40-50% бөлігі Кеңес Одағында өмір сүру жақсырақ еді деп есептейді. Молдовада бұл көрсеткіш 65% құрайды. Ал Украина, Гүржістан, Тәжікстанда — 25-35%.

Халықтың басқа бөлігі өздерінің мәселелерін шешуге қабілетсіз зайырлы биліктен теріс бұрылып, дінге, тіпті радикалды исламға бет бұра бастады.

Посткеңестік елдердегі адамдардың тағы да бір басым бөлігі Ресей Қырымды өзіне қосып алып, Донбасстағы қақтығысты бастаған соң, Путиннің батыс «либерал-демократиялық деградациясына» қарсылауын және «орыс әлемін аяққа тұрғызу» сияқты империялы-реваншистік идеяларын оң көзқараспен қабылдады.

Батысқа қарсы тұру тренді тек қана этникалық орыстарға ғана емес, басқа да этностар үшін жағымды болып шықты. Мәселе халықаралық сипат алды: посткеңестік кеңістіктің барлық елдерінде әртүрлі ұлт өкілдерінен тұратын «батыстың жат әсеріне» қарсыласуды жақтаушылардың едәуір бөлігі бар. Олар шамамен Ресейде 80%, Қазақстанда 70 %,Украина, Гүржістан, Тәжікстанда 25-35% аралығында болса, Молдовада 40 % құрайды. Импералистік көңіл күй қатайып барады! Бұл деректер шындыққа барынша жанасатын шашыраңқы дереккөздерден жиналғанымен, жалпы жағдайды білдіреді. Бұл жайдан-жай туындамағаны анық және посткеңестік елдерде көрсетілетін орыс теледидарының пропагандасының жемісі екені түсінікті.

Адамдардың идеологиялық қалауларының мұндай елеулі өзгеруін былай түсіндіруге болады: 20 жылдан астам «транзитте» қаңғып жүргеннен кейін олар еуропалық өмір сапасымен бейнеленген демократия мен либерализм идеалдарына сенімін жоғалтты. Алайда КСРО-ның ыдырауы, одан кейін демократиялық мемлекеттер құру ұранымен тәуелсіз мемлекеттердің құрылуы күткен нәтиже бермеді.

Билікке келген посткеңестік элита өз елдерінде оның еуропалық форматындағы демократияның алдын алу үшін қолынан келгенін жасады. Бұл нарықтық экономиканың жан-жақты дамуы үшін қажетті жағдайларды қамтамасыз етуге және азаматтардың құқықтары мен бостандықтарының сақталуына кепілдік беретін саяси демократияны орнатуға қабілетсіз жалған демократиялық жүйелердің құрылуына әкелген еуропалық формат болды.

Бейнелеп айтқанда, билікке қол жеткізген саяси элита демократияға опасыздық жасап, оған «транзитті» билікті өз қолында ұстаудың тәсіліне айналдырды. Елдер демократияның орнына жалпы сыбайлас жемқорлық, заңды құрметтемеу, әлеуметтік теңсіздік, соттардың жемқорлық, саяси оппозицияны басып-жаншу және адам құқықтарын сақтамау түріндегі барлық ілеспе «кереметтеріне» бар авторитаризмді сіңіріп алды.

Кез келген авторитаризм өзінің өмір сүру қаупінен өзін-өзі қорғаудың генетикалық қасиетіне ие екенін түсіну маңызды. Бізде шын мәнінде демократия мен адам құқықтары мен бостандықтарының кеңеюін қатер ретінде көре отырып, барлық автократтар осы құқықтар мен бостандықтарды шектеуге мейлінше ыңғайланған билік бар.

Осылайша, саяси салада демократияның бұрын жарияланған принциптерінен алшақтау байқалады. Сөз бостандығын, саяси партиялардың қызметін, діни сенім бостандығын, азаматтардың митингілер мен шерулер өткізу құқығын барған сайын шектейтін жаңа заңдар қабылдануда.

Демократиялық институттардың қызметін шектеу, Қазақстан тәуелсіздігінің бастапқы кезеңінде билік жариялаған және халықтың басым бөлігі түсіністікпен қарайтын демократиялық стандарттарды қабылдамау үрдісі байқалады.

### **Шеңбер ішінде қалу**

Мәселенің тағы бір маңызды тұсы — азаматтық қоғамды дамытуда оң нәтижелердің жоқтығы. Жиырма жылдан астам уақыт бойы әртүрлі қоғамдық ұйымдар елдерде батыстық стандарттарды ілгерілету үшін жұмыс істеп келеді. Осы жылдар ішінде демократияны дамыту үшін батыстың түрлі қорларынан миллиондаған доллар бөлінді. Олар мыңдаған ұйымдарды қамтыды, сансыз семинарлар, дөңгелек үстелдер, мектептер, тренингтер өткізді. Мұның бәрі халықтың азаматтық санасын белсендіруге, демократиялық батыстық стандарттарды адамдардың санасына енгізуге бағытталды.

Әттең! Қазақстандықтардың азаматтық кемелденуіне, Қазақстан идеологиялық және саяси жағынан Еуропаға қарай жылжиды деген үміті ақталған жоқ. Бүгін біз саяси тұрғыда да, адам құқықтарына деген көзқарас тұрғысынан да елімізде жиырма жыл бұрынғымен салыстырғанда демократияның азайып кеткенін мойындауымыз керек.

Ең қорқыныштысы, қоғамдық пікірде либерал-демократиялық құндылықтар басым бағыт болудан қалды. Ұлттық патриотизмге, империялық реваншизмге бетбұрыс болды. Батысшыл әлеуметтік-саяси риторика барған сайын ашық батысқа қарсы риторикасымен ауыстырылып, билік пен жергілікті элитаның батыстық құндылықтардан идеологиялық түрде бас тартуы барған сайын айқындала түсуде.

Мұның бірнеше себебі бар, менің ойымша. Олардың барлығы бір-біріне шарт қоя отырып, ақырында көрсетілген нәтижеге әкеп тіреді.

Бұрынғы КСРО елдерінде Шығыс Еуропаға қарағанда революциялар болмаған, яғни элита ауысқан жоқ. Билікте негізінен бұрынғы идеологиялық дайындығы, мәдениеті мен діліндегі адамдар қалды.

Иә, бұрынғы социалистік жүйені либерал-демократиялық үлгіге сәйкес формадағы нәрсеге айналдыруды білдіретін саяси реформалау процесі болды. Бірақ бұл процесс жоғарыдан келді және оны ескі коммунистік номенклатураның адамдары жүргізді. Олар өз халқының жаңа басшыларының бәсекелестігінен қорқып, бұл процеске жалпы халықты тартпай, басқарып, бақылап отырды. Шешім қабылдаушылар тобына тек бұрынғы режим кезінде билікте болғандар ғана кірді. Яғни, кадрлық құрылым бойынша билік сол күйінде қалды. Ол басқарудың ескі әдеттері мен әдістерін сақтап қалды. Ұрандар, баннерлер, атаулар өзгерді, бірақ адамдар сол күйінде қалды. Бұл олардың Қазақстанда құрған демократиясы өмірдің барлық салаларында қосарланған стандарттары бар Брежнев социализмін еске түсіретінін анықтады.

Шынында да, кереғар жағдай — жаңа үкімет сол кездегі қайта құру идеологиясы белгілеген басым саяси

үрдіс аясында біршама демократиялық болып көрінетін реформалар жүргізіп жатты. Толық демократиялық конституция қабылданды, демократиялық институттардың барлық түрлері құрылды, билікті сайлау тәртібі белгіленді, биліктің заң шығару тармағының жұмысы түзетілді, тәуелсіз баспасөз пайда болды, оппозицияға жол берілді. Ал, соның нәтижесінде халықтың азаматтық белсенділігі арта бастады, түрлі қоғамдық ұйымдар, кәсіподақтар, саяси партиялар пайда болды. 1985 жылы КСРО шеңберінде басталған азаматтық қоғамды қалыптастыру процесі 1991 жылдан кейін егемендік аясында да жалғасын тапты.

Алайда, уақыт өте бұл оң процестер бәсеңдей бастады. Белгілі бір кезеңде билеуші элита демократияның одан әрі дамуы оны биліктен ығыстырудың саяси алғышарттарын жасайтынын түсіне бастады. Ал бұл биліктегі адамдардың әрқашан сонда қалуға деген ниетіне қайшы болды. Осы кезден бастап билік өзі құрған демократиялық институттарға деген көзқарасын өзгерте бастады. Оларды өздерінің саяси мүдделеріне қалай бейімдеу керектігін ойлана бастады.

Әрине оларға демократияның әділ сайлауы, импичмент жариялау мүмкіндігі, азулы баспасөзді, судьялардың тәуелсіздігі мен оппозициялық әрекеті ұнайматыны анық. Шамамен 90-жылдардың ортасынан бастап демократиялық процестерді тежеу және демократиялық институттарды өзгерту басталды.

Биліктегі адамдар Горбачевтің қайта құруынан мұраға қалған демократиялық жетістіктерді қамтыған тәуекелдерді жою жолына түсті. Оларға алғашқы сайлаудың өзінде биліктен айырылмайтынына кепілдік қажет болды. Сондықтан сайлау механизмінің барлығы



толық бақылауда болатындай, нәтиже болжамды және олардың пайдасына болатындай етіп ұйымдастырылды. Енді, қалай болғанда да, олар өздері және олардың кандидаттары жеңімпаз болады деп күтуге болады және олардың референдумдағы тұжырымдары дауыстардың қажетті пайызын «алады».

Сонымен бірге судьялардың ырыққа көндіру процесі жүріп жатты, олар сайып келгенде атқарушы билікке тәуелді болып қана қоймай, авторитаризмнің табиғи бөлігіне айналды.

Биліктің келісімінсіз референдум өткізу мүмкіндігін жоққа шығаратын заңдар біртіндеп қайта жазылды.

Жергілікті билік ұсынатын әкімшілік ресурс саяси тапсырмаларды орындауға кірісті. Оппозиция тіркелуде, митингілер өткізуде, сайлауда үгіт-насихат жұмыстарын жүргізуде немесе басқа нәрселерде жиі қиындықтарға тап бола бастады.

Баспасөз бұқаралық ақпарат құралдары жабылғанға дейін әртүрлі қиыншылықтар мен мәселелерге қауіп төндіретін сөз бостандығының рұқсат етілген шекаралары нақты анықталған ойын ережелерін қабылдады.

Нәтижесінде барлық демократиялық институттар сақталды, бірақ олардың демократиялық мәні жойылды. Сырттағы бақылаушыларды адастыруға арналған демократияның бір түрі болып қала берді.

Осылайша, биліктің мақсатты саясатының нәтижесінде демократиялық институттардың көпшілігінің трансформациясы жүзеге асырылды, әсіресе саяси және азаматтық құқықтар тұрғысынан, бұл ең жақсы жағдайда айтарлықтай шектелген болып шықты, ал жекелеген институттар бұл шектеулерге бейімделді және тіпті шексіз биліктің құралына айналды.

Мысал ретінде, азаматтық белсенділік таныту құралы бола отырып, қоғамдық-саяси процестердің басында тұруы тиіс үкіметтік емес қоғамдық ұйымдармен өзгерістерді келтіруге болады. Алайда, биліктің қысымымен үкіметтік емес ұйымдардың көпшілігі билік ұсынып отырған астыртын ойын ережелерін қабылдауға мәжбүр болды: ешқандай саясат, әлеуметтік мәселелер саласында билікке ешқандай сын, митингілерге қатысты азаматтық бастамалар жоқ.

Соның нәтижесінде бізде әлеуметтік мәселелерді жүзеге асыруда мемлекеттік тапсырыстарды орындайтын мыңдаған ҮЕҰ-дар бар. Жағдайдың кереғарлығы — көп жағдайда бұл проблемаларды билік органдары тудыратынына қарамастан, идеологиялық тұрғыдан мемлекеттік тапсырыстар бойынша жұмыс билікті қолдауға және олардың пиарына бағытталған. Азаматтардың белсенді ұстанымын қалыптастыру, оларды адам құқықтары тұрғысынан тәрбиелеу және демократиялық принциптерді ілгерілету тұрғысынан алғанда, мұндай ҮЕҰ қызметінің болашағы жоқ екені анық. Мысалы, адам құқығын қорғайтын ұйым мемлекеттің ақшасына жұмыс істеп, адам құқығын осы мемлекеттен қалай қорғайды? Ақша беруші мемлекет бұған мүдделі болмаса, олар азаматтық белсенділікті қалай дамыта алады (оның ішінде митингілер де бар)? Мұндай ҮЕҰ-дар керісінше — азаматтық әрекетсіздікті қалыптастыру және мемлекеттік саясатты мақұлдау бағытында жұмыс істегені екені анық. Өмірде соны көріп отырмыз.

Адамның Адам құқықтарының жалпыға бірдей декларациясында жазылмаған бір ерекше құқығы бар — адасу құқығы. Ашығын айтқанда, бұлжымайтын және ешқандай тыйым салуға жатпайтын қасиетті құқық. Мұны өзгерте алмайсыз.

Бұл құқық бізді неге қызықтырады? Кейбір қате түсініктер, айталық, биліктің қазіргі саясаты тұрғысынан алғанда, басқа адам құқықтарына қатысты күрделі мәселелерге әкелуі мүмкін. Мысалы, егер сіз автократиялық үкіметтің демократиялық бағыты туралы өте ұзақ уақыт адасатын болсаңыз, сіз өзіңіздің құқықтарыңыз бен бостандықтарыңыздың көбін оңай жоғалтуыңыз мүмкін.

Көбінесе адам құқықтарын бұзатын биліктің сынына жауап ретінде олар билікке шабуыл жасауды доғар, өміріңді жақсы жаққа өзгертуді өзіңнен баста деген сөздерді алға тартады. Өйткені, заңды бұзатын, пара беретін және алатын, басқаларды алдап, кіре берісте боқтық жасайтын, қызыл жарықта көшеден өтетін, т.б. кімдер? Айтыңызшы, біздің өмірдегі барлық жамандық өзімізден. Ал оған билік, үкімет пен президенттің қандай қатысы бар?

Сосын бұл адамдар мәселе өзімізде болса, пара беруді, заң бұзуды, алдап-арбауды, ұрлауды, айналамыздағы адамдардың құқықтарын бұзуды доғаруымыз керек дегенге кәміл сенеді. Сонда адам құқықтарына қатысты барлық мәселелер өздігінен шешілетіндей көреді. Олар бүгінгі шектеулер қоғамның жетілмегендігіне мемлекеттің мәжбүрлі реакциясы ғана дейді. Адамдар еш-нәрсені бұзбайтын, заңдар мен ережелерді бұлжытпай орындайтын кемел қоғамда ешкімге де, ештеңеге де шектеу қоюдың қажеті жоқ.

Менің ойымша, мен жақсы болсам, айналама әсер ете аламын, тіпті оны өзгерте аласым деген кең тараған қате түсініктердің бірі. Антуан Сент-Экзюпери өзінің кейіпкерінің аузымен әлемді мінсіз ету үшін не істеу керектігін нақты анықтады: «Мен таңертең тұрдым, жуындым, өзімді ретке келтірдім және бірден бүкіл дүниені ретке келтірдім» дейді.

Әрекеттердің реттілігіне назар аударыңыз — сіз өзіңізден бастадыңыз және бірден айналаңыздағы әлемге көштіңіз! Яғни, дүниені мінсіз ету үшін төсек жайып, тіс тазалап, жаңа көйлек кию жеткіліксіз. Бұл тек сіздің гигиенаңыз бен әдеттеріңіз туралы мәселе. Негізгі ретке келтіру әрекеті әдеттен тыс. Біздің жағдайда бұл адамдар мен билік арасындағы қарым-қатынас туралы мәселе.

Яғни, елде де, қалада да, маңайда да, тіпті подьезде де ретке келтіру үшін өзіңнен бастау жеткіліксіз екені анық. Бұл қазірдің өзінде жеткіліксіз, өйткені айналамызда мүлдем басқа құндылық бағдарлары бар және олардың көпшілігі «өзінен бастағысы» келмейтін көптеген адамдар бар. Ешкім бәрімен бірден келісе алмайды. «Өзіңнен баста» формуласы бойынша әлемді қайта құру

теориясын жеткізушілер бұл қарапайым шындықты түсіне алмайды.

Меніңше, бұл қорқақтардың, жалқаулардың сүйікті сылтауы. Шынымен әлемді жақсартумен айналысқысы келмейтіндер, бұл үшін өздері білмейтін нәрсенің тым көп екенін түсінеді, ең бастысы, мұны қаламайды. Бұл, әсіресе, олармен дауласудан қорқатын билікке талап қоюға қатысты. Бұл олардың ішкі көші-қонына, белсенді азаматтық позициядан қашуына сылтау.

Шындығында, бәрі екі нүктеге тіреледі. Біріншіден, біз заң жүзінде өкілеттіктерін берген билік органдарына, соның ішінде қажетті тәртіпті орнату. Екіншіден, егер билік өз міндеттерін орындай алмаса, азаматтық қоғам шенеуніктерге мұны үнемі ескертіп отыруы керек. Сын, наразылық, оның ішінде митингілер және басқа да қоғамдық акциялар арқылы ескертілуі керек. Бұл бүкіл өркениетті әлемде бар халықаралық тәжірибе.

Схема қарапайым — шенеуніктер ұрлық жасап, жағдайды жақсы жаққа өзгерту үшін ештеңе жасамай жатқанда, өз елінде өмір сүру қиын, кіреберіс қараңғы, лас болғандықтан шаршаған адамдар ренжіп, талап қоя бастайды. Ал үкімет шара қолдануға міндетті, әйтпесе «сұрақ-жауапқа» алынады. Барлық, тіпті азды-көпті өркениетті елдерде тәртіп осылай сақталады. Онсыз принциптік тәртіп болуы мүмкін емес.

Күнделікті, әлеуметтік немесе саяси мәселелерді «өзіңнен баста» формуласы арқылы шешуге тырысу — қарапайым идеализм. Адамзат тарихында ЕШКІМ және ЕШҚАШАН ең қарапайым мәселені бұлай шешкен емес. Айналадағы дүниені, елдің кіреберісінен бастап жақсарту тек билікті, оның барлық деңгейдегі шене-



уніктерін осы мәселелердің барлығымен айналысуға мәжбүрлеу арқылы ғана мүмкін болады.

Билік қарапайым халықтың мәселесін шешу үшін отыр. Барша қазақстандықтардың және пара алу мен беруді тоқтатуын «өзінен бастауын» күту мүлдем қисынсыз. Сыбайлас жемқорлық небәрі бес жылда жойылған Сингапур мен Грузияның мысалдары бар, нені күту керек? Барлығы өте қарапайым — билік саяси ерік-жігерін осылай көрсетіп дәлелдеді.

Өз елінің табысты дамуын қамтамасыз ету және оны реформалар мен қатаң мәжбүрлеу арқылы жүзеге асыру кез келген биліктің ішкі берік саяси жүйесінен бастау алады.

Дегенмен, бұл проблемаларды шешудің неғұрлым тараған жолы демократиялық институттар мен механизмдерді енгізу болып табылады. Заңның үстемдігі, билікті сайлау, тәуелсіз сот төрелігі, еркін баспасөз, билік тармақтары арасындағы «тежемелік және тепе-теңдік» жүйесі және саяси оппозицияның болуы билікті басып алумен байланысты келеңсіз аспектілерді сәтті еңсеруге мүмкіндік береді.

Мұнда бәрі темір тәртіппен, қатаң белгіленген стандарттар бойынша адамдарды өмірдің негізгі ағымына жетелейтін ағартушы диктатордың жеке басына салынбаған. Керісінше, бәрі де ел азаматтарының билікті таңдау, оны бақылау және одан өздеріне сәйкес келетін принциптер мен стандарттарды қамтамасыз етуді талап ету құқығына негізделген. Оның ең басты принципі — адам құқықтары мен бостандықтарын құрметтеу. Бұл өз кезегінде олардың мемлекетке қатысты азаматтық борышын орындауды және заңдарды бұлжытпай орындауын да көздейді.

Бұл жағдайда сіз өзіңізден бастадыңыз ба, бұл маңызды емес. Мұнда бәрі қарапайым — таңертең тұрдым, өзімді ретке келтірдім және өз құқықтары мен міндеттерін анық білетін сол бір заңға бағынатын азаматтардың қоршауында болдым. Қауіпсіздік мақсатында адамдардың өз міндеттерін ұмытпауын қадағалайтын полиция қызметкері де жақын жерде. Оған қоса, кіре берісте консьерж және аулада көше тазалаушы.

Қаласаң да, қаламасаң да елде тұратындардың барлығына бірдей заңдылық пен мінез-құлық нормаларын жүзеге асырудың қатаң шеңберіне тап боласың. Айналадағылардың бәрі: полиция қызметкерлері, шенеуніктер, парламентарийлер, министрлер, тіпті президент те олардың соңынан ереді. Заң барлығына ортақ және одан ешкім жоғары бола алмайды. Бұл ретте көгалда жүруге және айналаңызда болып жатқан оқиғаларға, тіпті президентке өз көзқарасыңызды білдіруге ешкім тыйым салмайды. Жүріңіз, сөйлеңіз, өзіңізге ұнамайтын нәрсемен келіспеңіз, дәлелдеңіз, айтыңыз, ант етіңіз, бірақ құқықтарыңыз бен міндеттеріңіздің шекарасын ұмытпаңыз. Бұл сіздің планетаңызда тәртіп басталатын негізгі және таптырмас шарт. Және ол азаматтардың әрқайсысы жеке емес, ұжым болып басты мәселені — олар сайлаған үкімет ӨЗ құқықтары мен бостандықтарының сақталуын қандай принциптерге сәйкес қамтамасыз етеді дегенді шешуінен басталады. Ал бір нәрсені өзгертуге жеке әрекеттер, «өзінен бастау» дегендер екінші деңгейлі мәселелер.

## XVIII тарау

# КҮРЕСТІҢ СЫРТЫНДА

Тағы бір нәрсе бейтарап болу, яғни бірде-біреуімен де, екіншісімен де емес, былайша айтқанда, процестен тыс, жақсылық пен жамандықтың екінші жағында болу құқығына тоқталайық. Бұл құқық өте маңызды, себебі бұл көптеген адамдар үшін бұл елде тұратындардың барлығына де-факто жүктелетін азаматтық жауапкершіліктен құтылуға көмектесетін ұстаным.

Қазақстандық қоғамдық дискурста «күрестен алшақ болу» деген ең жоғары объективтілікті талап ететін ұстаным әрқашан болды. Адамдар өздерін бейтарап адам ретінде көрсетуді ұнатады. Билік пен оппозицияның, саяси партиялардың текетіресінде болсын, түрлі әлеуметтік құбылыстарды бағалауда болсын, жай ғана тұлғааралық тартыстарда болсын өз бойын аулаққа салады, бейтарап позиция ұстанады. Сонымен қатар, олар бейтараптығы үшін белгілі бір төреші, тіпті әділ адам мәртебесіне кепілдік беретініне сенімді. Олардың түсінігінше, дау-дамайға қатысқандардың басынан-аяғына дейін былғанады, ал даудан өзін алшақ тұтқандар таза күйінде қалады.

Адам өзінің бір жаққа немесе басқа жаққа қолдау көрсетуге дайын еместігін өз ұстанымының қағидаттарын

ұстануы ретінде бағалайды және осы негізде өзіне объективтілік мәртебесін береді. Логика қарапайым — оның айтуынша, ол жанжалдан тыс, сондықтан оған оқиғаны бағалауда объективті және бейтарап болу оңайырақ. Бұл пікір әсіресе журналистер, саясаттанушылар, әртүрлі сарапшылар арасында кең тараған, олардың көпшілігі «күрестің сыртында тұруға» тырсысады.

Қазақстанның нақты жағдайында объективтілік, өзін «күрес үстінде» формуласы бойынша орналастыру өте үлкен күмән тудырады. Мәселе мынада, егер мұндай «бейтараптық» әкелетін нәтижелерге назар салсақ, бұл бейтараптықтың салдары көбінесе зарар беріп, кейде тіпті бұл әрекеттің бейтараптық емес екеніне көз жеткіземіз.

Тәжірибе көрсеткендей, адамдардың күрестен жоғары тұруға деген көптеген әрекеттері ең жақсы жағдайда өзін-өзі алдау, ең жаманы — жұртты алдау. Көбінесе өздерін «даудың сыртында» деп жариялаған адамдар шын мәнінде ... «даудың бір тарапында» яғни ресми билік жағына шығады.

Бұл журналист немесе саясаттанушы шынымен де өз бағасын беруде объективті және тәуелсіз болуға тырысатын жағдайларда да жиі кездеседі. Бұл журналистер қауымына енген атышулы «ішкі цензура» ғана емес. Ол әлдеқайда кең. Бүгінде бұл — соңғы 15 жылда оппозицияға, баспасөздің тәуелсіздігіне, демократияға, Батысқа және идеологиялық сипаттағы басқа да мәселелерге қатысты тұрақты стереотиптерді қалыптастырған жалпы тыйымдар мен шектеулер атмосферасы.

Өйткені, қазақстандық ақпарат саласы мен қоғаммен байланыс саласында біржақтылық парадигмасы қалыптасқан. Міне, елде болып жатқанның бәрі тек ресми

ұстаным немесе билікке адал ұстаным призмасы арқылы бағаланады. Әдетте, мұнда балама көзқарастар берілмейді. Әр нәрсенің өзінің нақты белгіленген идеологиялық және саяси негізі бар, оны әркім бастапқы шарты бойынша сақтауға міндетті. Бұл, егер қаласаңыз, айтылмаған ереже, оны сақтамау ауыр зардаптарға әкелуі мүмкін. Демек, бұл жағдайда кез келген «объективтілік», кез келген «күрестен жоғары» болмыс түсінігі осындай үнсіз мойындаудан туындайды.

Бұл шарттарда кез келген бейтараптық оқиғаны бағалаудың ресми нұсқасымен үнсіз келісімге ұқсайтыны анық. Айталық, билік сот алдында оппозиционерді қылмыскер ретінде көрсетсе, ал «күрестің сыртында тұрған» журналистер мұны жағдайға сыни баға бермей-ақ жеткізсе, онда бейтараптық туралы сөз болмайды.

Идеологиялық және саяси қарама-қайшылықтар тұрғысынан рұқсат етілген шекаралары нақты белгіленген Қазақстанда журналистер, саясаттанушылар, сарапшылар мен қоғам белсенділері тарапынан кез келген бейтараптық әдетте билік пайдасына жұмыс істейді. Өйткені бұл бейтараптық мемлекеттік саясат пен қоғам өмірінің маңызды салаларындағы үнсіз цензураға байланысты биліктен келетін нәрселермен келісімді болжайды.

Яғни, шектеулер әу бастан бар. Ал егер сіз осы шектеуде қалсаңыз, нәтиже әрқашан биліктің пайдасына шешіледі. Өзін-өзі цензура жағдайында қалыптасқан саяси ойын ережелерін бұзбай, бейтарап қалуға болады деу — ең үлкен өзін-өзі алдау болып табылады.

Мысалы, елестетіп көріңіз, футбол матчында екі команданың жанкүйерлерінен бөлек, кімнің жеңетініне

мән бермейтіндер де болады делік. Сіз оларды стадионда таба алмайсыз. Стадионда бәрі «қолдайтындар» немесе «қарсы» болып бөлінеді. Ерекшелік — бейтараптылығы арнайы келісілген және ақы алатын төрешілер тобы. Бейтараптық, күрестен жоғары болу әрқашан АҚЫЛЫ болатыны шындық. Шынайы өмірде де солай — кез келген «бейтараптық» үшін ақы төленеді. Қалғандардың бәрі, әдетте, өз командаларына жанкүйер. Өйткені идеология тұрғысынан алғанда адам командалық тіршілік иесі.

Сол сияқты Украина мен Ресей текетіресі де екі команданың өмір мен өлім үшін күресетін «ойын». Ал қалғандарының бәрі, соның ішінде қазақстандықтар да жанкүйерлер, «қолдайтындар» және «қарсы» деп бөлінгендер.

Бұл жағдайдағы бейтараптық, әдетте, өзін-өзі алдаудың бір түрі. Идеологиялық тұрғыдан мұнда бәрі бұрыннан бөлінген. Бір-біріне түбегейлі қарама-қарсы екі идеология соқтығысты — батысшыл және ресейшіл. Олардың арасында Шығыс Украинада болып жатқан әскери текетірестен бөлек, бұқаралық ақпарат құралдары мен Интернетте жеке адамдар арасындағы дау-дамай деңгейінде күшті ақпарат-идеологиялық соғыс жүріп жатыр.

Ал бұл жағдайда кейбіреулер «күрестен жоғары» тұруға тырысады. Олар үшін қарама-қарсы жақтардың арасында ешқандай айырмашылық жоқ, олардың түсінігінде болып жатқан оқиғаға екеуі де кінәлі, сондықтан кез келген сынға лайық дейді. Олар бұл тәсілді объективті және ең дұрыс деп жариялайды. Толық мойындаймын, өмірде іштей үдерістен тыс қалып, бұл мәселеге қатысты өз ұстанымын әлі шешпеген адамдар бар.

Бірақ, шынымды айтсам, ондай адамдарды кездестірген жоқпын.

Менің ойымша, өзін «күрестен тыс» қоятындардың көпшілігі қандай да бір себептермен шынайы ұстанымдарын жасыруға мәжбүр болғандар. Біріншіден, мен Ресейдің Қырымды басып алу, Украинаның шығыс облыстарын қабылдамау тұрғысындағы Ресейдің реваншистік саясатын және Кремльдің батысқа қарсы риторикасын қолдайтын және оған қарсы пікір бөлісетін қазақстандық саясаттанушылар, журналистер, саясаткерлер мен қоғам қайраткерлері мен қарапайым азаматтарды айтып отырмын. Қазақстандағы жағдайдың ерекшелігіне байланысты олар өздерінің ресейшіл және батысшыл пікірлерін тым ашық жариялаудан қорқатыны анық.

Сонымен қатар, бұл текетіресте керісінше, іштей Украина жағында болып жатқандар да бар. Ондайлар ресейшіл көпшілікті қатты тітіркендіретінін және осының негізінде олармен қарым-қатынаста қиындықтар тудыратынын түсініп, Путинге қарсы пікірлерін ашық айтудан қорқады. Сондықтан, мұндай адамдар мүмкіндігінше украин тақырыбын айналып өтуге тырысады, айналып өте алмаған жағдайларда олар «сенікі де, біздікі де дұрыс емес» ұстанымын алып, «объективтілік» экранының артына жасырылады. Бұл идеологиялық қарсыластармен қарым-қатынаста қиындықтарды болдырмайды, осы мәселе бойынша қақтығыстарды болдырмайды.

Өзінің азаматтық ұстанымы туралы шешім қабылдамаған адамдар үшін саяси және идеологиялық көзқарастарын қорғаудан гөрі басқалармен қарым-қатынас жайлылығы басымырақ. Олар басқалармен, билікпен,

достарымен және туыстарымен қарым-қатынасын қиындатпас үшін идеяларды қабылдауға дайын емес. Олар өз көзқарастарын, сенімдерін және кейбір идеяларын өздерінің әл-ауқатына зиян келтіретіндей қорғауға пісіп-жетілмеген. Ал көзқарастар мен нанымдардың өзіне келетін болсақ, көбінің нақты қалыптасқан ұстанымы жоқ, көбісі жағдайдың өзгеруіне байланысты ауысып отырады.

Ондайлар қазақстандық қоғамдық пікірдің қалыптасуына ықпал ететін танымал және беделді адамдар арасында жиі кездеседі. Идеологиялық және саяси тұрғыдан олардың кейбіреулері саяси жағдайға байланысты көзқарастары мен басымдықтарын өзгерте отырып, толық белгісіздікті білдіреді.

Неге олай еттің деп ешкім дауламайды, олардың бұған толық құқығы бар. Әркім өз бейнесін қалыптастырған кезде қандай талаптар болуы мүмкін? Бірақ өз басым, объективтілік пен бейтараптық экранының артына өзінің идеялық ең жарлығы мен азаматтық қорқақтығын жасыратындардан гөрі, қоғамдық талқылауларда өз ұстанымын қорғайтындарды көбірек құрметтеймін. Қазіргі қазақстандық жағдайда бұл жай ғана принципсіздік емес, объективті түрде бұл саяси қараңғылық, олар тойтарыс беруге қорқатын жерде толық гүлденеді.

Мен өзімнің үндеуімде сынға жиі ұшыраймын — дейді олар, мақалаларымда объективтілік жоқ, автордың субъективті позициясы басым, бұл менің пікірімді оқырмандарға таңу болып табылады. Айталық, публицист өз бағалауында бейтарап болуы керек.

Мен бұл пікірмен мүлдем келіспеймін. Керісінше, шыншыл журналистиканың өзінің нақты ұстанымы



болуы керек. Тілші-журналист белгілі бір оқиға туралы жаза отырып, мүмкіндігінше бейтараптылықты сақтап, болып жатқан оқиғаға өзінің субъективті қабылдауын қоспай, оқиғаның толық бейнесін беруі керек. Өйткені оның міндеті — аудиторияға бағалаусыз, эмоциясыз, өз ұстанымынсыз тек ақпаратты жеткізу. Одан оқиғаның суреті, толыққанды фотосурет түрі күтілуде.

Публицисттің міндеті басқа. Ол көрермендерді оқиғаны өз көздерімен көруге мәжбүр етуі керек. Тек қарап қана қоймай, оның көзқарасының дұрыс екеніне көз жеткізу үшін қажет. Жалпы айтқанда, публицистика ақпараттандырумен, «сенікі де, біздікі дұрыс» деген талдаумен айналыспайды. Публицистика жөн сілтеу және үйретімен айналысады. Оны академиялық лексика былай түсіндіреді: «Публицист ғылымның тұжырымдарын көпшілікке насихаттайды ма, зерттеуінің нәтижесін жеткізеді ме, ол мұны оқыту үшін емес, үйрету үшін, білімді жеткізу үшін емес, қоғамдық пікір деп аталатын саяси күшке ықпал ету үшін жасайды» (<http://infolio.asf.ru/Sprav/Brokgaus/3/3907.html>). Бұл журналистиканы әдіснамалық тұрғыдан, былайша айтқанда, сауатсыздықты жою, басқалардың жалпы білім деңгейін көтеру тұрғысынан бағалауға жол ашады.

Егер адамдардың бейтарап болуға құқығы болса, бірақ біз анықтағандай, бұл көбінесе нәтиже бермесе, онда бұл бейтараптыққа қарсы тұру құқығы да болуы керек қой. Бейтарап болмау құқығы.

Қазақстандық жағдайда мұндай құқықты жүзеге асыру ресми пікірлер мен бағалаулардан басқаша нәрсе жасауға мүмкіндік береді. Қоғамға әртүрлі көзқарасты ұстанатын, жалпы қабылданған және қалыптасқан стереотиптерге қарсы тұратын публицистика қажет. Бұл

қоғамдық пікірде идеологиялық және саяси балама құра алатын қандай да бір идеологиялық тайталасты тудырады.

Әйтпесе, үнсіз цензура рұқсат еткен шеңбердегі «объективтілік» пен «конструктивтіліктің» үстемдігі қазақстандық қоғамдық санасының «авгей атқорасына» айналуына кепілдік береді.

Бұл мәселенің басқа жағы да бар. Оны моральдық-идеологиялық делік.

Майданға келгенде, бір жағынан елді тізе бүктірген ұры президент болса, екінші жақтан қарсыластары қандай тепе-теңдік пен объективтілікке шақыратыны мені үнемі қызықтырады. Оның отставкаға кетуін талап ететін адамдар бар. Бұл жағдайда қалай «сенікі де, біздікі де» болуы мүмкін немесе одан да сорақысы, «халық сайлаған президенттің» заңдылығына қалай бас изеді? Логиканың бұрмалануын ойлаңыз — «Не ұрлағаны маңызды емес, оның заңды түрде сайланғаны маңызды» дейді.

Менің ойымша, ең жоғары объективтілік басқа нәрседен көрінуі керек — заттарды өз атымен атауды үйрену: билік — халыққа қарсы, оппозиция — батылсыз, азаматтық белсенділер — әлсіз немесе батыр. Осыған орай, майдандықтарды тарату үшін ұры-президент жіберген полиция қызметкерлері ісін адал атқарса да, батыр дегуге болмайды. Мұндағы қаһармандар қылмыстық бұйрықты орындайтын полицейлер емес, биліктің өтірігі мен жемқорлығына қарсы шыққандар. Ал әділдік олардың жағында екені сөзсіз.

Мұнда бәрі бағалау критерийіне, дәлірек айтсақ, бастапқы идеологиялық ұстанымға байланысты екені анық. Егер біз Украина өзінің ресейшіл автократиялық, демек, жемқорлық-ұрылар даму векторын сақтап қалуы

керек деп есептейтін болсақ, онда біздің батырларымыз бұзақылар тобын жанқиярлықпен тарқататын «Бүркіт» жауынгерлері.

Бірақ бұрынғы сыбайлас жемқорлық жүйесін жою қажеттігі және елдің еуроинтеграциясының маңыздылығы туралы позицияларды ұстанатын болсақ, біздің батырларымыз Майдандағы қылмыстық билік жіберген қауіпсіздік күштеріне қарсы тұратын азаматтар болады.

Бұл жерде теңестіру таза дихотомиялық, бұлыңғыр емес — не біз Еуропа мен оның демократиялық стандарттары жағында, не Путиннің Ресей жағында және тиісінше «транзиттен» автократия жағында боламыз. Бұл жерде басқалай болуы мүмкін емес.

Мұны түсінбегендер «күрестен жоғары» рөлді ойнай береді. Тек сырттан қарағанда мұз ойығын мен және оның ішінде салбырап жатқан затпен тікелей көріністі еске түсіретінін айтқым келеді.

## XIX тарау

### НЕ ІСТЕУ КЕРЕК?

Миллиондаған адамды мазалайтын ең басты сұрақ — билік басындағылар адам құқықтары мен бостандықтарын көбіне жеке мүдделермен алмастыратын мемлекет мүддесіне тәуелді етсе, не істеу керек?

Осы жағдаймен күресуге тырысайық. Сонымен, сіз өз еліңізде адам құқықтары мен бостандықтары шектеулі екенін түсіндіңіз делік, ал оған қарсы тұру әрекеттері сәтсіздікке ұшырауда. Жағдайдың парадоксы мынада: өз құқықтарыңызды қорғау үшін сіз оларды қорғауға құқығыңыз болуы керек. Бірақ билік сіздің бұл құқықтарыңызды шектегендіктен, сіздің құқығыңызды қорғауға мүмкіндігіңіз жоқ.

Сіз Конституциялық Сотқа бара алмайсыз, себебі ол жойылды. Бұқаралық ақпарат құралдарында өз наразылығыңызды айта алмайсыз — цензура бар. Сіз жиыныңызды ұйымдастыра алмайсыз, өйткені бұл өте күрделі процедура. Сіз сайлауда өз кандидатыңызды ұсына алмайсыз және оған қатысуыңыздың барлығы билік тағайындаған кандидаттарға дауыс беруге құрылған.

Сіз тіпті сотқа жүгіне алмайсыз, себебі соттар сіздің талаптарыңызды қисынсыз негізде қабылдамайды. Осы-

ның бәріне ызаланып, наразылық шеруін де ұйымдастыра алмайсыз, себебі митингке шығатын адамдарыңыз үшін биліктен оған рұқсат ала алмайсыз. Ал рұқсат етілмеген бейбіт митингіге шықсаң, тұрақтылыққа нұқсан келтіретін экстремистерге айналып, митингің тарап, жоқ дегенде әкімшілік, ал ең жаманы қылмыстық жауапкершілікке тартыласың.

Мәселе мынада: барлық саяси «көгалдарға» тыйым салатын белгілер болған жағдайда не істеуге болады?

Жоғарыда біз биліктен шыққан бұл толық тыйымның сипатын анықтадық. Бұл билікке деген құштарлық. Табиғи саяси ротация нәтижесінде биліктен айырылып қалудан қорқып, билік пирамидасының басында тұрған адамдар өздерінің саяси қарсыластарының билікке үміткер болуына кедергі келтіретін демократиялық бостандықтарға әртүрлі шектеулер қоюды ұсынады.

Бірақ бұл теңгенің бір жағы ғана. Нақты айтқанда, елде самодержавиенің үстемдік етуі жеткіліксіз. Автократтың билікке деген ұмтылысы жеткіліксіз. Сондай-ақ, азаматтардың айтарлықтай бөлігі мұнымен келісуі немесе жоқ дегенде, одан айыпты ештеңе көрмеуі керек. Автократияның толыққанды өмір сүруі үшін мемлекет тарапынан бақылау мен тыйым салулар кімге қарсы бағытталғаны адамдар арасында түсіністік табуы принципті түрде маңызды.

Құл өзіне тағылған шынжырларын да, арқасынан соғылған қамшысын да қадір-қасиетін қорлау деп түсінбейді. Бұл ол үшін табиғи жағдай. Бірақ қалаған нанын аз алса, ол бақытсыз болады. Мұқтаж емес азаматтардың құқықтары мен бостандықтары жағдайында да солай.

Саясаттан алыс қарапайым халыққа саяси партия құру құқығы не үшін керек? Олардың сөз бостан-

дығы туралы түсінігі бітпейтін сериалдар, ойын-сауық бағдарламалары мен қызметшіл ресми жаңалықтардан таусылып жатса, БАҚ-тағы цензураның не шаруасы бар? Азаматтық ұстанымы жоқ адамдарға бейбіт жиын өткізу құқығы не үшін керек, олардың түсінігінде митингілер зұлымдық болса. Ал ондай түсініктегі адамдар саяси оппозицияны жағдайды тұрақсыздандыруға тырысатын Батыстың агенттері ретінде қабылдайды. Олар үшін саяси адам құқықтары бұл — пайдасыз, тіпті зиянды абстракцияның бір түрі, егер билік оны жойса немесе шектесе, олар аса қайғырмайды.

Шетелдіктерге тұрмысқа шыққан әйелдерді азаматтықтан айыруды талап етіп жатқан елде қандай адам құқығы туралы айтуға болады? Шетелдік музыкаға, эстрадалық топтардың өнеріне тыйым салуды талап ететін, жүріс-тұрысы, киімі ұнамайтындар айнала-сында көп болса, сол үшін наразылық танытқан қоғамда қандай демократияны сөз етуге болады?

Бұл ретте астана тұрғынының бойжеткен мүсінін шүберекпен орап қойғанын жарқын мысалы ретінде келтіруге болады. Ал оны қолдағандар көп болды. Елестетіп көріңізші, Қазақстан алаңдарында көне мүсіндер болса қандай болар еді! Және бұл қараңғылықтың бір көрінісі ғана емес. Кертартпа көзқарастардың әлеуметтік желілерде қолдау тауып жатқаны алаңдатады, бұл елде қараңғылықтың, надандықтың тұрақты сегментінің бар екенін көрсетеді.

Қазақстандықтардың көпшілігінің «жат» діндерге деген теріс көзқарасы бөлек тақырып. Көптеген адамның түсінігінде бұл деструктивті секталар, олармен күресу керек. Бұл адамдар дәстүрлі емес дінді ұстанушыларға қатысты барлық шектеу шараларын қолдайды.

Әлеуметтік желілер өзгерістерден қорқатын қоғамдық тенденцияның барын көруге мүмкіндік береді. Халықтың едәуір бөлігі кез келген өзгерістерге үзілді-кесілді қарсы, өйткені олар жағдайымыз одан әрі нашарлайды деп қорқады. Сондықтан олар биліктің елдегі қалыптасқан қоғамдық-саяси жағдайды сақтауға бағытталған шектеу және тыйым салу шараларын қолдайды. Осының бәрі азаматтық немқұрайлылық тенденциясының бір түрін көрсетеді, ол тек «соғыс болмаса» деген пәлсапалық сөзбен ақталған биліктің не істеп жатқанымен келісу кеңестік дәстүрінің табиғи жалғасы болып табылады.

Тыйым салулар мен шектеулер саясатына деген әлеуметтік сұраныс шын мәнінде қоғамнан туындайды. Билік басындағылар мұны сезініп, мұндай сезімдерді ең алдымен саяси құқықтар мен бостандықтарды шектеу үшін пайдаланады. Дәстүрліліктің күшті толқыны, архаизм мен қараңғылықтың жарқылы, олардың саяси құқықтарына немқұрайлылық, сонымен қатар азаматтық немқұрайлылықтың жалпы атмосферасы — мұның бәрі билікке құқықтар мен бостандықтардың бұранда-ларын қатайтуға шектеусіз мүмкіндік береді.

Шындығында, қазақстандық авторитаризм — өздерін тек бағынышты, бағынуға дағдыланған, бірақ талап қоюға дайын емес азаматтар ретінде ғана қабылдайтын қазақстандықтардың көбісінің идеологиялық басымдығының жемісі. Авторитаризмді Назарбаев ойлап тапқан жоқ, оны билік «транзиттік демократия» деп өздеріне ыңғайлы етіп халықтың үйренген етін қалыптастырды.

«Халықтық авторитаризмнің» осы ерекшелігін түсіну қазақстандықтарға Майданның шындығын сал-

мақты әрі сауатты бағалауға мүмкіндік береді. Бұл осындай идеологиялық жағдайда он мыңдаған азаматтарды көшеге шығарып, билікке өз талаптарын айта бастайды деп ойлайтындарға салқынын тигізуі керек. Өкінішке қарай, қазіргі жағдайда қарап мұндай болжам жасау өте қиын.

Азаматтық қоғамның жетілу деңгейі, оның белсенділігі, саяси кемелдігі мен ұйымшылдығы ел өміріндегі автократиялық тенденцияларға елеулі қарсылықты жоққа шығарады.

Міне, біз осылайша «Не істеу керек?» деген сұраққа жауап табамыз.

Мәселе мынада, мұндай жағдайда елдегі жағдай Майдандар мен төңкерістерге апармай өзгере бастауы үшін не істеу керек?

Бұл мәселе теориялық тұрғыдан шешіледі. Ал ол саяси ағарту бағдарламасы мен қазақстандықтарды идеологиялық сипатта қайта құру арқылы шешіледі. Міндет қарапайым және сонымен бірге қиын — қазақстандықтарға демократиялық реформаларды жүзеге асыру елдегі жағдайды әлеуметтік-экономикалық жағдайы мен адам құқықтарын сақтау тұрғысынан өзгертудің бірден-бір нақты жолы екеніне сендіру. Расында, бұл қазақстандық қоғамның идеологиялық көзқарасын соңғы 15 жылда Ақорда мен Кремль БАҚ-тары тығып қойған автократиялық ақымақтықтан азаматтардың «ақымақ ету» арқылы қоғамдық сананы өзгертуге бағытталған жұмыс.

Яғни, халықтың идеологиялық көзқарасын өзгертуден бастау керек. Бүгінгі халықтың басым бөлігінің дүниетанымы — елде демократия құру мүмкін емес. Қазіргі саяси тәртіп және сәйкесінше адам құқықта-



рын қабылдау қазақстандықтардың көпшілігінің саяси қалауларының көрінісі болып табылады. Жалпы, бұл көпшілікке басқа қоғам қажет емес. Әрине, бұл көпшіліктің де билікке реніштері бар. Бірақ құқықтар мен бостандықтарды шектеу тұрғысынан емес, жалақы мөлшері, баға мен коммуналдық қызметтер деңгейі бойынша ғана реніштері болуы мүмкін. Адамдар берілген тамақ мөлшерінің бөліну принципіне емес, көлеміне қарай ашуланады. Мәселенің негізгі түйіні де — осында.

Сонымен қатар, елімізде құқықтар мен бостандықтарсыз әлеуметтік те, экономикалық та мәселелердің шешілмейтінін қазірдің өзінде адамдардың шамамен 15-20 пайызы жақсы түсінеді. Бұл демократиялық үрдіс. Бірақ мұндай адамдар аз. Олар ұйымдаспаған, үрейленген және біртұтас емес қауым.

Міне, бірінші міндет — демократияға идеологиялық тұрғыдан әбден піскен адамдарды топтастыру. Тапсырма қарапайым — адамдар бір-бірінің қолдауын, арқасын сезінуі керек. Бұл оқиғалардың дүбірінде адаспауға, бір жұдырық болатынын сезінуге мүмкіндік береді, өзіңіздің қабілеттеріңізге сенім ұялатады, маңызды және қажетті процестің бір бөлігі ретінде сезінуге мүмкіндік береді.

Екінші міндет — қазақстандықтарды барынша демократиялық «сенімге» келтіру. Мен мұны адам сапасының нақтылануы деп атаймын. Мемлекет мүдделерінің басымдығынан бас тартуды және адам құқықтары мен бостандықтарын құрметтеуді мемлекеттік саясаттың негізгі қағидаты ретінде қабылдауды білдіретін адамдардың идеологиялық көзқарастарын өзгерту қажет.

Бұл ең қиын жұмыс, шынын айтсам, Қазақстанда оны әлі ешкім атқармаған. Мүмкін, кейбір қоғамдық ұй-

ымдар біраз шаруалар атқарған да шығар, бірақ соншалықты маңызды емес және жалпыұлттық ауқымда емес.

Соңғы 30 жылда көптеген қазақстандықтардың миын фильмдерімен жаулаған Голливудтың бұл салада табысы әлдеқайда көп. Осы орайда адамдардың шетелге сапарға шығуы өте тиімді. Демократиялық елдерге барып, өзінен жақсырақ өмір сүргендерді көру арқылы елдегі өмірді мүлде басқа дүниетаныммен, қабылдаумен оралады.

Идеологиялық бағыттардың өзгеруіне белгілі бір үлесті халықтың наразылығын тудыратын және топас заңдарды қабылдайтын биліктің қарапайым саясаты қосуда. Бұл билікке деген жалпы сыни көзқарасты қалыптастырып, болашақ наразылық акцияларына жол ашады.

Мұның бәрі демократиялық бағытты қалыптастыруға бағытталған объективті процестер, олар елдегі жағдайға белсенді әсер ету үшін барған сайын маңыздырақ болуы керек.

Бірақ бұл жеткіліксіз. Бізге мыңдаған белсенділердің күш-жігері қажет, олар демократияны қамтамасыз етушілер ретінде айналасындағы адамдарды өздерінің «демократиялық сеніміне» «қайта оралуына» жол бастайды. Бүгінде бұл жұмыс өз елін демократиялық, азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын құрметтейтін үкіметі бар ел ретінде көргісі келетіндерге арналған. Олар бар және олар өте көп.

Не істеу керек? Демократия үшін атқарылатын жұмыс нақты қалай көрінуі керек? Қазақстанда дәстүрлі түрде мұндай жұмыстың өзегі билік пен олардың жақтастарын сынау және мүмкіндігінше тікелей қарсы тұру, үгіт, митингілер, шерулер өткізу және басқа да наразылық акциялары болуы керек деп есептелген.

Бірақ мұның бәрі сіз тыйым салатын заңдарға бағынбайтын елдерде мүмкін. Бүгінде Қазақстанда қарсылық көрсету деңгейі нөлге түсіп кеткен. Митингіге қатысатындар үйлерінен шықпай жатып-ақ ұсталып жатыр. Биліктің жандайшаптары кез келген қоғамдық үгіттің жолын кесіп, жауапқа тартады. Билікті сынайтын БАҚ қатты қысымға ұшырауда. Режимге қарсылығын тым ашық көрсеткен белсенділер қудаланады.

Мұндай жағдайда адам құқықтарын толық қорғау және авторитаризмге қарсы тұру тұрғысынан жұмысты ұйымдастыру қиын. Осыдан барып демократия үшін жұмыс істеуге деген көзқарасты өзгерту міндеті туындайды. Билікке қарсы тұруға мүмкіндік болмаған жағдайда, демократиялық Қазақстанның барлық жақтастарының күш-жігерін басқаша жұмыс істеуге қайта бағыттау қажет.

Бізге стратегияны өзгерту керек. Азаматтық белсенділердің күш-жігерінсіз-ақ қоғам алдында беделін түсіріп жатқан билікпен күресуді доғарыңыз. Ешқандай араласудың қажеті жоқ: билік басындағы адамдардың қарапайымдылығы мен кәсіпқойлығының жоқтығы оған деген теріс көзқарасты және соның салдарынан бас тартуды тудырады.

Басты назарды Кремль-Ақорда үгіт-насихаттарынан тура мағынада тазартуды қажет ететін қарапайым халықпен идеологиялық жұмыс жүргізу керек. Басты міндет — оларды демократиялық құндылықтардың жақтастары, тиісінше, кез келген самодержавиенің бітіспес қарсыласы ету керек.

Бұл келеңсіздіктің демократиялық үлгілер бойынша жүзеге асуы өте маңызды. Оның экстремистік заң мазмұнында дамуына жол беруге болмайды. Ал бұл

адамдармен табанды, тынымсыз ЖЕКЕ жұмыс істеуді қажет етеді. Бізге демократияны жақтайтын кадрларды жасақтайтын жүздеген, мыңдаған шағын «қаңқалар» керек.

Күн сайын, таңертең және кешке, үйде, жұмыста, темекі шегетін бөлмелерде, ас үйде, көлікте мүмкіндігінше басқаларға адам құқығын құрметтеуге негізделген өмірдің артықшылықтарын табанды түрде түсіндіру керек. Жалықтырмайтын, қажырлы және мақсатты түрде жүргізілуі керек. Революциялық пафоссыз, өмірден нақты мысалдар келтіре отырып жасалуы керек. Толқусыз және баррикадаларға шақырусыз, бірақ жағдайды өзгертуге бағытталған болуы керек. Бұл болашаққа, ертеңге арналған жұмыс.

Айтпақшы, мұның бәрі заң аясында және мүлдем қауіпсіз жүргізілуге тиіс. Мұндай жұмысқа ешбір үкімет те, арнайы қызмет те, полиция да араласа алмайды.

Мұны кім істеу керек? Жауабы жоқ сұрақ. Қазақстанды отаны санайтын және оны демократиялық өркениетті елдер қатарынан көргісі келетіндер жүзеге асыруы керек. Ел осындай жандарға толы. Олар бағдарсыз қалған, көбісі шексіз биліктің басталуы мен ашық архаизм мен қараңғылықтың қайталану жағдайында рухы түскен.

Бұл ретте елден кететіндерді де шеттетудің қажеті жоқ. Әдетте, олар өз шексіз биліктің және онымен бірге жүретін заңсыздықтың қарсыластары болып табылады. Олардың батыстық демократиялық құндылықтарға бағытталғаны маңызды, яғни олар демократияның әлеуетті жеткізушілері болып табылады. Олар саяси жабайылық пен мәдени архаизмге қарсы тұрудан шаршады. Көпшілігі қолдаушыларынан айырылды және ол түсінікті де.

Бұл Қазақстан бастан кешіп отырған либерал-демократиялық үрдістің уақытша дағдарысы. Осыны еңсеріп, елдегі авторитаризм уақытша құбылыс, оның қанша уақытқа созылатыны толығымен өзіне байланысты деген сенімді халыққа қайтару керек. Адамдарда ішкі келіспеушілік процесін бастау маңызды, адамдар өздеріне сәйкес келмейтін нәрсемен келіспеуді үйренуі керек.

Бірінші қадам — олар қарсылығын дауыстап айтуды үйренуі керек. Әйелі, досы, ата-анасы, әріптестеріне, содан кейін көршілерге, алыстағы туыстарға, кездейсоқ таныстарыңызға келіспейтіндігіңізді көрсетіңіз. Келіспеушілікті өз ішінде ұстау мүмкін емес, ол наразылық қозғалысының құралына айналуы керек. Бұл олардың ортасының да өзгере бастайтынының кепілі. Сосын көшкін сияқты, күтпеген тұстан құлатуы мүмкін.

Демек, демократиялық бағытқа бет бұрғандардың барлығының міндеті — мүмкіндігінше ынта-жігеріне қарай қатыса отырып, осы процесті жан-жақты дамыту. Үйде, жұмыста, демалыста, қоғамдық жұмыстарда барлық жерде.

Билікті өзгерту, елді реформалау және қоғамды қайта құру бойынша өз алдына жаһандық міндеттер қоюдың қажеті жоқ. Демократияның жеңісі үшін демократиялық бағытты ұстанатын сол 15 пайыздың әрқайсысы өзінің жақын ортасында 2-3 адамға «демократиялық сенімді» егуі керек.

Армандауға болмай ма? Елестетіп көріңізші, осы 15 пайыздың әрқайсысы тек үш адамның — айталық, оның отбасы мүшелерінің бірінің, көршісінің және әріптесінің идеологиялық көзқарасын өзгерте алады. Бір жылда үшеу ғана. Қарапайым есеп көрсеткендей, бұл бір

жылдан кейін елдегі демократиялық үрдіс қазірдің өзінде халықтың 60 пайызын құрайтын болады. Яғни, елдегі көпшілік жағдайды бүгінгіден басқаша бағалайды. Бұл революция емес пе? Есіңізде болсын, бейбіт, идеологиялық, ешқандай зорлық-зомбылықсыз және ешбір қарусыз.

Егер бұл шын мәнінде орын алса, бұл шынымен де қоғамдық сананың төңкерісі болар еді, бұл қайтымсыз саяси өзгерістерге әкелетін еді. Билік азаматтардың көпшілігінің олардың саяси бағытын құптамайтындығына реакция жасауға мәжбүр болады. Бұл оларды ымыраға келуге және көпшіліктің қоғамдық пікірімен санасуға мәжбүрлейді.

Билік халықтың көпшілігінің пікірін елемейтін болса, мүлде басқа революцияға ұшырау қаупі бар. Ал біз мұны Югославия, Грузия, Молдова және Украина мысалында көрдік.

Өзімізге сұрақ қойып көрейік: қазіргі жағдайда мұндай сценарий қаншалықты шынайы? Басқаларға «сенім» егудің жобасы анық: нақты өмірде мұны жүзеге асыру мүмкін емес, әсіресе мұндай уақыт шеңберінде. Дегенмен, елде халықпен байланысудың басқа жолдары жоқ. Осы бағытта — жеке, яғни әрбір жеке адаммен жұмыс істеу керек болады.

Дәлірек айтқанда, бұл жаңалық емес, діни конфессиялардың миссионерлері осылай жұмыс істейді. Айтпақшы, олардың жақсы нәтижелері бар. Сондықтан жалғыз сұрақ — мұны істейтін біреу бар және нәтиже анық болады.

Өте маңызды мәселе — көрсетілген жұмысты орындау үшін көрсетілген 15 пайыз демократиялық трендтен әлеуетті провайдерлерді қалай шығаруға болады? Ол үшін

мотивация не болуы керек? Мен оған толық жауап беруге дайын емеспін, бірақ бұл демократиялық бағыттың елеусіз бір бөлігі әрқашан билікпен тікелей қарсыласуға емес, айналадағы адамдардың санасын өзгертуге баса назар аударып, осы бағытта жұмыс істегенін анық білемін.

Олар Герольд Бельгер, Евгений Жовтис, Ермек Тұрсынов, Болат Атабаев, Нұрлан Төреханов сияқты белгілі қоғам қайраткерлері.

Сонымен қатар, демократиялық бағыттағы блогерлердің әсерлі сегменті, олар өздерінің күнделікті жазбаларымен бүгінгі таңда Қазақстандағы либералдық кадрлардың ең маңызды тірегі болып табылатын Facebook-тің қазақстандық сегментінің либерал-демократиялық үрдісін қолдайды.

Халықтың ортасында өмір сүріп, билікті сынап, елде болып жатқан оқиғаларды түсіндіру арқылы айналадағы адамдардың шындыққа сыни көзқарасын қалыптастыратын қарапайым қоғам қайраткерлерінің де атқарып жатқан жұмыстары аз емес.

Бұған билікпен көп тартыспай-ақ, адам құқықтарын сақтау бойынша өз міндеттерін орындай алмай отыр деп сынайтын қазақстандық құқық қорғаушылардың жұмысы да бар.

Сондықтан бұл форматтағы жұмыс әрқашан жүргізіліп келеді. Мәселе мынада, бұл демократиялық бағыттың қазақстандық қоғамдық санасында «бақылау құқығын» қамтамасыз ету үшін жеткіліксіз. Қосымша күш-жігер қажет, демократияға бағытталғандардың барлығын белсендіре алатын серпін қажет.

Тәжірибе көрсеткендей, бұл әдеттегі форматта жұмыс істемейді: адамдардың инерциясы, олардың қорқыныштары мен өмір сүру мәселелерімен айналысуы оларға

адамдарды мұндай жұмысқа жұмылдыруға мүмкіндік бермейді.

Елде күтпеген жағдай болған кезде бәрі өзгереді. Бұл қоғамға бір түрлі сілкініс береді. Бұл биліктің кейбір ұнамсыз әрекеттері немесе билік ішіндегі текетіреске байланысты оқиғалар болуы мүмкін. Бұл тұрмыс жағдайына қанағаттанбаған жұмысшылардың ашулы наразылықтарының импульсі болуы мүмкін.

Бұған қоғам қалай қарайды деген сұрақ туындайды. Ал мұнда бәрі билікке деген сыни көзқарас деңгейінде. Билікке деген жағымсыздық ауқымды емес елдерде кез келген нәрсе — үкіметтегі жемқорлық мәселесі, жерді шетелдіктерге сатуға рұқсат беретін Жер кодексінің қабылдануы немесе уақытша тіркеудің енгізілуі түрткі болуы мүмкін.

КСРО-ның ыдырауы билікке деген сенімнің төмендеуінен басталғанын есте сақтаңыз. Кеңестік партия басшылығын келемеждейтін күлдіргі әзілдер Кеңес үкіметі мен оның басшылығына деген теріс көзқарастың деңгейін айқын көрсетті. Биліктен келгеннің бәріне сыни көзқарас — қоғамның биліктен шаршағанының маңызды көрсеткіштерінің бірі. Бұл жағдайда кез келген нәрсе ыдырауға себеп болуы мүмкін.

Бұл сылтау қоғамның үлкен бөлігіне жабысып қалғаны маңызды: «ажырасуға» әлдеқашан пісіп-жетілгендер де, оған әлі де күмәнданатындар және оны қаламайтындар барады. Осыған байланысты «талақ» бола ма, әлде қоғам мен билік мәселені отбасылық жолмен — келесі жанжалға дейін шеше ала ма, мәселе осында.

Қазақстандық нұсқада билік әлі де өз мүдделерінің кепілі ретінде Назарбаевқа жабысқан қазақстандық қоғамның үш сегменті түріндегі қауіпсіздік шегіне ие.



Бірінші сегмент — мұны қазақ ұлтшылдығына қарсы қорғаныс ретінде қарастыратындар. Екіншісі — оның кетуі биліктің бөлінуіне және мүлікті қайта бөлуге, сәйкесінше елдегі тұрақсыздыққа әкеліп соғады деп қорқатындар. Ал, сайып келгенде, қоғамдық пікірдің үшінші сегменті — оның кетуі Қазақстанның тәуелсіздігі жойылып, елдің Ресейге енуіне әкеліп соғады деп қауіптенетіндер.

Бұл бір-біріне қайшы келетін сезімдер режимді қолдаудың әлеуметтік негізін құрайды. Шексіз биліктің қызметіндегі үш басты айдахардың бір түрі. Менің есебім бойынша, бұл халықтың шамамен 50-60 пайызын құрайды. Әрине, мен қателесуім мүмкін, бірақ кез келген жағдайда қауіпсіздік шегі бар және іс жүзінде бұл Қазақстандағы демократиялық реформаларды жақтаушылар үшін қазіргі проблеманы анықтайды.

Мәселе кейбір мүдделеріне немесе қорқыныштарына байланысты «көгалда жүруге» тыйым салатындарды қолдайтын адамдарда. Олар бұл тыйымдардың сандырақ екенін, жабайылығын көрмейді. Бұл «көгалда» жүруге тыйым салатындардың сандырағы барлығына айқын болуын қамтамасыз ету өте маңызды дегенді білдіреді.

Тактиканы өзгерту қажет. Полиция қызметкерлері, прокурорлар мен судьялар, кей жерлерде арнайы күзет тыйым салатын заңдар «шарбағымен» қоршалған «көгалда» жүрудің қажеті жоқ. Күзетсін, мейлі! Ең алдымен, адамдарға «көгалдарда жүруге» тыйым салу қисынсыздығын көрсету маңызды. Адамдар бұл тыйымдарды мойындаған жағдайда өзін бүгінгі заманға сәйкес еместігін ұғыну қажет. Өркениетті елдердің тәжірибесін пайдалана отырып, қоғамға «көгалда жүрмеу» ұят екенін, бұған

кедергі келтіретін кез келген адамның саяси надандығы күлкілі және бұл масқара жағдай екенін түсіндіру керек.

Сонымен, міндет қаншалықты қарапайым болса да, соншалықты қиын — азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын шектейтін кез келген әрекет, соның ішінде тиісті заңдарды қабылдау арқылы да қоғам тарапынан келеке-мазақ туғызатын қоғамдық пікірді қалыптастыру қажет. Я болмаса, жалпы наразылық танытылуы керек.

Мұның өзі биліктің адам құқықтарын шектеу жолына түсуіне тосқауыл қоюына кедергі болатыны анық, сонымен қатар бұл азаматтық қоғамды топтастырудың сенімді жолы болмақ. Ақымақ заңдар шығарып, азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын шектеуге тырысатындарға күлуден асқан біріктіретін ештеңе жоқ. Егер біз бұл қисынсыз тыйымдарға тоқтау салғымыз келсе, алдымен оған күлуді үйренуіміз керек. Күлгенде де, барлығымыз бірге, дауыстап күлуді үйренуіміз қажет.

# Сергей Дуванов

## КӨГАЛДЫ БАСУҒА БОЛАДЫ!

*Аударма:* Камила Енсегенова

*Редактор:* Назира Дарімбет

*Суреттеу:* Жанель Шахан

*Беттеу:* Ника Боголюбова



Norwegian  
Helsinki Committee

**Кітап Норвегиялық Хельсинки комитеті  
қолдауымен аударылып, бысылымға шықты.**



**Қазақстанның Жастар  
Ақпараттық Қызметі**

*тел:* +7 777 669 65 00

*e-mail:* [misk.info@gmail.com](mailto:misk.info@gmail.com)

*website:* [www.misk.org.kz](http://www.misk.org.kz)

*instagram:* [misk\\_kz](https://www.instagram.com/misk_kz)



## Дуванов Сергей Владимирович

қазақ журналисті,  
публицист, адам құқығын  
қорғаушы

Сергей Дуванов Адам құқықтары жөніндегі Халықаралық лиганың марапатын, сондай-ақ журналистика саласындағы Лоренцо Натали сыйлығын иеленген.

Қазіргі уақытта «Қазақстандағы және әлемдегі адам құқығы» Адам құқықтары және заңдылықты сақтау жөніндегі Қазақстан халықаралық бюросының бюллетенінде редактор болып жұмыс істейді, мақалалар жазады, «Политон» онлайн клубын жүргізеді.